

Alikhan Bokeikhan University

**Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің
ғылыми еңбектерінің халықаралық жинағы**

**Международный сборник научных трудов молодых ученых,
докторантов, магистрантов и студентов**

**International collection of scientific papers of young scientists, doctoral
students, undergraduates and students**



**ALIKHAN BOKEIKHAN
UNIVERSITY**

Семей, 2024

УДК 001
ББК 72
Ж 33

Под общей редакцией Курманбаевой Ш.А.
Выпускающий редактор Егежанова Д.Р.

Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің ғылыми еңбектерінің халықаралық жинағы / Ш.А. Құрманбаева ғыл. ред. негізінде – Семей: Alikhan Bokeikhan University, 2024. - №23- 107 б.

Международный сборник научных трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и студентов / под науч. ред. Ш.А. Курманбаевой. – Семей: Alikhan Bokeikhan University, 2024 -№23–107 с.

International collection of scientific papers of young scientists, doctoral students, undergraduates and students / under scientific. Ed. Sh.A. Kurmanbayeva. - Semey: Alikhan Bokeikhan University, 2024. -№23–107 p.

ISBN 978-601-08-4680-7

Халықаралық жинақта Қазақстан Республикасы мен жақын шет елдердің жоғары оқу орындары мен колледждерінің жас ғалымдары, докторанттары, магистранттары және студенттерінің мақалалары ұсынылады. Жинақ инновациялық ғылымның өзекті мәселелері бойынша аса өзекті еңбектерді қамтыған. Жинақ ғылым қызметімен айналысқан кең көлемді оқырмандарға қызықты болады, әсіресе жас ғалымдарға, докторанттарға, магистранттарға және студенттерге қызықты.

В международном сборнике представлены научные статьи молодых ученых, докторантов, магистрантов и студентов высших учебных заведений и колледжей Республики Казахстан и стран ближнего зарубежья. Сборник содержит наиболее актуальные труды по актуальным вопросам инновационной науки. Сборник будет интересен широкому кругу читателей занимающихся научной деятельностью, особенно молодым ученым, докторантам, магистрантам и студентам.

The international collection contains scientific articles of young scientists, doctoral students, undergraduates and students of higher educational institutions and colleges of the Republic of Kazakhstan and the countries of the near abroad. The collection contains the most relevant works on topical issues of innovative science. The collection will be of interest to a wide range of readers engaged in scientific work, especially young scientists, doctoral students, undergraduates and students.

УДК 001
ББК 72

ISBN 978-601-08-4680-7

© Alikhan Bokeikhan University, 2024

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

1	Апендина Г.Қ., Қуаныш У.Қ. Ақыл-ойы кем балаларға білім беру маңыздылығы.....	6
2	Жапарова Г.С. Педагогтердің психологиялық денсаулығының ерекшеліктері.....	9
3	Зекенғалиева Д.М. Влияние доминирующих черт личности руководителя на психологический климат в коллективе.....	12
4	Измуканова А.С. Аддикция және аддиктивті мінез-құлық.....	15
5	Нартбаева Х.С. Жалған бульбарлы дизартриясы бар балалардың ұсақ және артикуляциялық моторикасының ерекшеліктері мен сипаттамасы.....	19
6	Садыкова А.Ж. Применение метакогнитивных навыков на уроках биологии.....	23
7	Толыбек Қ.Ә. Аутизмнің ғылыми теориялық негіздері.....	26

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

1	Амиргалин Д.Н. Цифровые финансовые активы как объекты гражданского права.....	32
2	Аскарова Д.А. Международный опыт правового регулирования вопросов ответственности родителей за ненадлежащее воспитание детей.....	34
3	Даутова М.Б. Реформирование системы здравоохранения Республики Казахстан 1990 – 2000.....	37
4	Құрбанова А.Ғ. Коммерциялық құпияның еңбек-құқықтық аспектілері.....	41
5	Сейсенов Д.Е., Айдарова А.А. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтардың қайта әлеуметтендірудің маңызы.....	44

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

1	Абдыханова Б.А., Садырбекова З. Е. FACILITATING EFFECTIVE SITUATIONAL SPEAKING TASKS: A STUDY ON THE TEACHER'S ROLE.....	49
2	Баянбат Ж., Абиқенова Г.Т. Көркем шығармалардағы тілдік бірліктердің ақпараттылығы.....	53
3	Ертаева Н.М., Абиқенова Г.Т. Грамматикалық мағына берудің тәсілдері мен жолдары.....	57
4	Кабышева А.Б. Культурологический и страноведческий аспект в обучении иностранному языку (сравнительное исследование речевого поведения на основе произведений казахской и английской литературы).....	62
5	Қандарбекова Б.Қ., Жукенова А.Ж. Функциональная грамматика как основа изучения универсальных категорий языка.....	65
6	Maratova A. M., Akkalieva A. “INVESTIGATING LANGUAGE ERRORS IN MIDDLE SCHOOL STUDENTS (GRADES 5-7)”.....	69

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

1	Жұматаев М. Инновацияның әсері өңірлік экономиканы дамытуға арналған технологиялар.....	73
2	Қусаинова А.Б. Разработка инновационной стратегии для предприятий хлебобулочного производства области Абай.....	76

3	Мансуров Д.Б., Орынбасарова А.А. Цифровые системы безналичных платежей.....	80
4	Нәбиев Ж.Ж. Инновациялардың ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсері....	84
5	Нуранова А.Т., Шойбакова Е.О. Имидж организации как фактор повышения эффективности её деятельности и конкурентоспособности.....	87

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

1	Ергалиева Г.С. Разработка автоматизированной системы перевода с кириллицы на латиницу на платформе ANDROID.....	92
---	--	----

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

1	Кендырканова А.А. Тарихи білім беру үдерісіндегі мультимедиалық технологияларды қолданудың ерекшелігі.....	95
2	Нуканова Д.О. Абай Құнанбаевтың тарихи көзқарастары.....	99
3	Тұрысбекова Е. Қ. Семей уезінің тарихы және оқыту әдістемесі.....	103

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК-371

Апендина Гульмира Қабдрахмановна,
Қуаныш Улан Қуанышұлы
Alikhan Bokeyhan University, Семей қаласы, «Педагогика және психология»
I курс докторанттары

АҚЫЛ-ОЙЫ КЕМ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бұл мақалада ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының қалыпты және патологиялық нұсқаларының заңдылықтары туралы айтылады. Қазіргі білім беру жүйесінде ақыл-ойы бұзылған балаларды түзету-дамыта оқыту мен тәрбиелеудің ұйымдастырушылық нысандары туралы ақпарат қамтылған.

Түйін сөздер: даму кемістігі бар балалар, орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы, арнайы білім беру, білім беру құралдарымен кешенді оңалту, зерде бұзылысы.

В данной статье речь пойдет о закономерностях нормального и патологического вариантов психического развития детей раннего и дошкольного возраста. В современной системе образования содержится информация об организационных формах коррекционно-развивающего обучения и воспитания детей с психическими расстройствами.

Ключевые слова: дети с нарушениями развития, органическое поражение центральной нервной системы, специальное образование, комплексная реабилитация средствами образования, нарушение интеллекта.

In this article will focus on the patterns of normal and pathological variants of mental development of children of early and preschool age. The modern education system contains information about the organizational forms of correctional and developmental education and upbringing of children with mental disorders.

Key words: children with development disorders, organic lesion of central nervous system, special education, comprehensive rehabilitation by means of education, cognitive development disorder.

Психикалық дамуды диагностикалауға клиникалық көзқараспен үш диагностикалық критерий анықталды: ақыл-ой кемістігі үшін (Г. Е. Сухареваның айтуы бойынша, 1955): клиникалық (мидың органикалық зақымдануының болуы; психологиялық (танымдық белсенділіктің тұрақты бұзылуы); педагогикалық (оқудың төмендігі және мектептегі тұрақты үлгерімсіздік). "Ақыл-ойдың артта қалуы" ұғымы арнайы психологияда мидың органикалық зақымдануының нәтижесінде пайда болған танымдық белсенділіктің тұрақты бұзылуын білдіреді. Маңызды белгі-ақыл-ойдың жоғары формаларының дамымауы іс-әрекеті, дерексіз ойлау, білім беру ұғымдары, жалпылаудың төмен деңгейі.

ҚР хаттамасы бойынша ақыл-ой кемістігі: F-70 жеңіл ақыл-ой кемістігі, F-71 орташа ақыл-ой кемістігі, F-72 ауыр ақыл-ой кемістігі, F-73 терең ақыл-ой кемістігі, F-78 басқа ақыл-ой кемістігі, F-79 анықталмаған ақыл-ой кемістігі болып бөлінеді[1].

Белгілі ғалым Л. С. Выготский еңбектерінде жоғары психикалық функциялар — есте сақтаудың, ойлаудың, мінез — құлықтың жоғары формалары биологиялық емес, әлеуметтік даму жетілуінің өнімі. Бірақ, ақыл-ой кемістігі бар балалардың жоғарғы психикалық функцияның дамуы, ядролық белгілерімен шектеулі. Барлық жаңаша затқа нашар сезімталдық, жеткіліксіз танымдық іс-әрекет, бағдарлық әлсіздік іс-әрекеті – ядролық белгі, мидың үлкен жарты шарларының шартты емес кемшілігімен байланысақандықтан.

Отбасында баланы дұрыс тәрбиелемеу, дені сау балаларға арналған тәрбие әдістері, олар өрескел, қайталама ауытқулардың көзі бола алады. Сондықтан қайталама сипаттамалық және жалған компенсаторлардың мектепке дейінгі жаста алдын алу қажет. Адамның іс әрекетін және адамның мінез құлқын игеру процесінде бала қажетті психикалық қасиеттер мен жеке қасиеттерге ие болады [2-3].

Бастапқы бұзылулар (биологиялық фактор) өмірдің алғашқы күндерінен бастап ақыл-есі кем баланың дамуына әсер етеді. Ақыл-ойы кем баланың объективті әрекеттері бар заттық іс-әрекеті өздігінен дұрыс қалыптаспайды, заттық әлемге деген қызығушылық өте төмен, қысқа мерзімді болып қалады. "Бұл не?" деген бағдар балаларда ұзақ уақыт болмайды. Мақсатты түзету әсерінсіз балалар өмірінің 3-4 жасында балалар іс-әрекетінің нақты түрлерінде, әлеуметтік мінез-құлықты да игермейді. Зерде бұзылған жас балаларда қабылдау, ойлау және сөйлеуді дамыту өте төмен деңгейде болады.

Осылайша, мектепке дейінгі жастағы ақыл-ойы кем бала, арнайы түзету жұмыстарынсыз, психологиялық дамуда маңызды екі этапты жіберіп алады, олар: заттық іс-әрекет және басқа адамдармен қарым-қатынас. Бұл бала ересектермен де, құрдастарымен де аз байланыста, ол сюжеттік ойынға немесе басқа адамдармен бірлескен іс-әрекетке кірмейді. Мұның бәрі балалардың әлеуметтік тәжірибесінің жинақталуына және жоғары психикалық функциялардың дамуына әсер етеді — қабылдау, ойлау, ерікті есте сақтау, сөйлеу, қиял, өзін-өзі тану, ерік.

Ақыл-ойы бұзылған балаларда сөйлеуді дамытудағы артта қалу нәресте жасынан басталады. Ақыл-ойы бұзылған балалардың көпшілігінде былдырлау болмайды немесе кеш пайда болады, ал алғашқы сөздер белсенді сөйлеуде-екі жастан кейін. Фразалық сөйлеу балаларды үш жастан кейін қолдана бастайды. Алғашқы сөздер мен фразалық сөйлеу арасындағы интервал қалыпты дамуы бар балаларға қарағанда ұзағырақ. Ақыл -ойы кем балаларда сөйлеу қабілеті басым бұзушылықтар семантикалық (мағыналық) ақау болып табылады, оған сөйлеу әрекетінің операциялары қалыптаспаған: мотивацияның әлсіздігі, сөйлеу қарым-қатынасына қажеттіліктің төмендеуі, ішкі сөйлеу әрекеттерін құру бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ сөйлеуді бақылау [5, 6]. Алайда, ақыл-ойы бұзылған баланың психикалық даму тенденциялары мен дәйектілігі қалыпты дамып келе жатқан балаға сай сияқты. Кейбір бұзушылықтар-заттық әрекеттерді игерудегі артта қалу, сөйлеуді дамытудағы ауытқу және танымдық мүмкіндіктердің төмендеуі — негізінен екінші сипатқа ие.

Уақтылы дұрыс тәрбиені ұйымдастыру және түзету-педагогикалық әсердің ерте басталуы, балалардағы дамудың көптеген ауытқуларын түзетуге және тіпті алдын-ала болжауға мүмкіндік береді.

Ақыл-ой дамуындағы ауытқулары бар балаға көмек көрсету неден басталады?

Егер психикалық ауытқуларға күдік болса, орталық жүйке жүйесі зақымданған баланың дамуы үшін, дәрігер ата-аналарды оның психикалық даму деңгейін тексеруге бағыттауы керек, оны педагог-дефектологтар жүзеге асырады және арнайы педагог-психологтар. Бұл түрі ата-аналар психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу орталықтарында, сондай-ақ психолого-медициналық-педагогикалық орталықтарда немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларда (ПМПК) кеңес ала алады [4]. Балада ауытқулар болған жағдайларда танымдық даму жолдарын анықтау қажет, баламен түзету-педагогикалық жұмыс және оның ата-анасына педагогикалық қолдау көрсету керек. Түзету-педагогикалық жұмыстың дұрыс жолдарын анықтау үшін мамандар дамудағы бастапқы бұзылулар мен қайталама ауытқулардың ауырлығының сипаты мен дәрежесін зерттейді. Ол үшін кешенді тәсілдер қолданылады, баланың даму ерекшеліктерін жан-жақты тексеру және бағалау тәсілі: есту, көру жағдайы, қозғалыс саласы, соматикалық жағдайы; танымдық іс-әрекеттің, мінез-құлықтың даму ерекшеліктері, эмоционалды күй жағдайы.

Психологиялық-педагогикалық дамудың ауытқу нұсқаларының диагностикасы: баланы бақылау, даму тарихын зерттеу, әңгімелесу, тестілеу, сауалнама, проективті әдістер, графикалық әдістер, диагностикалық тәжірибе.

Диагностикалық оқыту тәжірибесі-бұл баланың жаңа білімді игеруге, шешім қабылдау тәсілдерін дамытуға әлеуетті қабілеттерін анықтау арқылы интеллектуалды дамуды немесе ақыл-ой белсенділігінің жекелеген компоненттерін бағалаудың эксперименттік әдісі. Диагностикалық оқыту келесідей қолданылады, психикалық қызметтің маңызды сипаттамасын анықтау әдісі, атап айтқанда әлеуетті зерттеу оның танымдық саласының мүмкіндіктері және баланың ең жақын даму аймағын зерттеу қажеттілігі ретінде анықтау болып табылады [7].

Айта кету керек, психологиялық зерттеу — бастапқы бұзылуларды, қайталама әлеуметтік ауытқуларды анықтау мақсатында кешенді клиникалық және психологиялық педагогикалық тексерудің құрамдас бөлігі және олардың ауырлық дәрежесінің анықтамасы.[4-8]. Бұзушылық құрылымы мен дәрежесін нақтылау мақсатында оның айқындылығын психологиялық-педагогикалық бейіндегі мамандар зерттеудің аппараттық әдістерінің (мидың компьютерлік томографиясы, реоэнцефалография, электроэнцефалография, эхоэнцефалография, ядролық-магниттік-резонанстық томография); генетикалық әдістердің нәтижесімен танысуы керек зерттеулер (клиникалық-генеологиялық, молекулалық гендік, цитогенетикалық). Ақыл-ой кемістігі психикалық дамудың кешігуінен ажырату керек, онда ақыл-ой дамуының артта қалуы басқа сипатқа ие.

Зерде бұзылушылығы бар ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларға қандай мекемелер көмектеседі?

Жүйелі психологиялық-медициналық-педагогикалық зерде бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларға көмек, ата-аналарына консультативтік-әдістемелік қолдау көрсету, балаларды әлеуметтік бейімдеу және олардың оқу қызметіне алғышарттарын қалыптастыру Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің бұйрығы бойынша арнайы мекемелерде жүзеге асырылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың Қазақстан Республикасының Білім туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен білім алуға құқығы бар. Мемлекет мүмкіндігі шектеулі балаларды кәсіби даярлауға жәрдемдеседі.

Арнайы білім беру ұйымдары тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың, көру және (немесе) есту және (немесе) сөйлеу, интеллект, эмоционалды-ерікті сфера білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды, ым-ишара тілі, Брайль әліпбиін, басқа балама қаріптерді, қарым-қатынас пен оқыту әдістерін қолданатын салалар қарастырылған. Денсаулық сақтау ведомствосының мекемелерінде стационар жағдайында кешенді, оның ішінде орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануы бар сәбилерге түзету-педагогикалық көмек көрсетіледі, олардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі. Ауруханадан кейін орталық жүйке жүйесі органикалық зақымданған балалар білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйесінің мекемесіне, (топтарына) баланың ата-анасының (немесе заңды өкілдерінің) өтініші бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларға жібереді.

Зерде бұзылысы бар баламен түзету-педагогикалық жұмыс педагогикалық тексеруден басталады [8]. Педагогикалық зерттеулерде бірнеше процестер алдыңғы қатарға шығады: педагог-дефектолог үшін негізгі даму сызықтары қалыптасу деңгейлерін анықтау маңызды (әлеуметтік, физикалық, танымдық), сондай-ақ әр жасқа тән жетекші және типтік қызмет түрлерінің даму дәрежесі. Негізінде оның бастапқы нүктесі педагогикалық зерттеу түзету-педагогикалық әсер ету жүйесіндегі бастапқы кезең ретінде әрекет ететінін ескеру қажет. Зерде бұзылған балаларға арналған компенсаторлық түріндегі мектепке дейінгі білім беру мекемелері баланың жан-жақты дамуына жағдай жасауға, оның дербестігі мен жағымды жеке қасиеттерін қалыптастыруға, сондай-ақ отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталған кешенді, әлеуметтік маңызды міндеттерді шешеді. Бұл міндеттердің барлығын зерде бұзылған балаларға арналған компенсаторлық түрдегі мектепке дейінгі білім беру мекемесі мамандарының ұжымы шешеді (басшы, тәрбиешілер, дефектолог-мұғалім, логопед, педагог-психолог, музыка мұғалімі, дене шынықтыру нұсқаушысы).

Тәрбие саласындағы көпжылдық бақылаулар интеллектісі бұзылған ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, девиантты дамуды түзету мен компенсаторлық түрде даму процесінде, жақын даму аймағына сүйене отырып, сезімтал кезеңдерді барынша пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін екенін көрсетеді; интеллектісі бұзылған бала қалыпты дамып келе жатқан құрдасына қарағанда уақтылы және мақсатты психологиялық педагогикалық әсерге мұқтаж.

Ата-аналарға уақтылы көрсетілген психологиялық-педагогикалық көмек баланың отбасындағы өмірін ұйымдастыруға, оның ересектермен және құрдастарымен байланысын кеңейтуге және орнатуға, болашақта оның әлеуметтенуіне оң әсер етуі мүмкін екенін ескеру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Клинические протоколы МЗ РК - 2017 (Казахстан)
2. Екжанова Е. А., Стребелева Е. А. Коррекционно-развивающее обучение и воспитание. Программа дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушением интеллекта. 4-е изд. М.: Просвещение. 2011.
3. Выготский Л. С. Собр. сочинений: в 6 т. Проблемы развития психики. Гл. 1. Проблема развития высших психических функций. Под ред. А. М. Матюшкина. М.: Педагогика. 1983; 3: 6–41.
4. Лазуренко С. Б. Организация в учреждениях системы здравоохранения коррекционно-педагогической помощи детям в поражение ЦНС. Методическое письмо. Москва. 2008.
5. Мурадова О. И., Намазова-Баранова Л. С., Торшхоева Р.М., Каркашадзе Г.А., Ширяева О.А. Количественные нормативы когнитивной деятельности у здоровых российских школьников в возрасте 8–17 лет, обследованных с помощью тестовой компьютерной системы «Психомат». Педиатрическая фармакология. 2012; 2: 89–98.
6. Немкова С. А., Маслова О. И., Каркашадзе Г.А., Заваденко Н.Н., Курбатов Ю.Н. Когнитивные нарушения у детей с церебральным параличом (структура, диагностика, лечение). Педиатрическая фармакология. 2012; 3: 77–84.
7. Стребелева Е. А. Формирование мышления у детей с отклонениями в развитии. М.: Владос. 2007.
8. Стребелева Е. А. Коррекционно-развивающее обучение детей в процессе дидактических игр. М.: Владос. 2008

ӘОЖ 157.9

Жапарова Гульнур Сарсеновна

Ікурс докторанты, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада педагогтердің психологиялық денсаулығы, олардың эмоциялық жағдайлары және психологиялық денсаулығына әсер ететін факторлары толық ашылған. Педагогтердің психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға арналған жұмыстадың мазмұны жан-жақты ашылған.

Түйін сөздер: *психологиялық денсаулық, стресс, эмоциялық жағдай, денсаулық сақтау.*

В данной статье подробно раскрыто психологическое здоровье педагогов, их эмоциональное состояние и факторы, влияющие на психологическое здоровье. Всесторонне раскрыто содержание работы, направленная на сохранение и укрепление психологического здоровья педагогов.

Ключевые слова: *психологическое здоровье, стресс, эмоциональное состояние, здравоохранение.*

This article fully explores the psychological health of teachers, their emotional state, and factors affecting their psychological health. The content of the work aimed at preserving and strengthening the psychological health of teachers is comprehensively disclosed.

Keywords: *psychological health, stress, emotional state, healthcare.*

Педагогтердің психологиялық денсаулығы - бұл олардың кәсіби қызметіне, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Мектепте немесе білім беру ұйымында жұмыс істейтін педагогтер оқушылармен, ата-аналармен және әріптестерімен үнемі қарым-қатынаста болып, әртүрлі жағдайлармен бетпе-бет келіп отырады. Осыған байланысты олардың психологиялық денсаулығының сақталуы, қызметке деген мотивациясы және жалпы өмір сапасы үшін аса маңызды.

Педагогтің психологиялық денсаулығына әсер ететін негізгі факторлар жұмысының ауыртпалығы, оқушылармен қарым-қатынас, жұмыс жағдайлары, сондай-ақ кәсіби жүктемелер мен стресстік жағдайлар болып табылады. Көптеген педагогтер өз қызметіне деген жауапкершілігін терең сезініп, үнемі кәсіби даму мен білім сапасына көңіл бөледі. Бұл педагогтердің эмоционалды және психологиялық жағдайына әсер етеді [1].

Оқушылармен тікелей қарым-қатынас жасағанда, педагогтер әртүрлі эмоциялық қиындықтарға тап болады. Олардың жеке психологиялық жағдайы мен мінез-құлқы, кейде отбасы жағдайы да оқушының нәтижесіне әсер етеді. Мұғалімдер оқушылардың оқудағы жетістіктеріне жауапты болып, олардың проблемалары мен қиындықтарына белсене араласады. Бұл фактор педагогтің эмоциялық күйіне және психологиялық тепе-теңдігіне үлкен әсер етуі мүмкін.

Педагогтерде стресс деңгейінің жоғары болуы — олардың психологиялық денсаулығына теріс әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Стресс жұмыс барысында үнемі кездесетін қиындықтар мен қысымнан туындайды. Оған оқушылардың тәртібі, ата-аналармен қарым-қатынас, әріптестер арасындағы келіспеушіліктер және мемлекеттік жүйенің талаптары да әсер етуі мүмкін. Стресс өз кезегінде физикалық және психологиялық бұзылыстарға, депрессия әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, стресс педагогтің жұмысын сапасыз орындауына және өзіне деген сенімсіздікке әкеп соғуы мүмкін. Мұғалімдердің өздеріне деген сенімділігін жоғалтуы, жалығуы немесе күйзелісі олардың оқушылармен байланысын әлсіретеді және жұмысына деген қызығушылықты төмендетеді. Бұл жағдай педагогтің психологиялық жағдайына кері әсер етіп, оның жалпы денсаулығына да қауіп төндіреді [2].

Педагогтер арасында burnout (кәсіби қажу) синдромы жиі кездеседі. Бұл жағдай педагогтің эмоциялық қажуы, жұмысқа деген қызығушылықтың жоғалуы және оның кәсіби қабілеттерінің төмендеуімен сипатталады. Мұғалімдер көп уақыт бойы бірдей жұмыс режимінде болған кезде, олардың эмоциялық және психологиялық қуаты сарқылып, жұмысқа деген мотивациясы төмендейді. Кәсіби burnout педагогтердің жұмысына теріс әсер етіп, оның психологиялық денсаулығына зиян келтіреді. Кәсіби burnout синдромы педагогтің жоғары жауапкершілігімен, жұмыстың ұзақтығымен және жеке өмір мен жұмыс арасындағы теңгерімнің болмауымен байланысты. Бұл синдром мұғалімдерде депрессия, көңіл-күйдің төмендеуі, шаршау және эмоциялық қашықтықты тудыруы мүмкін.

Педагогтердің психологиялық денсаулығын сақтау үшін бірнеше тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Біріншіден, мектептерде және оқу орындарында мұғалімдер үшін психологиялық қолдау көрсету жүйесін енгізу маңызды. Мұғалімдерге стресс жағдайларын басқару, эмоциялық күйді реттеу және психологиялық көмек алу мүмкіндігін жасау керек. Бұл педагогтердің жұмысқа деген көзқарасын өзгертіп, олардың психологиялық жай-күйін жақсартуға септігін тигізеді.

Екіншіден, педагогтердің кәсіби даму бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы оларды жаңа әдіс-тәсілдермен таныстырып, жұмыс сапасын арттыруға болады. Кәсіби дағдыларды жетілдіру олардың мотивациясын жоғарылатып, стресске төзімділіктерін арттырады.

Үшіншіден, жұмыс орнында қолайлы жағдайлар жасау қажет. Педагогтерге өз уақытын тиімді басқару, демалу және жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін жағдай жасау маңызды. Мектептерде немесе оқу орындарында тынығу бөлмелері, жұмыс уақытын реттейтін ұйымдастыру шаралары және физикалық белсенділікке арналған іс-шаралар ұйымдастырылуы тиіс [3].

Педагогтердің психологиялық денсаулығын жақсарту үшін бірнеше жолдар ұсынылуы мүмкін. Бұл салада қолдау көрсету, жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін маңызды болып табылады. Педагогтер үнемі жоғары деңгейде стресске, жауапкершілікке, эмоциялық жүктемелерге ұшырап отырады, сондықтан олар үшін психологиялық денсаулықты сақтап, нығайту өте маңызды. Осыған байланысты бірнеше тәсілдерді ұсынуға болады:

1. Психологиялық қолдау және тренингтер

✓ Педагогтерге психологиялық кеңес беру арқылы, олардың эмоциялық жағдайын жақсартуға көмектесуге болады. Тренингтер мен семинарлар да маңызды.

✓ Мұғалімдер арасында өзара қолдау мен түсіністік орнату, түрлі психологиялық тренингтер мен топтық жұмыстар өткізу, мұғалімдердің психоэмоциялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

2. Жұмыс орнында қолайлы жағдай тудыру

✓ Мұғалімдердің жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыру, артық жұмыс жүктемесін азайту, демалыс уақытын дұрыс бөлу маңызды.

✓ Жұмыс орнында қолайлы психологиялық климатты қамтамасыз ету, мұғалімдердің әрқайсысына деген құрмет пен түсіністік көрсету.

3. Эмоциялық өзін-өзі реттеу

✓ Педагогтерге медитация, тыныс алу жаттығуларын және басқа да релаксациялық әдістерді үйрету олардың психологиялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

✓ Стресс деңгейін бақылау үшін арнайы әдістер мен дағдыларды меңгерту маңызды. Мұндай әдістерге психологиялық тыныштықты сақтайтын жаттығулар кіреді.

4. Қолдау көрсету мен ынталандыру

✓ Мұғалімдерді мотивтендіру, олардың жұмысына жоғары баға беру, жетістіктерін атап өту олардың психоэмоционалды жай-күйін жақсартады.

✓ Мұғалімдердің әлеуметтік өмірін қолдау, оларды әртүрлі қоғамдық іс-шараларға тарту және әріптестік ынтымақтастықты нығайту маңызды.

5. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту

✓ Мұғалімдерге өзара қарым-қатынас дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушылармен және ата-аналармен дұрыс байланыс орнатуды үйрету, педагогтердің стресстік жағдайларды жеңуге көмектеседі.

✓ Оқушылар мен ата-аналар тарапынан дұрыс және әділ кері байланыс алу да педагогтің өзін-өзі бағалауына және эмоционалды жағдайына әсер етеді.

6. Жеке даму және кәсіби өсу

✓ Мұғалімдердің үздіксіз білім алуына және кәсіби дағдыларын арттыруына жағдай жасау, оларды кәсіби тұрғыдан өсіру психологиялық денсаулыққа оң әсер етеді.

✓ Әр педагогке жеке дамуға арналған уақыт бөлу, қызығушылықтарын дамыту үшін мүмкіндік жасау оның өмірлік қуаты мен психологиялық саулығын қолдайды.

7. Денсаулық сақтау және спорт

✓ Педагогтердің физикалық жағдайын жақсарту үшін спорттық шараларды ұйымдастыру. Физикалық белсенділік психологиялық жағдайды да жақсартады.

✓ Педагогтердің дұрыс тамақтануы мен сапалы ұйқысы олардың психологиялық саулығына оң әсер етеді.

8. Қоғамдық және кәсіби желілерді қолдау

✓ Педагогтер арасында тәжірибе алмасу мен топтық жұмыс арқылы өзара көмектесу оларды кәсіби тұрғыдан жетілдіріп, эмоционалды күйін жеңілдетеді. Педагогтер өз тәжірибелерін бөлісіп, пікірлесуге арналған топтар мен форумдарға қосылса, бұл олардың психологиялық жай-күйіне оң әсер етеді.

Осылайша, педагогтердің психологиялық денсаулығын сақтау және жақсарту үшін жүйелі қолдау, кәсіби дамуға бағытталған шаралар, сондай-ақ денсаулық сақтау мен әлеуметтік қолдау жүйесін жақсарту қажет.

Педагогтердің психологиялық денсаулығы олардың кәсіби қызметінің нәтижелілігіне, оқушылардың білім сапасына және жалпы қоғамның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Бұл мәселенің өзектілігі білім беру саласында психологиялық қолдаудың және педагогтердің денсаулығын сақтау шараларының маңыздылығын арттырады. Мұғалімдердің жұмыс жағдайын жақсарту, психологиялық қолдау көрсету және олардың стреске төзімділігін арттыру — бұл ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізу үшін қажет шаралар болып табылады [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шувалов А.В. Психологическое здоровье человека//Вестник ПСТГУ: Педагогика. Психология,2009
2. Психология здоровья: учебник для вузов / Под ред. С.Никифорова. — СПб.: Питер, 2006
3. Никифоров Г.С. Психология здоровья. СПб.: Речь, 2002. – 520 б.
4. Шувалов А.В. Очерки психологии здоровья: мировоззренческий, научный и практический аспекты. — М.: Чистые пруды, 2009.

УДК 740.1

Зекенгалиева Дана Муратовна

докторант 1курса Alikhan Bokeikhan University, г.Семей

ВЛИЯНИЕ ДОМИНИРУЮЩИХ ЧЕРТ ЛИЧНОСТИ РУКОВОДИТЕЛЯ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ КЛИМАТ В КОЛЛЕКТИВЕ

Бұл мақалада көшбасшы тұлғасының басым қасиеттерінің ұжымдағы психологиялық климатқа әсері сипатталған.

Түйінді сөздер: жеке қасиеттер, көшбасшы, психологиялық климат, көшбасшылық стильдер, басқару қызметі, тиімді көшбасшының психологиялық портреті.

В данной статье представлено описание влияния доминирующих черт личности руководителя на психологический климат в коллективе.

Ключевые слова: Личностные качества, руководитель, психологический климат, стили руководства, управленческая деятельность, психологический портрет эффективного руководителя.

This article describes the influence of the dominant personality traits of the leader on the psychological climate in the team.

Keywords: Personal qualities, leader, psychological climate, leadership styles, managerial activity, psychological portrait of an effective leader.

В нашей стране сейчас происходит развитие и формирование профессиональной управленческой культуры. В связи с этим наблюдается повышенный интерес к личности руководителя. Так как от его организаторских, интеллектуальных, коммуникативных, предпринимательских, и личных качеств зависит продуктивность, профессионализм сотрудников и микроклимат в организации. Совершенно закономерным является тот факт, что личность современного руководителя представляет интерес для психологов. изучение индивидуально-психологических качеств руководителя и стиля руководства на морально - психологический климат в коллективе. Руководитель – лицо, на которое официально возложены функции управления коллективом и организации его деятельности. Руководитель

несет юридическую ответственность за функционирование группы (коллектива) перед назначившей (избравшей, утвердившей) его инстанцией и располагает строго определенными возможностями санкционирования – наказания и поощрения, подчиненных в целях воздействия на их производственную (научную, творческую и др.) активность. В отличие от лидера руководитель обладает формально регламентированными правами и обязанностями, а также представляет группу (коллектив) в других организациях. Это лицо, осуществляющее установление, регулирование и выполнение организационно-правовых отношений в рабочем коллективе. Административная работа по управлению предприятием – это самостоятельный вид профессионально осуществляемой деятельности, направленной на достижение в рыночных условиях, намеченных целей путем рационального использования материальных и трудовых ресурсов с применением принципов, функций и методов экономического механизма менеджмента. Психологический климат коллективов фирм обуславливается стилем руководства и особенностями личности руководителя [1, с.256].

Психологический климат подвержен динамическим изменениям, и его можно прогнозировать и регулировать, исходя из социально-психологических характеристик кадрового состава коллектива и стиля управленческой деятельности руководителя. Качества руководителя – это обобщенные, наиболее устойчивые характеристики, которые оказывает решающее влияние на управленческую деятельность. Это весьма сложные в психологическом плане образования, зависящие от множества факторов: особенностей характера, структуры личности, ее направленности, опыта, способности, условий деятельности. В свою очередь, талант руководителя определяется многими психологическими качествами, которые являются профессионально важными. Многогранный характер управленческой деятельности накладывает своеобразный отпечаток и на личностные характеристики руководителя. На основе управленческой деятельности руководителя можно выделить следующие профессионально важные качества. Организаторские качества, характеризующиеся умением подбирать, расставлять кадры, планировать работу, обеспечивать четкий контроль. Организаторские качества – это следствия проявления ряда психологических свойств личности. Наиболее важными являются:

1. Психологическая избирательность – способность адекватно, без искажения отражать психологию организации.
2. Критичность и самокритичность – способность видеть недостатки в поступках и действиях других людей и своих поступках.
3. Психологический контакт – способность устанавливать меру воздействия, влияния на других людей.
4. Требовательность – способность предъявлять адекватные требования в зависимости от особенностей ситуации.
5. Склонность к организаторской деятельности, т.е. потребность в ее выполнении.
6. Способность заряжать своей энергией других людей, активизировать их.

Среди других организаторских качеств следует отметить такие как:

Целеустремленность – умение поставить четкую и ясную цель и стремиться к ее достижению;

Гибкость – способность реально оценивать обстоятельства, адаптироваться к ним, не меняя при этом принципиальных позиций;

Работоспособность – способность длительно выполнять работу с высокой эффективностью;

Настойчивость – волевое свойство личности, проявляющееся в упорном стремлении достичь сознательно поставленной цели;

Самостоятельность – способность осуществлять деятельность, опираясь на собственные возможности без чужой помощи;

Дисциплинированность – подчинение установленному порядку, умение налаживать и поддерживать дисциплину в коллективе;

Инициативность – умение действовать энергично, способность выдвигать идеи и намечать пути их воплощения [2, с.54].

Общей основой развития руководителя как специалиста и как компетентного управленца являются интеллектуальные качества. Интеллект может выступать или не выступать в качестве фактора успешности руководителя в зависимости от того, какие ресурсы руководителя – интеллектуальные или коммуникативные включены в его деятельность [3, с.23].

Психологический климат – это качественная сторона межличностных отношений, проявляющаяся в виде совокупности психологических условий, способствующих или препятствующих продуктивной совместной деятельности и всестороннему развитию личности в группе. Важным показателем состояния психологии организации является морально-психологический климат. Именно он выступает внешним проявлением различных групповых феноменов в виде поведенческих и речевых актов. Другими словами, морально-психологический климат – это результат совместной деятельности людей, их межличностного взаимодействия. Термин «климат» (от греческого слова «наклон») пришел в общественные науки из метеорологии, где им обозначается совокупность метеорологических условий, свойственных какой-либо местности. Это понятие, перенесенное в психологию, позволило осмыслить практическое значение целого ряда групповых эффектов как особых условий жизнедеятельности человека в группе [4, с.198].

Заключение. Руководитель в коллективе - это ключевая фигура. Сущность работы руководителя состоит в её эффективности. Чем бы ни занимался руководитель, от него требуется, прежде всего, правильное и качественное выполнение задач, которые зависят от его способностей. Но для того чтобы стать эффективным руководителем, необходимо освоить новые правила игры. Обстановка в бизнесе сегодня меняется, причём с поистине беспрецедентной скоростью. Изменилась и работа руководителя. Времена, когда он играл роль диктатора, и когда существовала чёткая граница между руководителем и подчинёнными, давно прошли. Командно - контрольный метод управления уже не вписывается в современную структуру бизнеса. Современная схема руководства построена на партнёрстве между руководителем и персоналом. Хорошо организованная работа, обеспечивающая ритмичную деятельность коллектива и каждого из его членов, без срывов и последующих авралов, способствует психической уравновешенности, положительно сказывается на настроении человека. Сознательно определяя тактику и стратегию управления морально-психологическим климатом коллектива, руководитель обязан, прежде всего, знать, чего ждут от него сотрудники, при каких условиях они довольны работой. Как известно, чувство удовлетворенности свидетельствует о позитивном климате, является одним из существенных его показателей. Конечно, это зависит и от особенностей самих людей. В данном случае имею в виду людей, которые заинтересованы в дружественной и продуктивной работе, в удовлетворении разумных материальных и духовных потребностей.

Список использованной литературы

1. Трифонов Е.В. Психофизиология человека (толковый словарь). Санкт-Петербург: Питер, 2014 – 356с.
2. Карпов А.В. Психологический анализ трудовой деятельности. – Ярославль, 2003 – 76с.
3. Зазыкин В.Г., Чернышев А.П. Менеджер: психологические секреты профессии, 2013
4. Китов А.И. Психология хозяйственного управления – М.: Профиздат, 2000 – 248с.

Измуканова Айгерім Сансизбаевна

Alikhan Bokeikhan University, 2 – курс магистранты, Семей қаласы,

Аюпова Гульбаршын Турагуловна, Абдуллина Гульнар Кабдышеитовна

Ғылыми жетекшілері: «Alikhan Bokeikhan University», аға оқытушылар, Семей қаласы

АДДИКЦИЯ ЖӘНЕ АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Мақалада қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі – аддикция және аддиктивті мінез-құлық мәселесі қарастырылған. Тәуелділік пен тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуы, түрлері мен ерекшеліктері сипатталған.

Түйін сөздер: аддикция, тұлға, жеткіншек, девиантты және акцентуативті мінез-құлық

В статье рассматривается одна из актуальных проблем современности – проблема и аддиктивного поведения. Описаны формирование, виды и особенности аддикции и аддиктивного поведения.

Ключевые слова: аддикция, личность, подросток, девиантное и акцентуативное поведение

The article examines one of the current problems of our time – the problem of addictive behavior. The formation, types and features of addiction and addictive behavior are described..

Keywords: addiction, personality, teenager, deviant and accentuative behavior.

Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі – аддикция (лат. *addictus* – «тәуелділік»). Аддиктивті мінез-құлық (тәуелділік) - белгілі бір заттарды қабылдау немесе белгілі бір заттарға, әрекеттерге (әрекет түрлеріне) үнемі назар аудару, адамның психикалық жағдайының өзгеруі, шындықтан қашуға ұмтылуы, қарқынды эмоциялардың дамуымен бірге көрінетін деструктивті мінез-құлық нысандарының бірі. Адам өзінің тәуелділігінің алдында ерік күші әлсіреп, тәуелділікке қарсы тұра алмайтын дәрменсіз болып қалады.

«Addiction» - «дәрі-дәрмекке тәуелділік» терминін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) сарапшылары 20 ғасырдың 60 -жылдарында есірткіге және алкогольге тәуелділікке сілтеме жасау үшін енгізген [1]. «Аддикция» – «бір нәрсеге толықтай тәуелді, соқыр құл болған, жойылып кеткен, біреуге толық бағынатын» адамға арналған заңды термин.

Бастапқыда «тәуелділік» термині физикалық тәуелділік әлі қалыптаспаған кезеңде психоактивті заттарды қолдануға негізделген мінез-құлықты сипаттау үшін ғана қолданылды. Кейіннен «тәуелділік» түсінігінің аясы кеңейіп, оған кез-келген қызметті жүзеге асыру процесінде психикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты мінез-құлық нысандары (ойын ойнау, коллекция жинау, тұлғааралық қарым-қатынастың нақты формалары және т.б.) кіре бастады.

Тәуелділік пен тәуелді мінез-құлық салыстырмалы түрде жаңа ұғымдар және қазіргі уақытта оның анықтамасында психологтар арасында көптеген келіспеушіліктер бар. Мысалы, Е.П Ильин [2] тәуелді мінез-құлықты «жасөспірімдер мен жас жігіттердің жаман әдеттерінен» туындайтын мінез-құлық деп түсінеді. Лисецкий К.С.[3], Литягина Е.В.[3] «тәуелді мінез-құлық жансыз және жанды табиғаттың екеуіне де иелік етуге тартылумен сипатталатын, жансыз табиғат объектілеріне және адамдарға тәуелділік» ретінде сипаттайды. Ал Е.В. Змановская[4] аддиктивті мінез-құлықты индивидтің өзін-өзі реттеу немесе бейімделу мақсатында бір нәрсені немесе біреуді теріс пайдалануымен байланысты девиантты мінез-құлық нысандарының бірі деп түсінеді.

Қазақстанда аддикция және аддиктивті мінез-құлық мәселелері психология, медицина, және әлеуметтану салаларында зерттеліп келеді. Бұл бағытта зерттеулер жүргізген ғалымдар тәуелділіктің әртүрлі аспектілерін, жастар арасында таралуын, психологиялық және әлеуметтік факторларын талдап, нақты ұсыныстар ұсынуда. Атап айтқанда, Ш.Т. Саттарова («Тәуелділікке бейім тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері» (2020), А.М. Бисенбаева («Қазақстан жастары арасындағы нашақорлықтың алдын алу шаралары» (2021), А.Т. Нұрғалиева («Жасөспірімдер арасындағы мінез-құлық тәуелділігі: алдын алу және коррекция» (2019), Д.Қ. Жұмағұлов («Психоактивті заттардың ми функциясына әсері: клиникалық зерттеу» (2020)., Г.Қ. Шаймерденова («Ойынқұмарлық аддикциясының алдын алу әдістері» (2022), Е.Қ. Есенғали («Цифрлық технологиялар және психологиялық денсаулық: Қазақстандық зерттеулер» (2023) және т.б.

Ц.П. Короленко [5], Н.В. Дмитриева [5], Б.Р. Мандель [6], Е.А. Николаева [7], В.Г. Каменская [7]; О. Ананьева [8], С.Ф. Смагин [9] және т.б. зерттеуші ғалымдар «адамдардың тәуелді мінез-құлық стратегиясын таңдауы проблемалық өмірлік жағдайларға бейімделудегі қиындықтарға байланысты: әлеуметтік-экономикалық қиын жағдайлар, көңіл күйдің төмендеуі, мазасыз ойлардың күйреуі, отбасы мен әрекеттеріндегі қақтығыстар, жақындарынан айырылу, өмірдің күрт өзгеруі және т.б. үйреншікті стереотиптерге айналуы» - деген пікірде. Сондай-ақ қазіргі заманауи қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы қарқынды өзгерістердің де әсерлері зор.

Аддиктивті (тәуелді) тұлға проблемалардан аулақ, өмір сүрудің қолайлы және өзіне тиімді жолын іздейді.

В.А. Грошенкова [10], О.А. Шлепова [10], В.Л. Бозаджиев [11] тәуелділіктің барлық түрлерін екі топқа бөліп қарастырған:

Химиялық (нақты заттарға тәуелділік). Бұл топта тәуелді мінез-құлықтың келесі түрлері бөлінеді: алкогольге тәуелділік, алкоголизм, нашақорлық, токсикомания (улы заттарға тәуелділік), тағамға тәуелділік (шамадан тыс тамақтану, анорексия, булимия, орторексия).

Мінез-құлық (әрекетке тәуелділік). Мінез-құлыққа тәуелділік психологиялық немесе психофизиологиялық сипатқа ие және тыныштандыратын немесе қанағаттану сезімін беретін обсессивті әрекеттердің қайталануымен байланысты. Оларға мыналар жатады: - интернетке тәуелділік, компьютерлік тәуелділік, номофобия - ұялы телефонға тәуелділік, жұмыссыздық (жұмысқа тәуелділік), шопоголизм, патологиялық махаббат және жыныстық тәуелділік және т. б.

Тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлар:

- елдегі саяси жағдайдың тұрақсыздығы;
- мемлекеттің халық өміріне әлсіз қатысуы;
- отбасында баланы тәрбиелеу стилінің дұрыс болмауы;
- ата-ананың қоғамға жат мінез-құлық, отбасындағы қолайсыз психологиялық жағдай;
- балалық шақтағы психикалық жаракаттың тәуелді мінез-құлық қалыптасуына ықпалы ретінде;
- адамның тәуелді мінез-құлықтың әртүрлі формаларына генетикалық бейімділігі;
- адам темпераментінің әлсіз (меланхоликтік) түрі;
- мидың минималды дисфункциясы және ақыл-ойдың тежелуі;
- хобби мен өмірдің мағынасының болмауы;
- фрустрация жағдайында ұзақ уақыт болу;
- тұлғалық эмоционалдық интеллектінің нашар дамуы;
- еріктің және жүйке жүйесінің әлсіз түрі;
- стресс, депрессия;
- сессия кезінде студенттердің оқудағы проблемалары, академиялық қарызы;
- ата-ананың ажырасуы, отбасының бұзылуы;
- жақын адамның қайтыс болуы;
- өмірде жағымды эмоциялардың болмауы;

- жеке өмірдегі проблемалар, жақын адамдармен және әріптестерімен өзара түсіністіктің болмауы.

Ю.А. Клейберг [12] пен Л.Б. Шнейдер [13] аддиктивті мінез-құлық – интенсивті эмоцияларды дамыту және қолдау мақсатында белгілі бір заттарды қабылдау немесе белгілі бір әрекет түрлеріне үнемі назар аудару арқылы адамның психикалық жағдайын жасанды түрде өзгерту арқылы шындықтан қашуға деген ұмтылысты қалыптастырумен болатын девианттық (девиантты) мінез-құлық түрлерінің бірі деген. Нақты өмірде психоактивті заттар, алкоголь, темекі шегу, тамақ, ойындар, діни сенімдер сияқты тәуелділік объектілері жиі кездеседі.

Тұлғаның тәуелді мінез-құлық түрлеріне бейім болуының негізгі мотиві - психикалық жай-күйі толымсыздығының үнемі өзгеруі, «монотонды», «апатикалық» жағдайы. Кәмелетке толмаған адам өзінің назарын аударатын, қуанта алатын немесе басқа айқын эмоционалды реакция сезінуге мүмкін беретін қызмет саласын таба алмауынан күнделікті және «монотонды» бірсарынды өмір қызықсыз болып көрінеді.

Тәуелді тұлға шындықтан қашуға ұмтылады, белсенділіктің барлық аспектілерімен үйлесімді әрекеттесудің орнына әрекеттің тар бағытталған саласына назар аударады. Н.Пезешкианның (неміс невропатологы, психиатр және психотерапевт) тұжырымдамасына сәйкес шындықтан «қашудың» төрт түрі бар [14]:

1. «Денеге қашу» - өзінің физикалық немесе психикалық жетілуіне бағытталған әрекеттерге қайта бағдарлануы. Сауықтыру әрекеттеріне, жыныстық қатынасқа, адамның сыртқы келбетіне, демалу сапасына және релаксация әдістеріне деген құштарлық гиперкомпенсаторлық сипатқа ие болады.

2. «Жұмысқа (оқуға) қашу» жеткіншектердің мектеп істеріне дисгармониялық бекінуімен сипатталатын басқа іс-әрекеттермен салыстырғанда шамадан тыс уақыт бөліп, «жұмысқұмар» болуы.

3. «Контактілерге немесе жалғыздыққа қашу» қажеттіліктерді қанағаттандырудың жолы «жалғыздық» қажетті тәсіліне айналады және барлық қарым-қатынастар саны минимумға дейін азаяды.

4. «Қиялға қашу» - псевдофилософиялық ізденістерге қызығушылық, діни фанатизм, иллюзиялар мен қиялдар әлеміндегі өмір.

Аддиктивті тұлға күнделікті өмірдегі қиындықтарға, басқалардың сынына шыдамайды және өмірге бейімделе алмайтындығын көрсетеді, кәмелетке толмаған шақтағы «жетіспеушілік кешенін «комплексі» қалыптастырады. Басқалардың төмендетуінен өзін-өзі жоғары бағалауға ауысып, гиперкомпенсаторлық реакцияға айналады. Психологиялық қорғаныс функциясын орындай отырып, басқалардан артықшылық сезімі пайда болады.

Аддиктивті мінез-құлық бар жеткіншектер қоғамдағы нормаларға бейімделеді және формальды түрде әлеуметтік рөлдерді пайдалануды үйренеді. Байланыстарды орнату кезінде манипуляциялық әдістерді қолданады және жеңіл эмоционалды байланысты бастан кешіреді. Басқаларды алдап, өз қателері мен сәтсіздіктері үшін оларды кінәлайды.

К. Леонгард[15] пен А.Е. Личко[16] жеткіншектік кезеңде мінез акцентуацияларын бастан кешіреді - мінез-құлық қасиеттерінің осалдығы, ерекшеліктері, өршеленуі (невротикалық бұзылулар, құқық бұзушылық мінез-құлық, алкогольизм және нашақорлық) белгілері туындайды деген пікірде.

Тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуында қауіп факторларының тобын құрайтын жеткіншектік кезеңнің ерекшеліктері:

- эгоцентризмнің күшеюі;
- білім беру мекемелеріне қарсылық, қыңырлық, наразылық, күреске құштарлық;
- амбиваленттілік және парадоксалды сипат;
- белгісізге ұмтылу, тәуекелділік;
- тәуелсіздікке ұмтылу және отбасынан бөліну;
- моральдық сенімдердің жетілмеуі;

- жыныстық жетілу кезіндегі өзгерістер мен оқиғаларға ауыр реакция, пайда болған жыныстық қатынасты қабылдай алмау;
- сәйкестендіру дағдарысы;
- өзін және қоршаған әлемді қабылдауда тұлғасыздану және дереализация;
- «Мен-концепциясы» дұрыс қалыптаспауы;
- гипертрофияланған мінез-құлық реакциялары: эмансипация, хобби (байланыстардан, ойындардан, тамақтан бас тарту, еліктеу, артық компенсация);
- қиындықтарға төзімділіктің төмендігі;
- стресстік жағдайлардан шығуда пассивті стратегиялардың басым болуы.

Қорыта келе, аддиктивті мінез-құлық - тәуелділіктің дамуы және үздіксіз үрдіс.

Аддиктивтіліктің басталуы (көбінесе зиянсыз), жеке ағымы (тәуелділіктің жоғарылауымен) және нәтижесі бар. Тәуелді мінез-құлықтың ерекшелігі - циклдік сипаты, қалаған нысанды алу жағдайына дейін тарылады. Жеткіншектердің өзіне және мінез-құлқына деген сыни көзқарасы төмендейді, қорғаныс-агрессивті мінез-құлықтары мен әлеуметтік бейімсіздік белгілері күшейеді.

Әдебиеттер

1. Аддиктивное поведение //Военно-психологический словарь-справочник /Под общ. ред. Ю.П. Зинченко. – М.: И.Д. Куприянова / Общество психологов силовых структур, 2010. – с. 17 – 18. – 592 с.
2. Ильин Е.П. Работа и личность. Трудоголизм, перфекционизм, лень/ Е.П. Ильин. – СПб: Питер, 2011. – 512 с.
3. Лисецкий К.С. Литягина Е.В., Психология независимости/ К.С. Лисецкий, Е.В. Литягина. – Самара, 2003. – 144 с.
4. Змановская Е.В. Девиантология: Психология отклоняющегося поведения/ Е.В. Змановская. – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 288 с.
5. Короленко, Ц. П. Психосоциальная аддиктология : науч. изд. / Ц. П. Короленко, Н. В. Дмитриева. – Новосибирск : Олсиб, 2001. – 262 с.
6. Мандель, Б. Р. Психология зависимостей (аддиктология) : учеб. пособие / Б. Р. Мандель. – М. : Вуз. учебник : ИНФРА-М, 2012. – 320 с.
7. Николаева, Е. А. Аддиктология: теоретические и экспериментальные исследования формирования аддикции: учебник / Е. А. Николаева, В. Г. Каменская. – М.: Форум, 2011. – 208 с.
8. Ананьева О. Аддикция и психологические кризисы: личностные, возрастные, семейные/ О. Ананьева. – М.: LAP Lambert Academic Publishing, 2013. – 80 с.
9. Смагин С. Ф., Аддикция, аддиктивное поведение/ С.Ф. Смагин. – СПб.: МИПУ, 2000. – 250 с.
10. Грошенкова В.А. Влияние пищевой зависимости на психическое состояние человека /В.А. Грошенкова, О.А. Шлепова //Жизненные траектории личности в современном мире: социальный и индивидуальный контекст : сб. ст. I междунар. науч.-практ. конф. / сост. Т.Е. Коровкина. – Кострома, 2021. – С. 33 - 36.
11. Бозаджиев В.Л. Гаджет-аддикции, их виды и психологические характеристики //Вестник Челябинского государственного университета. Образование и здравоохранение. — 2021. — № 2—3 (14-15). — С. 9—21.
12. Клейберг Ю.А. Девиантология: Хрестоматия/ Ю.А. Клейберг. – СПб: Речь, 2007. – 144 с
13. Шнейдер Л. Б. Девиантное поведение детей и подростков/ Л.Б. Шнейдер. – М.: Академический проект, 2007. – 336 с.
14. Пезешкиан Н. Психотерапия повседневной жизни: тренинг разрешения конфликтов / Носсрат Пезешкиан. — С-Пб. : Речь, 2001. — 288 с. (рус.)
15. Леонгард К. Акцентуированные личности/ Леонгард К.; пер. с англ. Лещинская. – М.: Феникс, 2000. – 60 с.

16. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков/ Личко А.Е. – СПб: Речь, 2010. – 256 с.

GTAMP: 376.37

Нартбаева Хабибі Серікболқызы

Alikhan Bokeikhan University, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

мамандығының 2 – курс студенті, Семей қаласы

Абдуллина Гульнар Кабдышеитовна

Ғылыми жетекшісі - Alikhan Bokeikhan University, аға оқытушы

Семей қаласы

ЖАЛҒАН БУЛЬБАРЛЫ ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ЖӘНЕ АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ МОТОРИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ

Мақалада жалған бульбарлы дизартриясы бар балалардың ұсақ және артикуляциялық моторикасының ерекшеліктері мен сипаттамасы жайлы мәселе қарастырылған. Артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалыстары мен қол қозғалысының үйлесімін қалыптастыруға арналған - биоэнергопластика және бұшықет кернеуін зерттеуге бағытталған – кинезиология әдістерін қолданудың маңызы мен ерекшеліктері сипатталған.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі бала, дизартрия, артикуляция, моторика, биоэнергетика, кинезиология.

В статье рассматривается характеристика и особенности мелкой и артикуляционной моторики у детей с псевдобульбарной дизартрией. Описаны значение и особенности использования методов биоэнергопластики - для формирования координации движений артикуляционного аппарата движений рук, кинезиологии - для изучения мышечного напряжения

Ключевые слова: ребенок дошкольного возраста, дизартрия, артикуляция, моторика, биоэнергетика, кинезиология.

The article examines the characteristics and features of fine and articulatory motor skills in children with pseudobulbar dysarthria. The significance and features of using bioenergy plastic methods are described - for the formation of coordination of movements of the articulatory apparatus of hand movements, kinesiology - for the study of muscle tension

Keywords: preschool child, dysarthria, articulation, motor skills, bioenergetics, kinesiology.

Заманауи талаптарға сай логопедияда дизартрия этиопатогенезін тереңдетіп зерттеу, сөйлеу мен тіл және қимыл-қозғалыс бұзылыстары ерекшеліктерін анықтау, логопедиялық ықпал ететін жоғары технологияларды одан әрі дамыту мәселелері қарастырылуда. Қазіргі кезде дизартриямен ауыратын балалардың жалпы және потенциалды мүмкіндіктерін ескере отырып, бұзылған функциялары мен процестерін қалыпқа келтіру өзекті мәселе.

Ресейлік және шетелдік (Е.Ф. Архипова[1], Г.В. Гуровец[2], И.Б. С.И. Маевская [2], Л.В. Лопатина[3], Е.Ф. Соботович[4] А.Ф. Чернопольская[4] және т.б.) ғылымдар дизартрия жағдайларындағы вербальды және вербальды емес бұзылуларды кешенді зерттеу, дизартриямен ауыратын балалардағы бұзылуларды емдеу, түзету және қалыпқа келтірудің тиімді әдістерін жоспарлау және енгізу ерекшеліктерін анықтайтын пәнаралық зерттеулерді өзекті мәселе ретінде қарастырады.

Дизартрия логопедияның жеке бағыты болғанымен, қазіргі кезде көптеген бағыттағы әртүрлі ғылымдар (лингвистика, психология, нейропсихология, неврология, невропатология)

арасындағы жүйеаралық байланыстарды біріктіреді. Балалардағы дизартрия өзіндік көріністерімен және ерекшелігімен сипатталады, ұзақ, мақсатты зерттеуді талап етті. Логопедияның заманауи теориясы мен тәжірибесінде псевдобульбарлы дизартрия – ең жеңіл және балалық шақтағы дизартрия көрінісінің ең көп таралған түрі.

«Дизартрия» термині артикуляциялық мүшелердің: тіл, ерін, жақ, көмей қызметінің дұрыс жұмыс істемеуінен туындаған сөйлеу бұзылыстарын білдіреді. Е.Ф. Архипова дизартрияның жалған бульбарлы түрі артикуляция мүшелерін қозғалтатын бұлшықеттердің екі жақты орталық парезіне байланысты пайда болатынын зерттеген. Жалған бульбарлы дизартрия бассүйек жүйкелері ядроларының зақымдануынан туындаған сол бұлшықеттердің перифериялық парезімен байланысын ажырату қажет. Е.В. Дубинец[5] балаларда жалған бульбарлы дизартрия көбінесе церебральды сал ауруының белгілерінде кездесетіндігін анықтаған.

Е.Н. Винарская[6] мен О.В. Шарова[7] жалған дизартрия – сөйлеу функционалдық жүйесінің фонетикалық және просодикалық компоненттерінің бұзылыстарында көрінетін және мидың экспрессияланбаған микроорганикалық зақымдануы нәтижесінде пайда болатын сөйлеу патологиясы деген пікірде.

Дизартрияның жеңіл түрінде барлық белгілері жұмсақ түрде көрінеді. Дизартрияның жеңіл түріндегі жетекші бұзылыс - сөйлеудің фонетикалық аспектісінің тұрақты бұзылуы, оны түзету қиын және сөйлеудің басқа аспектілерінің қалыптасуына теріс әсер етеді. Сөйлеудің сөздік қоры мен грамматикалық құрылымының дамуындағы ауытқулар туынды болып шығады, т.б. қайталама ауытқулар сипатында болады. Дизартрияның жеңіл түрінде дыбыстың айтылу бұзылыстары органикалық бұзылыстарға негізделген. Г.В. Гуровец[2] пен С.И. Маевская[2] зерттеулері бойынша орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануының белгілері парез, бұлшықет тонусының өзгеруі, бет және артикуляциялық бұлшықеттердегі гиперкинез және патологиялық рефлексдер түрінде көрінеді.

Логопедия саласындағы мамандар – Н.А. Свинина[8] мен Т.Н. Винтаева[9] жалған бульбарлы дизартрияны үш түрге бөледі: паретикалық, спастикалық және аралас. Дегенмен, бұл жіктеуді невропатологтар қолдамайды, өйткені бұзылулардың негізі спастикалық парез болып табылады, яғни ауру аралас түріндегі сипаттамалар жиі кезеседі. Артикуляциялық қозғалыстың бұзылу деңгейіне байланысты дизартрияның үш деңгейін ажыратады:

Жеңіл. Ешқандай дәрежі бұзулар жоқ, артикуляциялық қозғалыстар баяу және нақты дәл емес. Сөйлеу анық емес, бірақ басқаларға түсінікті. Дисфагия сирек тұншығумен көрінеді, мимика сақталады.

Орташа ауыр. Айту барысында өрескел кемістігі бар, бұл басқаларға түсініксіз етеді. Науқасты тек оның туыстары ғана түсіне алады. Сілекей ағуы, мимиканың бұзылуы, шайнау, жұтыну байқалады.

Ауыр. Тұтас немесе толық дерлік анартрия. Сөйлеуі жоқ. Беті маска тәріздес, ауызы ашық, төменгі жақ салбырап, сілекейі ағып тұрады, тілі ауыз қуысында қимылсыз жатыр. Жұтыну және шайнау бұзылыстары айқын

П.В. Гусева дизартрияның жеңіл түріндегі балалардың моторикасын зерттей отырып, моторлы функцияларының патологиясы әртүрлі дәрежеде болатынын анықтаған[10]: сөйлеу артикуляциясы органдарының координациясы мен қозғалғыштығының жеткіліксіздігінен қолдар мен аяқтардың статикалық және динамикалық координацияларының бұзылуына дейін.

Дизартрияны түзету мәселелерімен көптеген мамандар айналысты: О.В. Правдина[11], Е.М. Мастюкова[12], Н.В. Серебрякова[13], Е.Ф. Архипова[1]. Барлық авторлар жалпы моториканы, артикуляциялық моториканы, саусақтардың ұсақ моторикасын, сондай-ақ саусақ жаттығуларын, тыныс алу және дауыс жаттығуларын дамыту бойынша нақты, мақсатты жұмыстың қажеттілігін атап өтеді.

В.М. Акименко[14] сөйлеуге қатысатын ағза мен мүшелердің қозғалыстары ортақ механизмдерге ие, сондықтан қолдың ұсақ моторикасын дамыту сөйлеудің дамуына тікелей әсер ететіндігін талдаған. Дәл осы себепті балалардың сөйлеуін дамытуға арналған саусақ

жаттығулары балалардың іс-әрекетіне ерекше әсер етеді. Саусақ қимылдарын жаттықтыру сөйлеуді одан әрі дамытудың негізін дайындайды.

Семей қаласындағы «Психологиялық – педагогикалық коррекциялау кабинетінде» жүргізілген түзету-қалыпқа келтіру барысында жалған дизартриясы бар балалардың артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалыстарының дәлсіздігі мен әлсіздігін, дыбыстарды айтуға қажетті ерін мен тілді белгілі бір қалыпта ұстай алмайтындығын және артикуляциялық моторика координациясының бұзылуы бар мектепке дейінгі балаларға қозғалыс ретін есте сақтау және бір қимыл тізбегінен екіншісіне ауысу қиынға соғатынын байқадық.

Биоэнергопластика – қол мен тіл арасындағы тығыз қарым-қатынас. А.В. Ястребованың[15] пікірі бойынша, қолдың және артикуляциялық аппараттың үйлесімді қимылдары - пластикалық, икемді және еркін болса, денеге биоэнергияның табиғи таралуын белсендіруге көмектеседі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың интеллектуалдық белсенділігін арттыруға, қозғалыс координациясы мен ұсақ моторикасының үйлесімділігін дамытуға өте пайдалы әсер етеді.

Биоэнергопластиканы қолдану кинестетикалық сезімдері бұзылған балаларда дұрыс айтылмаған дыбыстарды түзетуді айтарлықтай жылдамдатады, өйткені жұмыс пальмасы тілден ми қыртысына баратын импульстарды айтарлықтай күшейтеді. Қолдың қозғалысы кез келген артикуляциялық жаттығуларға бейімделген. Баланың не істейтіні емес, оны қалай жасайтыны маңызды. Әр балаға артикуляциялық жаттығуларды орындау кезінде оның тілі мен алақанының бір уақытта және ырғақты жұмыс істеуі керектігі түсіндіріледі. Балалар бұл әдісті ойын ретінде қабылдайды.

Кинезиология – қозғалыс арқылы мидың дамуы, белгілі бір қозғалыс жаттығулары арқылы ақыл-ой қабілеттері мен физикалық денсаулықты дамыту туралы ғылым. Г.Я. Кудерина[16] кинезиологиялық жаттығулардың әсерінен организмде жағымды құрылымдық өзгерістер орын алады: жүктеме қарқынды болған сайын (қолайлы шектерде) өзгерістер де маңыздырақ болады деген пікірде.

Кинезиологиялық әдістер ақыл-ой қабілеттері мен тән денсаулығының дамуына әсер етіп қана қоймайды, олар ми қыртысының әртүрлі бөліктерін белсендіруге мүмкіндік береді. Бұл адамның қабілеттерін дамытуға және психиканың әртүрлі салаларындағы проблемаларды түзетуге ықпал етеді. Атап айтқанда, бұл әдісті қолдану баланың есте сақтауын, зейінін, сөйлеуін, кеңістіктік түсініктерін, ұсақ және жалпы моторикасын жақсартуға, шаршауды азайтуға, ерікті бақылау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі жалған дизартриясы бар балалардың ұсақ және артикуляциялық моториканың бұзылуын логопедиялық әдіс-тәсілдер арқылы түзету – қалыптастыру үшін артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалыстарымен қол қозғалысының үйлесімін қалыптастыруға арналған - *биоэнергопластика* және бұлшықет кернеуін зерттеуге бағытталған – *кинезиология* әдістерін қолдандық.

Биоэнергопластика артикуляциялық жаттығуды орындау кезінде қол тілдің, төменгі жақтың немесе еріннің қай жерде және қандай күйде орналасқанын көрсетеді. Біз мынандай биоэнергетикалық жаттығуларды - «*Сағат*» (алақанды қысып, төмен түсіріп, солға – оңға санау бойынша қозғалады); «*Бақа*» (саусақтарды бір-біріне мықтап басып, жаттығуды орындау кезінде саусақтар бүгіледі); «*Әткеншек*» (жабық саусақтармен алақанды жоғары-төмен жылжыту. Екі қолдың саусақтарын алыстау ұстап - өзіне қарай иілдіру); «*Пілдің баласы*» (алақан біріктірілген, бас бармақ орташа мәнге дейін басылады); «*Ашулы мысық*» (қолды көлденең қалыпта ұстау, саусақтар бір-біріне қатты қысылады, жаттығуды орындау кезінде саусақтар бүгіледі) пайдаландық.

Сондайақ, бұлшықет кернеуін зерттеуге бағытталған кинезиология әдісін де қолданып, нәтижелерін байқадық. Кинезиология бұлшықет күшіне негізделген диагностикаға негізделген қолмен емдеу бағыттарының бірі. Балалармен «*Сақина*» (Саусақтарды кезекпен жылжытып, сұқ саусақты, ортаңғы саусақты т.б. бас бармақпен сақинаға біріктіріңіз. Жаттығу алға және кері ретпен орындалады; алдымен әр қолмен бөлек, содан кейін екі

қолмен бірден); «Жұдырық-шет-алақан» кинезиологиялық дене жаттығулары (Үстел жазықтығындағы үш позиция бірін-бірі ауыстырады. Алақан жазықтықта, алақан жұдырық болып түйілген, алақан үстел жазықтығында, үстел жазықтығында түйілген алақан. Алдымен оң қолмен, сосын кейін сол қолмен, сосын екі қолмен бірге 8-10 рет орындалады); «*Иш – бас*», «*Бақа*» кинезиологиялық жаттығулары (Кезекпен бір қолды жұдырықпен түйеді, ал екіншісі алақанды үстелде ұстайды) және т.б. жүргізілді.

Ми қыртысының сөйлеу аймақтарына әсер ету мақсатында кинезиологиялық кешендерді және бионергопластика, саусақ ойындарын жиі қолдандық. Жұмысты жоспарлау кезінде жеке, топтық және фронтальды сабақтар, сондай-ақ балалардың дербес әрекеттерінің элементтерін пайдалану (мысалы, өзін-өзі массаж) қарастырылды.

Биоэнергетика және кинезиология әдістемелері таңертеңгілік жаттығуларда (1,5–2 минут), фронтальды сабақтарда (2–3 минут), жеке сабақтарда, сәлемдесу үйірмелерінде қолданылды және логопедиялық жұмыстың кезеңдері мен сабақ тақырыбына байланысты жағдайларда қолданылды.

Бірінші сабақта 2-3 артикуляциялық жаттығулар орындалды. В.В. Цвынтарныйдың [17] артикуляциялық жаттығулардың ұсақ моторика мен артикуляциялық моториканы қалыпқа келтіру мен түзетудегі маңызы жайлы еңбегін зерттеп, артикуляциялық жаттығуларды қол қимылдарымен бірге орындауға көңіл бөлдік. Балалардың әрбір қимылын дәл орындау қажеттілігіне ерекше назар аударылды. Бұл тек артикуляциялық жаттығуларға ғана емес, сонымен қатар сөйлеу тынысын, бет-әлпет әрекетін және т.б. дамытуға арналған жаттығуларға да қатысты болды. Егер бала қандай да бір себептермен жаттығуды орындай алмаса, онда ол айна алдында жеке жаттығу жүргіздік.

Қорыта келе, жалған дизартриясы бар балалардың ұсақ және артикуляциялық моторикасын түзету және қалыпқа келтіру барысында биоэнергопластика және кинезиология әдістерін қолдану арқылы балалардың қан айналымы артып, бет бұлшықеттері жақсарыр; сөйлеу аппаратының жеке бөліктерінің икемділігі қалыпқа келгенін; қажетті қозғалыстарды үйлестіре алуы мен ұсақ моторикасы қызметі жақсарғанын байқадық.

Әдебиеттер

1. Архипова Е.Ф. Стертая дизартрия у детей. - М.: АСТ: Астрель: ХРАНИТЕЛЬ, 2006.- 319.
2. Гуровец Г.В., Маевская С.И. Клинико-педагогическая характеристика детей, страдающих стертой дизартрией и ринофонией и методы коррекционного воздействия // Преодоление речевых нарушений у детей и взрослых.- М., 1981. - С.103-114.
3. Лопатина Л.В. Нарушения мимической мускулатуры и артикуляторной моторики у детей со стертой формой дизартрии // Речевые и невропсихические нарушения у детей и взрослых.- Л., 1987.- С.33-37
4. Соботович Е.Ф., Чернопольская А.Ф. Проявления стертых дизартрий и методы их диагностики // Дефектология. 1974. -№ 4. - С. 12-20.
5. Коррекционная педагогика при псевдобульбарной дизартрии с дошкольниками, страдающими церебральным параличем, в стационарных условиях / Дубинец Е.В. //Известия Челябинского научного центра УрОРАН. – 2000 - № 1.
6. Винарская Е.Н. Дизартрия. Москва: Издательство «Эксмодетство», 2012 – 54 с.
7. Психосенсомоторное развитие дошкольников с легкой степенью псевдобульбарной дизартрии / Шарова О.В. //Современные исследования социальных проблем. – 20127
8. Моделирование деятельности логопеда по коррекции речи дошкольников с псевдобульбарной дизартрией в условиях научно-практического реабилитационного центра: Автореферат диссертации / Свинина Н.А. М. – 2001.
9. Винтаева Т.Н. Коррекция мелкой моторики в связи с развитием сенсомоторного компонента речи у первоклассников с нарушениями интеллекта // Автореферат. Специальность ВАК РФ 13.00.03. Москва. – 2002.

10. Гусева П.В. Развитие мелкой и артикуляционной моторики у детей 5-6 лет со стертой дизартрией // Международный студенческий научный вестник. – 2020. – № 37
11. Правдина О.В. Об использовании зрительной символики при формировании навыков звукового анализа у детей с общим недоразвитием речи // Недоразвитие и утрата речи. Вопросы теории и практики. – М., 1985. с. 118 – 123.
12. Мاستюкова Е.М. Богомазов Г.М. Возрастная фонетика. – М., 2005.
13. Серебровская М.В. Возрастные особенности моторики детей и подростков // Физическое воспитание детей и подростков. - М., 1935. - С. 5-37.
14. Акименко В.М. Новые логопедические технологии: учебно-методическое пособие. – Ростов н/Д.: Феникс, 2009.
15. Ястребова А.В. Инструктивно – методическое письмо о работе учителя – логопеда при общеобразовательной школе. М.: Когито-Центр, 1996 – 47 с.
16. Кудерина Г.Я. Оздоровительные кинезиологические упражнения. – Иркутск, 2012.
17. Цвынтарный В.В. Играем пальчики и развиваем речь. – СПб. Издательство «Лань», 2022

УДК 372.857

Садыкова Айнура Жуматаевна

докторант 3 курса, Alikhan Bokeikhan University, г. Семей

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТАКОГНИТИВНЫХ НАВЫКОВ НА УРОКАХ БИОЛОГИИ

Мақалада биология сабақтарында метатанымдық дағдыларды қолдану қарастырылады, олардың білім сапасын арттырудағы маңыздылығына назар аударылады. Жұмыста жоспарлау, мониторинг және рефлексия сияқты метатанымдық дағдылардың негізгі компоненттері анықталады. Бұл тәсілдерді қолдану өзін-өзі ұйымдастыру, сыни ойлау, мотивация және оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Метатанымдық әдістерді енгізу мысалдары келтірілген, олардың ішінде рефлексиялық сұрақтар мен графикалық модельдеу бар, олар білім беру тәжірибесінде тиімділігін дәлелдеді.

Кілт сөздер: *метатанымдық дағдылар, биология, жоспарлау, мониторинг, рефлексия, өзін-өзі ұйымдастыру, сыни ойлау.*

Научная статья рассматривает применение метакогнитивных навыков на уроках биологии, акцентируя внимание на их значении для повышения качества обучения. В работе определяются ключевые компоненты метакогнитивных навыков, таких как планирование, мониторинг и рефлексия. Применение этих подходов способствует развитию навыков самоорганизации, критического мышления, мотивации и эффективности обучения. Приводятся примеры внедрения метакогнитивных методов, включая рефлексивные вопросы и графическое моделирование, которые доказали свою результативность в образовательной практике.

Ключевые слова: *метакогнитивные навыки, биология, планирование, мониторинг, рефлексия, самоорганизация, критическое мышление.*

The article explores the application of metacognitive skills in biology lessons, emphasizing their importance in improving the quality of education. The study identifies key components of metacognitive skills such as planning, monitoring, and reflection. Implementing these approaches enhances self-organization, critical thinking, motivation, and learning effectiveness. Examples of metacognitive methods, including reflective questioning and graphic modeling, are presented, demonstrating their effectiveness in educational practice.

Keywords: *metacognitive skills, biology, planning, monitoring, reflection, self-organization, critical thinking.*

В связи с влиянием разных внешних факторов на обучение в культуре растёт понимание того, что преподавание – это нечто более сложное и изощрённое, чем просто передача знаний. Глубоко изучаются и рассматриваются методы преподавания, которые наиболее эффективны, что постепенно способствует созданию педагогических условий, в котором учителя самостоятельно принимают решение о том, какая образовательная методика им подходит. Метапознание – это способность размышлять о своем мышлении, которая может включать осознание своих знаний (метакогнитивные знания) и регулирование этих знаний (метакогнитивные навыки) [1,с.483]. Причина сосредоточения внимания на метапознании как специфическом направлении педагогической практики проста: многочисленные исследования убедительно доказывают, что, когда учащиеся эффективно обучаются метакогнитивным навыкам, они, как правило, добиваются большего прогресса, причём не только в обучении, но повышает мотивацию и дисциплинирует учащегося на самообучение и обучение на протяжении всей жизни [2,с.21]. То есть ученик с развитым метапознанием может регулировать свое понимание и знания. [3,с.527]. Примером такого регулирования может быть, если ученик проверил свои ответы и смог выявить любые ошибки, которые он допустил после окончания суммативного оценивания за раздел, суммативного оценивания за четверть и суммативное оценивание за уровень образования. Напротив, обучаемый с слабым метапознанием было бы трудно распознать то, чего он не знает, и понять, почему он получил низкую оценку [4,с.277].

Кроме того, как общемировую, так и казахстанскую образовательную среду как одну из ориентаций современного образования выделяет способность к самоорганизации и самоопределению. Одними из первостепенных авторов, введшим это понятие метапознания в научный оборот, является J.H. Flavell [5,с.34], A. Kluwe и A.L. [5,с.201], Brown [7,с.77]. В том числе рассматривались применение метакогнитивных навыков в естественных науках как биология, химия, информатика и физика, способствующие саморегулируемому обучению. В указанном источнике они включают подробный опрос, обобщение, выделение (или подчеркивание), мнемонику ключевых слов, использование образов для изучения текста, перечитывание, практическое тестирование, распределенную и чередующуюся практики [8,с.639]. Развитие метапознания через рефлексию и саморефлексию рассматривали С. Mair [9], Zimmerman, B.J, Moylan, A.R. [10,с.299]. Метакогнитивные навыки включают планирование, мониторинг, оценку и пересмотр собственных стратегий обучения и результатов представлены, то есть рефлексию Teng & Yue [11,с.237]. На уроках биологии они могут быть внедрены через специальные методики, такие как использование дневников обучения, рефлексивные вопросы и графическое моделирование. Как указано в таблице 1.

Таблица 1 - Ключевые компоненты метакогнитивных навыков на уроках биологии

Компонент	Описание	Примеры применения на уроках биологии
Планирование	Определение целей и стратегий для изучения нового материала.	- Ученики определяют, что они уже знают о процессе фотосинтеза. - Ставят цели: «Понять этапы фотосинтеза». - Разрабатывают план, как изучать тему: чтение текста, выполнение лабораторной работы.
Мониторинг	Отслеживание собственного понимания и процесса	- В процессе изучения учитель задает вопросы: «Понимаю ли я, как углекислый

	обучения.	газ превращается в глюкозу?» - Ученики проверяют свои знания с помощью схем или кратких тестов.
Рефлексия	Анализ того, что удалось усвоить, какие стратегии оказались эффективными, и что можно улучшить.	- После урока ученики обсуждают, что нового узнали. - Заполняют таблицу: «Что я понял? Какие вопросы остались?» - Пишут выводы о том, какие методы лучше способствовали их обучению.

Таким образом, методика применения метакогнитивных навыков рассматривается в три этапа:

Этап 1: Планирование

Перед изучением новой темы учитель предлагает ученикам:

1. Определить цели. Например: «Что я хочу узнать о генетике?»
2. Выявить пробелы в знаниях. Ученики записывают, что они уже знают, и что вызывает трудности.

3. Составить план работы. Это может быть перечень вопросов или этапов изучения темы.

Этап 2: Мониторинг

На каждом этапе урока важно отслеживать понимание материала:

- Самопроверка. Ученики отвечают на вопросы: «Понимаю ли я, как работает этот процесс?», «Могу ли я объяснить это другому?»
- Обратная связь от учителя. Например, учитель может предложить тестовые вопросы или дискуссии.

Этап 3: Рефлексия

После изучения темы ученики проводят самооценку и рефлексию:

1. Что я узнал? Например: «Я понял, как наследуются признаки».
2. Какие методы мне помогли? Это могут быть лекции, лабораторные работы, визуальные схемы.
3. Что я могу улучшить?

Для более подробного практического применения ключевых компонентов метакогнитивных навыков на уроках биологии рассматривается тема «Фотосинтез»:

1. Ученики определяют, что они знают о процессе (например, растения производят кислород) и составляют список вопросов (например, «Какие этапы фотосинтеза?»).
2. В процессе урока учитель предлагает рабочую таблицу для записи ключевых понятий и самопроверки.

3. После урока ученики обсуждают, что они усвоили, и как это может быть связано с реальной жизнью, например, с вопросами экологии.

В исследовании внедрения метакогнитивных навыков на уроках биологии показали следующие результаты:

- Повышение качества усвоения материала. Учащиеся лучше понимают сложные концепции, такие как цикл Кребса или генетические мутации, так как осознанно подходят к обучению.
- Развитие навыков самоорганизации. Ученики учатся планировать свою учебную деятельность, что помогает им готовиться к контрольным работам и олимпиадам.
- Улучшение навыков критического мышления. Они начинают анализировать биологические процессы, делать выводы и задавать вопросы, направленные на углубление знаний.
- Рост мотивации. Учащиеся, осознавая собственный прогресс, испытывают больше удовольствия от обучения.

Следовательно, применение метакогнитивных навыков на уроках биологии позволяет сделать процесс обучения более осмысленным и эффективным. Учитель, который внедряет эти подходы, помогает ученикам осознать собственные сильные и слабые стороны, научиться планировать свои действия и добиваться лучших результатов. В результате учащиеся не только осваивают биологические знания, но и формируют универсальные навыки, которые пригодятся им в любой сфере жизни.

Список использованной литературы

1. Perry J., Lundie D., Golder G. Metacognition in schools: what does the literature suggest about the effectiveness of teaching metacognition in schools? //Educational Review. – 2019. – Vol. 71. – Issue 4. – Pp. 483-500. <https://doi.org/10.1080/00131911.2018.1441127>
2. Zumbach J. et al. Using prompts to scaffold metacognition in case-based problem solving within the domain of attribution theory //Journal of Problem-Based Learning. – 2020. – Vol. 7. – Issue 1. – Pp. 21-31. <https://doi.org/10.24313/jpbl.2020.00206>
3. Chen C.H., Liu T.K., Huang K. Scaffolding vocational high school students' computational thinking with cognitive and metacognitive prompts in learning about programmable logic controllers //Journal of Research on Technology in Education. – 2023. – Vol. 55. – Issue 3. – Pp. 527-544. <https://doi.org/10.1080/15391523.2021.1983894>
4. Zeitlhofer I. et al. Effects of Cognitive and Metacognitive Prompts on Learning Performance in Digital Learning Environments //Knowledge. – 2023. – Vol. 3. – Issue 2. – Pp. 277-292. <https://doi.org/10.3390/knowledge3020019>
5. Flavell J. H. Metacognition and cognitive monitoring: A new area of cognitive–developmental inquiry //American psychologist. – 1979. – Vol. 34. – № 10. – P. 906
6. Kluwe R. Cognitive knowledge and executive control: Metacognition // In book: Animal mind–human mind. – NY.: Springer Verlag, 1982. – P. 201-224.
7. Brown A. Metacognition, executive control, self-regulation, and jther more mysterious mechanisms // In book: Metacognition, Motivation and Understanding. – New Jersey: Lawrence Erlbaum Associates, 1987. – P. 65-116.
8. Dauer, J. T., Momsen, J. L., Speth, E. B., Makohon-Moore, S. C., & Long, T. M. (2013). Analyzing change in students' gene-to-evolution models in college-level introductory biology. Journal of Research in Science Teaching, 50(6), 639-659. <https://doi.org/10.1002/tea.21094>
9. Mair, C. (2010). Structured reflection facilitates metacognitive awareness and learning. Paper presented at the 35th Improving University Teaching Conference, 1–3 July, in Washington, DC
10. Zimmerman, B.J.; Moylan, A.R. Self-regulation: Where metacognition and motivation intersect. In Handbook of Metacognition in Education; Hacker, D.J., Dunlosky, J., Graesser, A.C., Eds.; Routledge: London, UK, 2009; pp. 299–315. ISBN 0-203-87642-3
11. Teng, M. F., & Yue, M. (2023). Metacognitive writing strategies, critical thinking skills, and academic writing performance: A structural equation modeling approach. Metacognition and Learning, 18(1), 237-260. <https://doi.org/10.1007/s11409-022-09328-5>

FTAMP:159.9.072

Толыбек Қызғалдақ Әскербекқызы

Alikhan Bokeikhan University, 2 – курс магистранты, Семей қаласы,

Аюпова Гульбаршын Турагуловна, Абдуллина Гульнар Кабдышеитовна

Ғылыми жетекшілері: «Alikhan Bokeikhan University», аға оқытушылар, Семей қаласы

АУТИЗМНІҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі – аддикция және аддиктивті мінез-құлық мәселесі қарастырылған. Тәуелділік пен тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуы, түрлері мен ерекшеліктері сипатталған.

Түйін сөздер: аддикция, тұлға, жеткіншек, девиантты және акцентуативті мінез-құлық

В статье рассматривается одна из актуальных проблем современности – проблема и аддиктивного поведения. Описаны формирование, виды и особенности аддикции и аддиктивного поведения.

Ключевые слова: аддикция, личность, подросток, девиантное и акцентуативное поведение

The article examines one of the current problems of our time – the problem of addictive behavior. The formation, types and features of addiction and addictive behavior are described..

Keywords: addiction, personality, teenager, deviant and accentuative behavior.

Бүгінгі күнде Тәуелсіз еліміздің еңсесін өркениетке жетелейтін ұрпақтың дамуы, қалыптасуы, жеке басының ерекшеліктері өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қазіргі уақытта әлемде аутизмдік ауытқулары бар балалар саны күрт артып барады. Соңғы онжылдықтарда әлем бойынша аутизм спектрі бұзылыстары (АСБ) диагнозы қойылған балалар санының айтарлықтай өсуі байқалады. Мысалы, 2020 жылы «Autism Speaks» халықаралық ұйымының мәліметі бойынша, әрбір 54-ші балаға аутизм диагнозы қойылған [1]. Бұл көрсеткіш 2000 жылдары әрбір 150-ші балаға тең болғанын ескерсек, өсімнің айтарлықтай екенін көреміз.

Қазақстанда да аутизмге шалдыққан балалар санының өсуі байқалады. Ресми деректерге сәйкес, 2008 жылы елімізде аутизм диагнозы қойылған 38 бала тіркелсе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 750-ге жеткен. 2023 жылғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда аутизмге шалдыққан 9 мыңға жуық бала бар[2]. 2023 жылы әлемде әрбір 100 баланың 1-2-і аутизм спектрінің бұзылыстарымен туындайды немесе өмірінің алғашқы жылдарында диагноз қойылады [3].

20-ғасырдың ортасында аутизм шизофрениядан бөлек жеке бұзылыс ретінде қарастырыла бастады. 1980 жылы аутизм ресми түрде психиатриялық бұзылыстардың тізіміне енгізілді (DSM-III). Қазіргі таңда «аутизм спектрі бұзылыстары» (АСБ) деп аталып, әртүрлі деңгейдегі симптомдарды қамтитын кешенді бұзылыс ретінде танылды.

«Аутизм» сөзі грек тілінен шыққан «autos» – «өзі» деген мағынаны білдіреді. Алғаш рет швейцариялық психиатр Эйген Блейлер (Eugen Bleuler) 1911 жылы шизофренияны зерттеу барысында енгізген және аутизм терминін шизофрения кезінде байқалатын өзімен-өзі болуға бейімділік және сыртқы ортаға назар аудармау ерекшелігін сипаттау үшін қолданды [4]. Лео Каннер (Leo Kanner) 1943 жылы балаларда кездесетін ерекше даму бұзылысының сипаттамасын ұсынды [5]. Ол мұны «ерте балалық аутизм» деп атады. 1944 жылы австриялық ғалым Ганс Аспергер (Hans Asperger) «Аспергер синдромы» деп аталатын аутизмнің басқа бір түрін анықтады[6].

Н.С. Шмитова, Ю.Б. Юров, С.Г. Ворсанова, Ю.И. Юров «аутизм» термині бастапқыда шизофренияны зерттеуде қолданылса да, қазіргі таңда адамның әлеуметтік қарым-қатынас пен коммуникациядағы ерекше қиындықтарын сипаттайтын дербес медициналық ұғымға айналғанын талдайды [7]. Аутизмнің ішкі әлемге шоғырланумен байланысты ұғымы бүгінгі таңда неврологиялық және генетикалық негіздерімен толықтырылады. Зерттеушілер аутизмнің әлеуметтік қарым-қатынастар, сөйлеу қабілеті және мінез-құлық ерекшеліктеріне әсер ететін көп қырлы бұзылыс екенін анықтады.

Өз зерттеулерінде Г.Л. Чухутова, И.А. Галюта, Г.А. Ильина, Т.А. Строганова генетикалық ауытқулар ми дамуының қалыптан тыс механизмдерін тудыруы мүмкін,

құрылымдық және функционалдық, когнитивті және нейробиологиялық бұзылуларға әкелетіндігіне көңіл аударған [8].

Ю.Б. Юров, С.Г. Ворсанова, Ю.И. Юров аутизм диагнозымен байланысты нейробиологиялық айырмашылықтар мидың құрылымдық және функционалдық патологияларын былайша жіктеген [9]:

- маңдай және самай бөліктерінде сұр заттың көбеюі;
- жеткіншектердегі сұр затпен салыстырғанда ақ заттар азайған;
- үлкен ми мен лимбиялық жүйедегі анатомиялық және функционалдық айырмашылықтар.

2018 жылы зерттеуші ғалымдар С.Г. Дюсова, Г.Х. Кайбалиева, О.С. Шевцова аутизм синдромы бар ұл балаларда сау балаларға қарағанда мидың оң жағындағы фракталды өлшемдер (ми көлемінің құрылымдық күрделілігінің өлшемі) кішірек екенін анықтады [10]. Ал Б. Нейсон өз зерттеулерінде ми аймақтары арасындағы өзара әрекеттесулердің бұзылуы аутизм синдромының негізгі себебі болып табылатын гипотезаға назар аударған [11], Ж.В. Альбицкая нейрондардың кейбір түрлеріндегі нейротрансмиссияның (нейрондар арасында сигнал беру) бұзылуы сияқты молекулалық себептерді талдаған [12]. Аутизмге ықпал ететін экологиялық себептер туралы да жүргізілген зерттеулер аутизм синдромы дамуымен байланысты болуы мүмкін бірқатар ықтимал қауіпті заттарды анықтады: қорғасын, полихлорланған бифенилдер (ПХБ), инсектицидтер, автомобиль шығарындылары, көмірсутектер және отқа төзімді заттар, бірақ осы заттардың ешқайсысы әлі дәлелденген жоқ.

Аутизмнің шығу себептері толығымен әлі табылған жоқ. Бұл жағдайды генетикалық ауытқулардың салдары немесе ұрықтың жатыршылық зақымдануының нәтижесі деп санайтын бірнеше негізделген теориялар бар. Жоғарыда атап өткендей, бүгінгі таңда зерттеудің жетекші бағыты - аутизмге бейім геннің бар екендігі туралы нұсқа.

М.Ю. Бобылова, М.Б. Миронов, М.О. Абрамов, А.В. Куликов, М.В. Казакова, Л.Ю. Глухова, Е.И. Барлетова, К.Ю. Мухин және т.б. ғалымдар отбасында нейропсихиатриялық аурулар (эпилепсия, сөйлеу дамуының кешігуі, тежелуі және т.б.) болса, аутизмге бейімділік геннің қауіпін айтарлықтай арттыратындығын зерттеген [13].

Балалардағы аутизмнің ықтимал себептері:

- мидағы құрылымдық бұзылулар - белгілі бір бөліктердің (маңдай бөлігі, мишық) диспропорционалды пісіп-жетілуімен көрінеді,
- зейіннің жетіспеушілігімен, есте сақтау қабілетінің және сөйлеу функциясының; мидың басқа да функционалдық байланыстарымен бұзылыстары;
- кейбір заттар өндірілуінің жоғарылауы және басқаларының синтездік жетіспеушілігі байқалатын (аутизм спектрі бұзылған балаларда серотонин деңгейінің жоғарылағанын, ал ақуыздар мен глютенді организм сіңірмейтіндігі немесе нашар сіңірілетіндігі) биохимиялық процестердің бұзылуы.

Аутизмге бейімділік генінің болуына және басқа да негізгі себептерге байланысты балалық аутизмнің даму ықтималдығын арттыратын факторлар:

- босану кезіндегі асқынулармен, ұрықтың гипоксиясымен, жатырдан қан кетумен және т.б. туындаған ауыр босану;
- дамудың пренаталдық кезеңінде баланың зардап шеккен инфекциялары,
- жүкті әйелдердегі гестациялық қант диабеті;
- жүктілік кезінде эпилепсияға қарсы препараттарды ұтымсыз қолдану;
- болашақ ананың депрессиялық күйлері және басқа да психиатриялық аурулар;
- ата-анасының нашарлығы.

В.В. Дворянинова, Л.Н. Касимова, Ж.В. Альбицкая балалар аутизмінің физиологиялық негіздері психикалық бұзылулармен байланыстылығын зерттей келе, жоғары жүйкенің әртүрлі ауытқуларының мида белгілі оқшауланулары болатындығын анықтаған [14]. Мінез құлқының физиологиялық механизмдері – екі сигналдық жүйенің, құйқа асты және бағандық ми құрылымдарының бірлесе қызмет атқару нәтижесі. Балалар аутизмі

психикалық бұзылуларының патофизиологиялық механизмдері негізгі жүйке процесстерінің жұқаруы және қатынастарының бұзылуы, қорғаныс тежелуі және гипнотикалық фазалары; үлкен ми жартышар қабығындағы «оқшауланған сырқат пункттері»; ми бөлімдері мен оның сигналдық жүйелерінің келісімсіз қызмет атқаруы, патология мен қозғалыстың физиологиялық іс әрекеттерінің бірлігі.

Қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы вакцинация да вакцинаның құрамына кіретін компоненттерге байланысты аутизмнің даму қауіпін арттырады деген қате пікір бар. Бұл пікір алғаш рет ХХ ғасырдың 90-шы жылдары айтылған, бірақ ол әлі расталған жоқ. Сонымен қатар, жылдар бойы жүргізілген көптеген зерттеулер балалардың немесе болашақ аналардың иммунизациясы мен аутизмнің дамуы арасында ешқандай байланыс жоқ екенін көрсетті.

Бала аутизмі психиканың барлық жақтарындағы: танымдық және эмоциялық аймақтағы, сенсорлық және моторлық дамудағы, сондай-ақ жоғары психикалық қызметтердің, еркін тәртіптің, сананың және тұлғалық қалыптасуындағы бұзылыстарда байқалады дизонтогенезді білдіреді.

Аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (БЕА) синдромы дейді. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін.

Балалар аутизмі психиканың патологиялық жағдайларымен тығыз байланысты. Аутистік бұзылулар бұрмаланған (асинхрондық) психикалық дамуға жатады. Бұрмаланған психикалық даму көріністеріне жалпы дамудың жетіспеушілігі, тежелуі, жекеленген психикалық дамудың жедел дамуы мен зақымдануы жатады [5]. Ерекше көзге түсетіні: психикалық дамудың айқын асинхрониясы: психикалық дамудың жеке жақтарының бірі уақытында, екіншісі алға кетіп, ал үшіншісі дөрекі тежеліспен даму мүмкін, сонымен бірге олардың дамуы қалыптыларға да, тежелген онтогенезге де дәл келмейді.

Психолог О.С.Никольскаяның [15] пікірі бойынша аутистік дамудың бұрмалаушылығы қабылдаудың күрделі формалары, қимылдағы икемділік, сөйлей білу мен көп нәрсені түсіну қабілеті кездейсоқ байқалған кезде де, бала өзінің мүмкіндігін шынайы өмірде, қоршағандармен өзара іс-әрекетте пайдалануға тырыспайтындығынан да байқалады. Бала аутизмінде дамудың қалыпты даму жолы жәй ғана бұзылмайды, бұрмаланып басқа жаққа кетеді.

Аутист балалардың әр түрлі әлеуметтік қызметтен алынған ақпарат пен дағдыларын үйлесімді түрде пайдалана білмеулері олардың ең негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Сонымен бірге мұнда егер аутистік өзіндік бұзылыстар баланың жасы келе тегістеле бастаса, ал әлеуметтік іс-әрекет, оның икемсіздігі, жағдайды түсінбеуі, еркін тәртіппен қызметтің жоғары түрінің бұзылыстары айқын байқала бастайды.

Аутист бала қоршаған ортаға, қоғамға мүлде қызықпайды. Тұрақты қорқыныштары пайда болып тұрады, өзіне-өзі агрессиялы, қол жұмсағысы келуі де мүмкін. Бала өскен сайын сөйлеу мен зият (интеллектісі) дамуы төмендейді. Аутист балалардың назарын адамға, басқа нысанға аудару және бірнәрсе үйрету қиын. Ауру бала өзіне айтқан сөздерге мән бермейді, сұрақтарға және атын атап шақырғанға көңіл аудармайды, естімейтін керең сияқты болып көрінеді.

Л.Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тапқан және келесі көрсеткіштерін ажыратқан [5]:

- жалғыздықты жақсы көру,
- ешқашан адаммен көзбе-көз кездеспеу,
- мимикасының, дауысының, дыбысының ырғағының, жестарының болмауы,
- бағытының шарттары тұрақты болуына тырысуы бәрі біркелкі болып өзгермеуі керек,
- эмоциялық тұрғыдан ешкіммен араласпау,

біркелкі қимылдарды қайталай береді
Аутист баланың сөйлеу процесі бұзылғандықтан, олардың 50 пайызында *мутизм болады және эхолалия жиі* болады. Мутизм (латын тілінен аударғанда *mutus* – «мылқау, дауыссыз») психиатрия мен неврологиядағы науқас сұрақтарға жауап бермейді, тіпті басқалармен қарым-қатынаста болуға келісетінін белгілер арқылы түсіндірмейтін жағдай [16]. Бала сөйлей алады және басқалардың сөзін түсінеді [16], мутизмде жауап беру және стихиялы сөйлеу болмайды. Эхолалия (ежелгі грек тілінен аударғанда «эхо» - «жаңғырық, қайталау» және «лалия» - «сөйлеу, сөйлесу») — жаңғырық симптомы, біреудің сөзінде естілген сөздердің бақыланбайтын автоматты қайталануы.

Қорыта келе, аутизмге шалдыққан балалар саны артқандықтан, оларға лайықты және уақтылы коррекциялық көмек көрсету қажеттілігі туды. Аутизмі бар бала қоғамға бейімделуі үшін оған үнемі қолдау және әсерлендіру қажет болады. Егер аутизмі бар баланың отбасы балабақша, мектеп, әлеуметтік қоршаған орта сияқты қоғамдық институттардан өзіне қажетті қолдауды ала алатын болса, онда көмек көрсетуге мүмкіндік бар. Қоғам тарапынан түсіністік болуы үшін халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, аутизмі бар балаларды оқыту және әлеуметтік тұрғыдан дамыту бойынша білімдерін арттыру қажет.

Әдебиеттер:

1. Autism Speaks: Аутизм туралы халықаралық ұйымның зерттеулері мен статистикалық деректері. Ресми сайт: [Autism Speaks](http://AutismSpeaks.com).
2. Stan.kz: Мақалада Қазақстандағы аутизмге шалдыққан балалар санының өсуі мен осы тақырыптағы негізгі мәселелер талқыланған. Сілтеме: stan.kz мақаласы.
3. Egemen.kz: Қазақстанда аутизмге шалдыққан балалардың жалпы саны мен оларға қолдау көрсету шаралары туралы ақпарат ұсынылған. Сілтеме: egemen.kz мақаласы.
4. Блейлер Э. Аутистическое мышление /Пер. с нем. и предисл. Я.М. Когана. Одесса: Полиграф, 1927. 81 с.
5. Башина В.М. О синдроме раннего детского аутизма Каннера //Журнал невропатологии и психиатрии. 1974. Вып. 10. С. 1538–1542.
6. Юров И.Ю., Ворсанова С.Г., Зеленова М.А., Строганова Т.А., Юров Ю.Б. Вариомный анализ высокофункционального аутизма (синдрома Аспергера) // Российский вестник перинатологии и педиатрии. 2015. №4. С.193-194.
7. Шмитова Н.С., Юров Ю.Б., Ворсанова С.Г., Юров И.Ю. Микродупликация в локусе предрасположенности к шизофрении у ребенка с аутизмом // Психиатрия. 2017. № 71. С. 89-90.
8. Чухутова Г.Л., Галюта И.А., Ильина Г.А., Строганова Т.А. Преимущество левой части пространства при смене установки внимания у детей в норме и при аутизме // Вопросы психологии. 2016. № 1. С. 143-153.
9. Юров Ю.Б., Ворсанова С.Г., Юров И.Ю. Нестабильность генома в клетках головного мозга при аутизме // Российский вестник перинатологии и педиатрии. 2015. №4. С.195 -195.
10. Дюсова С.Г., Кайбалиева Г.Х., Шевцова О.С. Особенности психического развития при раннем детском аутизме: специфические нарушения восприятия, речи, мышления, страхи. В мире научных открытий: сб. науч. тр. Таганрог, 2018; с. 28-31.
11. Нейсон Б. О ключевых проблемах аутизма. Сенсорные аспекты аутизма. Аутизм и нарушения развития. 2016; 14 (3): с. 42.
12. Альбицкая Ж.В. Ранний детский аутизм - проблемы и трудности первичной диагностики при междисциплинарном взаимодействии. Медицинский альманах. 2016; с. 108 -111.

13. Бобылова М.Ю., Миронов М.Б., Абрамов М.О., Куликов А.В., Казакова М.В., Глухова Л.Ю., Барлетова Е.И., Мухин К.Ю. Клинический случай мутации гена SYNGAP1 у девочки с эпилепсией, умственной отсталостью, аутизмом и двигательными нарушениями //Русский журнал детской неврологии. 2015. Т. 10. № 3. С. 48-54.
14. Дворянинова В.В., Касимова Л.Н., Альбицкая Ж.В. Когнитивные расстройства у родственников детей, больных ранним детским аутизмом // Сибирский вестник психиатрии и наркологии. 2017. № 1 (94). С. 33-34.
15. О.С. Никольская. Альманах института коррекционной педагогики «Детский аутизм: пути понимания и помощи». Психологическая классификация детского аутизма. №18. 2014 г.
16. Крысько В.Г. Словарь-справочник по социальной психологии. //В.Крысько. - СПб.: Питер, 2003 – 416 с.

ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК 347.1

Амиргалин Дастан Нуртолеуович
магистрант I курса, Alikhan Bokeikhan University, г. Семей

ЦИФРОВЫЕ ФИНАНСОВЫЕ АКТИВЫ КАК ОБЪЕКТЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРАВА

Мақалада Қазақстандағы криптовалюталар, токендер, NFT және цифрлық құқықтар сияқты цифрлық активтердің құқықтық мәртебесі мен реттелуі қарастырылады. Онда олардың азаматтық құқықтар объектілері ретіндегі табиғаты, осы активтерді қорғауға байланысты тәуекелдер, сондай-ақ әртүрлі елдердегі, соның ішінде Қазақстандағы ағымдағы заңнамалық тәсілдер талданады. Қаржы нарығының қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ пайдаланушылар мен инвесторлардың құқықтарын қорғау үшін нақты құқықтық нормаларды белгілеу қажеттілігіне ерекше назар аударылды.

Түйін сөздер: цифрлық қаржы активтері, Азаматтық құқық объектісі, реттеу.

Статья рассматривает правовой статус и регулирование цифровых активов в Казахстане, таких как криптовалюты, токены, NFT и цифровые права. В ней анализируется их природа как объектов гражданских прав, риски, связанные с защитой этих активов, а также текущие законодательные подходы в разных странах, включая Казахстан. Особое внимание уделено необходимости установления четких правовых норм для обеспечения безопасности и стабильности финансового рынка, а также защиты прав пользователей и инвесторов.

Ключевые слова: цифровые финансовые активы, объект гражданского права, регулирование.

The article examines the legal status and regulation of digital assets in Kazakhstan, such as cryptocurrencies, tokens, NFT and digital rights. It analyzes their nature as objects of civil rights, the risks associated with the protection of these assets, as well as current legislative approaches in different countries, including Kazakhstan. Special attention is paid to the need to establish clear legal norms to ensure the security and stability of the financial market, as well as to protect the rights of users and investors.

Keywords: digital financial assets, the object of civil law, regulation.

В гражданском праве объект — это то, на что направлены действия субъектов гражданских правоотношений, то есть то, с чем взаимодействуют участники гражданских правоотношений. Объектами гражданских прав могут быть различные вещи, действия, услуги и даже нематериальные блага. Важно, что объекты правовых отношений должны быть реально существующими и соответствовать определенным требованиям, установленным законодательством.

Цифровые активы как объекты гражданского права — это активы, которые существуют в электронной форме и могут быть использованы для получения экономической выгоды или выполнения различных правовых и финансовых обязательств. К цифровым активам можно отнести такие виды, как криптовалюты, токены, цифровые права и другие виды активов, представленных в цифровом формате. В последние годы вопросы правового

регулирования цифровых активов становятся все более актуальными, поскольку технологии, такие как блокчейн, криптовалюты и смарт-контракты, влияют на традиционные правовые категории [1].

Криптовалюты — это цифровые или виртуальные валюты, использующие криптографию для обеспечения безопасности. Примеры криптовалют — Bitcoin, Ethereum, Ripple. Криптовалюты позволяют участникам совершать операции без посредников (например, банков), и их использование регулируется в некоторых странах, хотя в других их статус все еще не урегулирован.

Токены — это криптографически защищенные цифровые единицы, которые могут представлять различные права, включая право на получение определенной услуги, доли в проекте или право на дивиденды. Токены могут быть различными по своему назначению: утилитарными (используемыми для получения товаров или услуг) или инвестиционными (представляющими собой долю в компании или проекте).

Цифровые права — права на интеллектуальную собственность, такие как авторские права, патенты или товарные знаки, которые могут быть реализованы и переданы через цифровые технологии. Это может включать использование цифровых медиа, лицензионные соглашения и другие права.

NFT (невзаимозаменяемые токены) — это уникальные цифровые активы, представляющие собой запись, которая подтверждает право собственности на конкретный цифровой или физический объект. Примеры включают цифровое искусство, коллекционные предметы, игровые предметы и так далее [2].

Цифровые активы, несмотря на свою виртуальную природу, могут быть признаны объектами гражданских прав в тех странах, где они регулируются законом. Признание цифровых активов объектами гражданского оборота зависит от их юридической природы и контекста, в котором они используются.

Правовой статус криптовалют и токенов. В большинстве стран криптовалюты рассматриваются не как традиционные валюты, а как имущество, поскольку они могут быть объектом сделок, как и другие виды собственности. Например, в Казахстане, с учетом законов о цифровых активах (например, закон «О цифровых финансовых активах»), криптовалюты не признаются законным платежным средством, но они могут быть объектом гражданских сделок как имущественные права. Аналогичное регулирование наблюдается и в других странах, таких как США и ЕС, где криптовалюты рассматриваются как частная собственность или инвестиционные активы.

Цифровые активы, связанные с правами на интеллектуальную собственность, такие как цифровые произведения искусства, патенты или товарные знаки, регулируются с точки зрения интеллектуальной собственности. Важно, что такие активы могут быть переданы или проданы, как и другие объекты прав. Это дает возможность создавать новые формы контрактов и сделок, таких как продажа NFT.

Риски и защита прав на цифровые активы. Поскольку цифровые активы часто не имеют физической формы, существует ряд рисков, связанных с их защитой. В том числе это вопросы кибербезопасности, фальсификации, мошенничества и кражи цифровых активов. Для их защиты требуются специальные юридические инструменты и механизмы, такие как смарт-контракты, блокчейн-технологии и другие инновации.

Регулирование цифровых активов в разных странах. Правовой статус цифровых активов варьируется в разных странах. Например, в Европейском Союзе активно разрабатываются правила, касающиеся регулирования криптовалют и других цифровых активов [3].

Регулирование цифровых активов в Казахстане представляет собой важный шаг на пути к обеспечению стабильности и безопасности финансового рынка страны, а также созданию привлекательных условий для инноваций в сфере технологий. Важнейшими аспектами регулирования являются установление четких правовых норм, обеспечение защиты прав пользователей и инвесторов, а также создание эффективной системы контроля

и надзора за деятельностью участников рынка цифровых активов. Применение международного опыта, адаптированного с учетом особенностей казахстанской экономики и правовой системы, позволит избежать рисков, связанных с недостаточной регуляцией, и предотвратить использование цифровых активов в нелегальных или мошеннических целях [4].


Осылайша, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды қайта әлеуметтендіру процесі мемлекеттің, қоғамның және бизнестің белсенді қатысуын қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Осы шараларды тиімді іске асыру Қазақстан Республикасында әлеуметтік қауіпсіздік пен тұрақтылықты арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Черепашкин А.С., Абрамовская О.Р, Ресоциализация лиц, освобождённых из мест лишения свободы как профилактика рецидивной преступности. Вестник Уральского института экономики, управления и права №1 2020, с.34-42

2. С.К. Алибеков , Жазасын өтеген тұлғаларды бостандықтағы өмірге бейімдеудегі құқық қорғау органдарының ролі заң ғ: к. дис.

3. Паатова М. Э., Хашхова Д.З., Сажина Н.М., Шебанец Е. Ю. Технология Социальной Работы По Формированию Готовности К Трудоустройству У Лиц, Освобожденных Из Мест Лишения Свободы. Вестник Адыгейского государственного университета. Серия: Педагогика и психология. 2021. Вып. 3 (283). – 86 с

4. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған.

5. ҚР Еңбек Кодексі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V (2024.21.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

6. Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан: практическое пособие.- Алматы: «Издательство «Норма-К», 2017. – 100 с.

UDC: 372.881.111.1:371.124-055.2

Abdykhanova Baktygul Aidapkelevna

PhD of Foreign languages department, The Graduate School of Philology,
Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey.

Sadyrbekova Zauresh Yerlankyzy

2nd year Master student of Foreign languages department,
The Graduate School of Philology, Shakarim University of Semey, Kazakhstan, Semey.

**FACILITATING EFFECTIVE SITUATIONAL SPEAKING TASKS:
A STUDY ON THE TEACHER'S ROLE**

Бұл зерттеуде ағылшын тілі – шет тілі ретінде оқытылатын сыныптарда сөйлеу дағдыларын дамыту әдісі ретінде жағдаяттық тапсырмаларды қолдану қарастырылады. Әртүрлі тәжірибесі бар 50 мұғалімнің сауалнамасы негізінде жиі қолданылатын жағдаяттық тапсырмалар түрлері, айталық, рөлдік ойындар мен симуляциялар анықталып, сондай-ақ педагогтардың уақыт тапшылығы, сыныптың үлкендігі және ресурстардың шектеулілігі сияқты кездесетін қиындықтар зерттелді. Жағдаяттық тапсырмаларды тиімді пайдалану үшін тапсырмаларды тіл деңгейіне бейімдеу, топтық жұмысты ынталандыру және тиісті сөздік қорды алдын ала үйрету сияқты негізгі стратегиялар талданады. Сонымен қатар, мұндай тапсырмаларды қолданудың сөйлеу шеберлігін арттыру, оқушылардың өзіне деген сенімділігін нығайту және сыныптағы өзара әрекеттестікті жақсарту сияқты артықшылықтары тілге тиек етіледі. Зерттеуде қиындықтарды еңсеруге және жағдаяттық тапсырмаларды динамикалық әрі коммуникативтік оқыту процесінде тиімді пайдалануға арналған практикалық ұсыныстар берілген. Бұл зерттеу сөйлеу дағдыларын дамыту және студенттердің тілді шынайы өмірде қолдануға деген ынтасын арттыруға бағытталған тиімді оқыту әдістері туралы құнды ақпарат ұсынады.

Түйін сөздер: жағдаяттық оқыту, сөйлеу дағдылары, коммуникативтік тәсіл, оқыту стратегиялары, педагог қиындықтары.

В статье рассматривается использование ситуационных заданий в классах английского языка как иностранного (EFL) как метода улучшения навыков говорения у студентов. На основе опроса 50 преподавателей с различным уровнем опыта в исследовании были определены наиболее часто используемые типы ситуационных заданий, такие как ролевые игры и симуляции, а также выявляются трудности, с которыми сталкиваются педагоги, включая нехватку времени, большие классы и ограниченные ресурсы. Анализируются ключевые стратегии, такие как адаптация заданий к уровню владения языком, развитие сотрудничества через групповую работу и предварительное изучение необходимой лексики, а также выявляются преимущества использования таких заданий, включая повышение беглости речи, уверенности студентов и улучшение взаимодействия в классе. В работе предложены практические рекомендации для преодоления трудностей и оптимизации использования ситуационных заданий в динамичной и коммуникативной учебной среде. Это исследование предоставляет ценные идеи по эффективным методам преподавания, направленным на развитие навыков говорения и повышение вовлеченности студентов в аутентичное использование языка.

Ключевые слова: *ситуационное обучение, навыки говорения, коммуникативный подход, стратегии обучения, трудности учителей.*

This article explores the implementation of situational tasks in English as a Foreign Language (EFL) classrooms as a method for enhancing students' speaking skills. Based on a survey of 50 EFL teachers with diverse levels of experience, the study identifies the types of situational tasks commonly used, such as role-plays and simulations, and the challenges educators face, including time constraints, large class sizes, and resource limitations. Key strategies, including adapting tasks to proficiency levels, fostering collaboration through group work, and pre-teaching relevant vocabulary, are analyzed alongside the perceived benefits, such as improved fluency, confidence, and classroom interaction. Practical recommendations are provided to address the challenges and optimize the use of situational tasks in dynamic and communicative classroom settings. This research contributes valuable insights into effective teaching practices for developing speaking skills and promoting student engagement in authentic language use.

Key words: *situational learning, speaking skills, communicative approach, teaching strategies, teacher challenges.*

Introduction

In English as a Foreign Language classrooms, the use of situational tasks has become a popular strategy for developing students' speaking skills. Situational tasks involve creating real-life scenarios or simulations in which students must use language to solve problems, negotiate meaning, or engage in conversations. These tasks are grounded in the communicative approach to language teaching, where the emphasis is placed on active student participation and the practical application of language skills. Situational tasks not only encourage students to practice speaking in authentic contexts but also help build their confidence in using the language beyond textbook exercises.

The purpose of this survey was to examine the approaches and challenges faced by EFL teachers when implementing situational tasks in their classrooms. Despite the widespread recognition of the benefits of situational tasks, teachers often encounter obstacles in their effective use, such as large class sizes, time constraints, and the need to adapt tasks to different student proficiency levels. By gathering insights from a diverse group of teachers, this study aims to identify common strategies, challenges, and perceived outcomes related to the use of situational tasks, offering practical recommendations for educators.

Methodology

1. Data Collection

To gather insights from a variety of teachers, an online survey was conducted. The survey was distributed via Google Form and remained open for two weeks. Participation was voluntary, and respondents were assured that their answers would remain confidential. The data was collected anonymously. The survey included 50 EFL teachers from different teaching contexts, such as primary and secondary schools. The teachers had varying levels of teaching experience, from novice educators to those with over 10 years of experience.

2. Data Analysis

Quantitative data from the closed-ended questions were analyzed using descriptive statistics. Frequencies and percentages were calculated to identify common trends and patterns. For qualitative data from open-ended questions, thematic analysis was applied to uncover recurring themes related to teachers' strategies and challenges.

Results

The distribution of participants was as follows:

- 10 teachers with 0-3 years of experience
- 15 teachers with 4-7 years of experience

- 15 teachers with 8-10 years of experience
- 10 teachers with over 10 years of experience

A structured questionnaire was developed, consisting of five sections:

1. Demographic Information: This section gathered details about the participants, such as years of experience and teaching context.

2. Knowledge and Experience with Situational Tasks: This section assessed teachers' familiarity with situational tasks and how often they incorporated them in their lessons.

3. Approaches to Designing and Implementing Situational Tasks: Teachers were asked about the types of situational tasks they used, how they designed these tasks, and the strategies they employed to prepare students.

4. Classroom Dynamics and Student Engagement: This section focused on how teachers engage students during situational tasks and the challenges they face in managing these activities.

5. Reflection and Feedback: Teachers were asked to reflect on the effectiveness of situational tasks and provide insights into their perceived benefits and difficulties.

The results showed that for the first question, «How many years have you been teaching English?» there was a balanced distribution of teaching experience among respondents, with 20% having over 10 years of experience, 30% with 8-10 years, 30% with 4-7 years, and 20% with 0-3 years.

For the second question, «How often do you use situational tasks in your lessons?», the majority of teachers (50%) reported using situational tasks frequently, while 30% indicated occasional use, and 20% rarely used them.

Regarding the third question, «What types of situational tasks do you use most often?», role-play was the most popular choice, cited by 60% of respondents, followed by simulation tasks (30%) and problem-solving tasks (10%).

The fourth question, «How do you adapt situational tasks for different proficiency levels?», revealed that 70% of teachers modify tasks by simplifying instructions or providing additional support for lower levels, while 30% reported using the same tasks but adjusting expectations for performance.

For the fifth question, «What challenges do you face when implementing situational tasks?», 40% of respondents identified time constraints as a significant barrier, 35% cited large class sizes, and 25% mentioned a lack of resources. These challenges underscore the need for better planning and support to optimize task implementation.

In response to the sixth question, «How do you measure the effectiveness of situational tasks?», 50% of teachers relied on student feedback, 30% used observation of student engagement, and 20% analyzed test results.

The seventh question, «What benefits do you observe from using situational tasks?», elicited responses emphasizing improved speaking fluency (60%), increased student confidence (30%), and better classroom interaction (10%). These benefits align with the core objectives of situational tasks.

For the eighth question, «How do students typically respond to situational tasks?», 50% of teachers reported high levels of enthusiasm, 30% observed moderate engagement, and 20% noted that some students were hesitant. This suggests a generally positive reception with room for improving student buy-in.

Regarding the ninth question, «What resources do you use to design situational tasks?», 50% of respondents relied on textbooks, 30% used online materials, and 20% created their own resources.

For the tenth question, «How do situational tasks influence classroom dynamics?», 40% of teachers noted improved peer interaction, 35% observed increased student-teacher rapport, and 25% highlighted better classroom management. These findings suggest that situational tasks can positively impact the learning environment.

Finally, the eleventh question, «Would you recommend situational tasks to other teachers?», received overwhelmingly positive feedback, with 90% of respondents endorsing their use and 10% expressing reservations due to implementation challenges. It shows strong endorsement highlights the perceived value of situational tasks in EFL classrooms.

Discussion

Based on the survey findings, several practical recommendations can be made for teachers looking to incorporate situational tasks more effectively into their language lessons.

1. *Adapt Tasks to Student Proficiency.* As the survey revealed, many teachers modify the difficulty of tasks according to student readiness. Teachers should assess students' proficiency levels before designing tasks to ensure that the activities are appropriately challenging without being overwhelming. Tailoring tasks to different levels can also keep students engaged and motivated. According to Bygate adapting tasks to students' proficiency levels can significantly enhance engagement and foster more effective language acquisition [1, p.123].

2. *Utilize Pair or Group Work.* Many teachers rely on pair and group work to increase student participation and engagement during situational tasks. Teachers should consider implementing collaborative tasks that encourage peer interaction and allow for more practice opportunities in a supportive environment. Research by Sato and Ballinger emphasizes the benefits of collaborative learning in language classrooms, demonstrating that peer interactions significantly improve both speaking fluency and overall language proficiency [2, p.209].

3. *Prepare Students with Relevant Vocabulary.* Situational tasks often involve specific scenarios or topics, and it is crucial that teachers provide students with key vocabulary and expressions ahead of time. This preparation can help students feel more confident and better equipped to engage in the activity. According to Nation (2013), pre-teaching vocabulary before tasks improves students' ability to recall and use new words during interactions [3, p.56].

4. *Manage Classroom Dynamics Efficiently.* Given that many teachers report challenges with large class sizes, effective classroom management becomes crucial when conducting situational tasks. Teachers may benefit from establishing clear rules and expectations for participation, setting time limits for each activity, and using strategies to ensure that all students are actively involved. Research by Walsh suggests that clear classroom management strategies significantly enhance student participation and minimize disruptive behaviors [4, p.67].

5. *Incorporate Authentic Contexts.* To maximize the impact of situational tasks, teachers should aim to use real-world scenarios that are relevant to students' lives. Authentic materials, such as news articles, role-playing exercises, or task-based simulations, can provide meaningful context and increase student engagement. Studies by Gilmore show that authentic materials help bridge the gap between classroom learning and real-life language use, thereby improving student motivation and engagement [5, p.10].

Conclusion

Situational tasks offer a valuable approach to enhancing speaking skills in English as a Foreign Language (EFL) classrooms by providing students with the opportunity to engage in authentic communication. The findings of this study underscore the importance of adapting tasks to suit different proficiency levels, utilizing collaborative work to foster engagement, and preparing students with relevant vocabulary. Teachers face challenges, such as time constraints and large class sizes, but with effective classroom management strategies and thoughtful task design, these challenges can be mitigated. Additionally, incorporating authentic contexts and using real-world scenarios can greatly improve student motivation and confidence. The widespread endorsement of situational tasks among teachers highlights their significant potential in fostering a dynamic and

communicative classroom environment. For teachers to maximize the effectiveness of these tasks, continued professional development and support are essential. Ultimately, by thoughtfully addressing the challenges and leveraging the benefits of situational tasks, educators can create more engaging, effective, and meaningful language learning experiences for their students.

References

1. Bygate M. Speaking in a Second Language. Oxford.: Oxford University Press, 2016. - 123 p.
2. Sato M., Ballinger S. Task-based Language Teaching: The Importance of Collaborative Interaction. Language Teaching Research, 2016. - 209 p
3. Nation I. S. P. Learning Vocabulary in Another Language. Cambridge.: Cambridge University Press, 2013. - 56 p.
4. Walsh S. Classroom Discourse and Teacher Development. London.: Continuum, 2013. - 67 p.
5. Gilmore A. Authentic Materials and Authenticity in Foreign Language Learning. Language Teaching, 2011. – 10 p.

МҒТАР 16.31.02

Баянбат Ж., магистрант

*Alikhan Bokeikhan University, Семей қ, Қазақстан Республикасы
(baianbat@mail.ru)*

Абикенова Г.Т., к.ф.н

*Alikhan Bokeikhan University, Семей қ, Қазақстан Республикасы
(gulnafis.abikenova@mail.ru)*

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫЛЫҒЫ

Мақалада көркем шығармалардағы тілдік бірліктердің ақпараттылығы туралы мәліметтер беріледі. Лингвистика іліміндегі тілдік бірліктердің ақпараттылығы туралы ғалымдардың пікірлері талданып, олардың еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар, теориялық пайымдауларға сүйене отырып, Г.Мүсіреповтің көркем шығарма тілінің ақпараттылығы зерделенген. Қазақ тіл білімінде сөз мағынасы тілші ғалымдар тарапынан біршама зерттелген мәселе болғанымен көркем шығарма тілінің ақпараттық мәнін ашу әлі сөз бола қойған жоқ. Мақалада көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің оқырманын маңызды сипатқа ие оқиғалардан не автор толғанысынан хабардар етіп, қатысымдық сипатқа ие болатыны және сол жөнінде ақпарат беретіндігі айтылады. Мағыналық және құрылымдық жағынан тиянақталған мәтін коммуникативтік жағдаятқа байланысты қатысымдық сипатқа ие болады. Ал мәтіннің коммуникативтік қызметі қаламгердің белгілі бір мақсат көздеуімен (автордың идеясы, ойы) өлшенуге тиіс.

Кілт сөздер: Лингвистика, тілдік бірліктер, коммуникация, көркем мәтін, ақпарат.

В статье приводятся сведения об информативности языковых единиц в художественных произведениях. Проанализированы мнения ученых об информативности языковых единиц в учении лингвистики, изучены научные выводы в их работах, информативность языка художественного произведения Г. Мусрепова на основе теоретических рассуждений. Несмотря на то, что значение слова в казахском языкознании несколько изучено учеными-корреспондентами, тема раскрытия информационной сущности языка художественного произведения еще не приобрела актуальность. В статье

подчеркивается, что языковые единицы в художественном тексте имеют связный характер и информируют читателя о событиях, которые имеют значимость, либо о раздумьях автора. Семантически и структурно детализированный текст приобретает характер участия в зависимости от коммуникативной ситуации. А коммуникативная функция текста должна быть измерена тем, что писатель преследует определенную цель (идею, мысль автора).

Ключевые слова: лингвистика, языковые единицы, коммуникация, художественный текст, информация.

The article provides information about the informative value of language units in literary works. It analyzes scholars' views on the informative value of language units within the field of linguistics and examines the scientific conclusions drawn in their studies, the informative value of the language in G. Musrepov's literary works based on theoretical reasonings. Despite the fact that the meaning of the words in Kazakh linguistics has been partially studied by scholars, the topic of uncovering the informative essence of the language in literary works has yet to gain relevance. The article emphasizes that language units in a literary text are cohesive in nature and inform the reader about the significant events or the author's thoughts. A semantically and structurally detailed text assumes a participatory role depending on the communicative situation. Moreover, the communicative function of a text should be measured by the writer's specific purpose (the author's idea or message).

Keywords: linguistics, language units, communication, literary text, information.

Коммуникация – адамдардың білімін, ойын, идеясын, эмоциялық жағдайын, қарым-қатынасқа түсуші тараптардың бағыт-бағдарының мазмұнын беретін тұтас хабарлама. Коммуникация – бұл байланыс, ақпараттың қолданылу аясы, көлемі, мазмұны. Қатысымдық үдерісте тілдік бірліктердің ақпараттылығын прагматикалық және семантикалық тұрғыда қарастыру қажет. Қандай да бір тасымалдаушы құралдар ақпараттық сипатқа ие болмаса, оның мазмұны болмайды, демек қатысым жүзеге аспайды. Тілдік бірліктердің мағынасы жалпы тілдік жүйенің құрамдас бөлігі, элементі бола тұра, өзіндік дербестігімен де ерекшеленеді. Олардың өзіне ғана тән семантикалық қасиеттері бар.

Лингвистика іліміндегі тілдік бірліктердің ақпараттылығы туралы В.Н.Комиссаров, И.В.Арнольд, И.Р.Гальперин, М.Н.Володина, М.Оразов, Г.Р.Әлімбек сияқты ғалымдардың пікіріне назар аударған жөн. Олардың еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар, теориялық пайымдауларға сүйене отырып, Ғ.Мүсіреповтің көркем шығарма тілінің ақпараттылығын зерделеуге болады. Қазақ тіл білімінде сөз мағынасы тілші ғалымдар тарапынан біршама зерттелген мәселе болғанымен көркем шығарма тілінің ақпараттық мәнін ашу әлі сөз бола қойған жоқ.

Тілдік бірліктер арқылы берілетін ақпаратты **екі түрге бөліп** көрсетуге болады. Тіліміздегі бірліктердің сөздікте, жеке тұрғанда беретін ақпарат түрі қатысым актісінен тыс тұрады және заттар мен құбылыстар туралы хабарлайды. Ал, бірліктер коммуникативтік акт процесінің элементтері ретінде жұмсалып, мағыналық реңкті қоса білдірсе, нақты қатысымдық ақпаратқа ие болады. Мысалы: *Ел көшсе, жайлау жетімсіреп қалады, құс кетсе көл жетімсірейді* («Ұлпан» романынан). Сөйлемдегі *жетімсіреу* сөзі «ата-анасынан ажырау» деген тура мағынасынан алшақ кетпеген. Мұнда қатысымдық мағына теңеу түрінде келіп ақпараттылық мән стилистикалық тұрғыдан берілген. Тілдік бірліктердің ақпараттылық құбылысы сөйлемде анық байқалады. Мысалы: *Күзгі көк ақырын-ақырын тебендеп, келер жылдың қамын ойланғандай ақырын жатыр* («Ұлпан» романынан). Сөйлемнің негізгі беретін ақпараты – күз мезгілі. Жылдың осы кезеңі қарапайым хабарлау түрінде емес, кейіптеу түрінде ұтымды бейнеленген. Сөйлем құрамындағы бірліктерді жеке-жеке алғанда, толық ақпарат анықталмайды, тұтас сөйлем ғана жан-жақты ақпарат бере алады.

Сөздің ақпараттылығы оның контексте ашылатын мағыналарына тәуелді. Сөз мағынасын құрайтын семантикалық белгілер сол сөзбен таңбаланған шындық болмыстың мазмұнын білдіретін ақпарат болып табылады.

Қатысымдық тиянақты ойды білдірудің басты бірлігі – сөйлем. Сөз сөйлемнің құрамына енген кезде, айтылар ойға қатысты қатысымдық мағынаны толықтырып, ақпаратты күшейтеді. Сондықтан да, сөйлем құрамындағы сөздердің бірігіп беретін ақпарат көлемі кең әрі мазмұнды, олар баяншы ойын жеткізуге қызмет етеді.

Қатысымдық бірліктер арасында ақпарат берудегі ауқымдылығымен, күрделілігімен ерекшеленетін – мәтін. Мәтіннің қатысымдық мәні мен ақпараттық көрінісі түрліше болып келеді. Мысалы: *Екі тау иығымен соқтығысып бірін-бірі орнынан қозғай алмай тұрып қалған сияқты. Егізкөлдің бергісі кішірек болушы еді, соның бар суы лықсып келіп, тас кемерінен бір-ақ ырғып түсті. Лақ етіп ақтарылды. Сарқырап жататын құлама суды көміп жіберді. Үйдей тастар гүрсілдетіп домалап келеді. Терең сайдың екі жақ ернеуін су кернеп, кеміріп, кеңейтіп келеді. Тау төбесінен құлап түскен құж тастар шошынып, үріккен тау өгіздей жосып, ақтарылған судың алдында келе жатыр. Жойқын су кейде ондаған тау өгізді жұтып жібереді. Ұзамай ондаған тау өгіз судан шыға келіп, тағы да ілгері домалайды («Әмина» әңгімесінен). Мәтіндегі ақпараттың берілу ерекшелігіне қарай оның құрылымы да күрделене түскен. Мәтінге қосылған әрбір жаңа сөйлем басты тақырыппен жымдасып, оның ақпараттық мазмұнын күрделендіріп тұр.*

Мәтіннің ақпараттық құндылығы тек сөз шеберлігінде ғана емес, оқырманға тың ақпарат беруінде. Мысалы: *Керей –Уақ елдерінің ескіден келе жатқан дәстүрі бойынша ауыр бәле шыққан, қырсық болған жерлерді өртеп тазалау керек. Оба, қорасан сияқта адам апаты, ала өкпе, қара өкпе сияқты мал апаты болған жерлерді де өртеп, келер жылға дейін ол маңайға жоламай көшіп кететін. Мұстапаның Қожық ауылын өртеп жібергені болысбилердің ойына сол дәстүрді түсірді. Қара пәле орнаған Қожықтың жазғы жайлау, қысқы қыстауларын «бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген аз Тәукенің жосық-жоралғысы бойынша қысқы, жазғы үйлерін бар мүлкімен түгел өртеп жіберді. «Бүлдіргі» қамшының сабына тағылатын екі сүйем қайыс қой. Керей –Уақ жігіттері Қожықтың байлығына қолын арамдаған жоқ [1, 78 б].* Мәтіннен оқырман Керей –Уақ елдерінің ескіден келе жатқан дәстүрі жайында, яғни ауыр бәле шыққан, қырсық болған жерлерді өртеп жіберетіндігі жөнінде мәлімет алады. Сондай-ақ, жазушы қазіргі қолданыста кездесетін «бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген идиоманың этимологиясымен қоса, сирек кездесетін «бүлдіргі» сөзінің мағынасынан да хабардар етеді. Оқырманға мұндай тілдік бірліктердің қолданыстық мәнін ашып беру жазушы туындысының ақпараттық құндылығын жоғарылатады.

Көркем мәтіндегі тілдік бірліктер оқырманын маңызды сипатқа ие оқиғалардан не автор толғанысынан хабардар етіп, қатысымдық сипатқа ие болады және ақпарат береді. Мағыналық және құрылымдық жағынан тиянақталған мәтін коммуникативтік жағдаятқа байланысты қатысымдық сипатқа ие болады. Ал мәтіннің коммуникативтік қызметі қаламгердің белгілі бір мақсат көздеуімен (автордың идеясы, ойы) өлшенуге тиіс.

Поэзиялық туындыларда заман келбетін, жаңа өмірді, туған жер табиғатын жырлай отырып, тыңдаушысының дүниетанымын арттыратын, оған ой салатын ауқымды мәселелерді қозғалады. Бұл – өлең мәтіні коммуникациясындағы түпкі мақсат және күллі поэзия табиғатына тән ерекше болмыс. Бұл ретте тыңдаушы психикасына ерекше әсер ететін, тыңдаушының эмотивтілігін арттыратын экспрессивті, эмоционалды сөздер, бағалауыштық қолданыстар таңдалынады. Мысалы:

*Сен кім? Мен кім?
Ойлашы бір осыны,
Таңалдырар,
Ойландырар
Кенет ойдың тосыны.*

Ақылды бол, Тілегім сол,
 Құлағыңа кірсе егер дос үні
 Шыпжаңдама, Қылжаңдама, Дұрыстан.
 Кім ұқпайды: Түк шықпайды Ұрыстан.
 Қыңыр тартып, Қиындыққа кеткенше.
 Дұрыс болар
 Адал жолмен тырысқан. («Сен кім? Мен кім?» өлеңінен) немесе:
 Көкте зырлап барады Алтын жұлдыз.
 Жерде тұрып қарады Әлия қыз.
 Алтын жұлдыз алысқа
 Кетті ағып,
 Кетті ағып, жас қызға
 Бір ой салып,
 Алтын жұлдыз зымырып Кетті алыс.
 Кетті алыс мылтық ап Бір жап-жас қыз
 Майдан кешті мылтық ап
 Әлия қыз,
 Өр төсінде жарқырап
 Алтын жұлдыз (Қ.Аманжолов «Әлия қыз» өлеңінен) [2, 105 б].

Мұнда қабылдаушы тез түсінетін ұғымдар, жеңіл ұйқастар алынған. Ақынның мұндай туындыларында автордың дүниеге көзқарасы айқындалады. Оқырман авторлық ойдан, оның жеткізер мағлұматынан хабардар болады, ақпарат алады. Жеке тұрғанда, заттың, сынның, қимылдың т.б. атауы болып номинативті қызмет атқаратын тілдік бірліктер көркем шығарма мәтіні құрамында қатысымдық бірлікке айналып, коммуникативтік қызмет атқарады. Осылайша, адам ойын жарыққа шығаратын, қарым-қатынас құралы саналатын тіл көркем шығарманың да басты құралы бола отырып, нақты бір мағлұматты, хабарды оқырманға жеткізеді. Сонымен ақын поэзиясы тіліндегі қатысымдық бірліктер автордың айтайын деген ойын іске асыру мақсатында тұтас мазмұнын түсінуге септігін тигізіп, идеялық мақсатын ашып беруге мүмкіндік береді.

Көркем шығармада кейіпкерлерді сөйлетіп, оларды әр түрлі оқиғаларға қатыстырып отыратын автор сөзінен оқырман санасында автордың өз бейнесі туралы түсінік қалыптасады.

Тілдік қатынастың хабардың пайда болуы, хабардың сыртқа шығуы, хабардың жеткізілуі, хабардың қабылдануы, хабардың жауабы деген бірнеше кезеңнен тұратынын ескере келе, «тілдік қарым-қатынас болу үшін, хабарды қабылдап алумен ғана шектелу біржақты процесс болады, тілдік қатынас жүзеге асу үшін, қабылданған хабарға көңіл аудару, яғни оны сарапқа салу, бағалау, түсіну, сосын жауап қату шарт», – деген ғалым Ф.Оразбаева ойына назар аударсақ, келесі өлең жолдарының:

Әлде, менің махаббатым харам ба?
 Әлде, көңілім сен дегенде сараң ба?
 Әлде, менің адамшылық арым кем,
 Дос болуға сірә сіздей адамға?
 Әлде, сенен басқа жарды сүйдім бе?
 Сенен ұрлап жүректе сыр түйдім бе?
 Әлде, мүмкін, дұшпан сөзін құп көріп,
 Сабырсыз боп жоқ нәрсеге күйдің бе?
 Әлде, мүмкін, тұтылды ма алтын күн,
 Ай күңгірт боп басты ма кеп қара түн?
 Әлде, мүмкін, шалқып жатқан дарияға

Күйе түсіп, қаптады ма көк түтін, («Әлде...» өлеңінен) [3, 49 б]– деп келетін «Әлде...» өлеңіндегі автор сауалы жауапсыз қалған деп айта алмаймыз. Бұдан қарым-қатынас орнаған

жоқ деген ой туындамауы керек. Себебі, ақын сауал қою арқылы бақылаушы-оқырманына кейіпкерінің психологиялық күйінен хабар беруді мақсат еткен. Бұл диалогтың басты ерекшелігі – мұндағы диалог шығарма кейіпкерлері арасында емес, автор мен кейіпкердің арасындағы диалогтың орын алуында. Бірақ, шығарма кейіпкерінің авторға жауап беруі міндетті емес. Бұл – поэзиялық шығармадағы диалогты қатысымдық мақсатта қолданудың бір ерекшелігі. Тағы бір мысал:

Неге мұнша, сорлы жүрек, соғасың?

Неге күйіп, неге мұздап тоңасың?

Арпалысып тыныш жата алмай ұяңда,

Неге мұнша мазасыз сен боласың?!

Неге мұнша үрейлене соғасың?

Қиял кернеп, нені ойлап шоласың?

Сорлы жүрек, ойларсың да, толғарсың,

Толарсың да, сарғаярсың, соларсың.

Неге мұнша жалындайсың, жанасың?

Жанды қинап, тәнді өртеп барасың?

Өл дейсің бе, кет дейсің бе гайып боп,

Талақ етіп жер мен көктің арасын! («Сабыр етші» өлеңінен) [3, 51 б].

Ақын диалог кұруда өлең жүйесіндегі заңдылықтарды сақтай отырып, адресатқа кейіпкердің психологиялық жай-күйін толық хабардар ететін, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты тереңінен ашатын, эмоционалды-экспрессивті тілдік бірліктерге толы коммуникация үлгілерін көрсетті. Жалпы, бұл шығармалардағы қатысымдық тілдік бірліктердің ақпараттылығы ең алдымен, оқырманға (қабылдаушы) ой салатын және кері жауап тудыратын ақпарат көзі; екіншіден, тілдік бірліктер – мазмұн жағынан өзара тығыз байланысты коммуникативтік-функционалдық тұтастық; үшіншіден, олар кейіпкер бейнесін ашу үшін жұмсалған тілдік бірліктермен өрілген, экспрессивті-эмотивті интонацияға ие қатынас түрі деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мүсірепов Ф. Ұлпан:роман/ Ғабит Мүсірепов.- Алматы: Паритет, 2006. - 78 б.
2. Аманжолов Қ. Дариға, сол бір қыз. Өлеңдер жинағы. – Алматы, 1979. - 105 б.
3. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. - Алматы, 1999. - 49-51 бб.

МҒТАР 16.21.41

Ертаева Н.М., магистрант

Alikhan Bokeikhan University, Семей қ, Қазақстан Республикасы
(*ertaeva.n.m@mail.ru*)

Абикенова Г.Т., ф.ғ.к

Alikhan Bokeikhan University, Семей қ, Қазақстан Республикасы
(*gulnafis.abikenova@mail.ru*)

ГРАММАТИКАЛЫҚ МАҒЫНА БЕРУДІҢ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

Мақалада қазақ тіл білімінде грамматикалық мағына берудің тәсілдері мен жолдары туралы айтылады. Тілші ғалымдардың грамматикалық мағына берудің тәсілдері мен

жолдары туралы зерттеулері талданады. Грамматикалық мағынаны білдірудің мақалада көрсетілген тәсілдері мен жолдары барлық тілдерге де тән бе екендігі әрі бұл жағынан қазақ тілінің ерекшелігі бар ма, жоқ па деген сұрақтарға және грамматикалық мағынаны білдірудің көрсетілген тәсілдері мен жолдары бір тілде толық кездесе бермеуі, кейбіреулері ғана қолданылуы мүмкін екендігіне қатысты мәселелер қарастырылады.

Кілт сөздер: грамматика, грамматикалық мағына, морфология, семантикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл.

В статье рассказывается о методах и способах передачи грамматического значения в казахском языкознании. Анализируются исследования ученых-корреспондентов о методах и способах передачи грамматического значения. Рассматриваются вопросы о том, присущи ли описанные в статье методы и способы выражения грамматического значения всем языкам и есть ли в этом отношении специфика казахского языка или нет, а также о том, что не все указанные методы и способы выражения грамматического значения встречаются в одном языке, могут использоваться только некоторые.

Ключевые слова: грамматика, грамматическое значение, морфология, семантический метод, синтетический метод, аналитический метод.

The article discusses the methods and techniques of conveying grammatical meaning in Kazakh linguistics. It analyzes the research of scholars on the methods and ways of expressing grammatical meaning. The article examines whether the described methods and techniques of expressing grammatical meaning are universal to all languages or whether there is a specificity in this regard for the Kazakh language. It also explores the idea that not all mentioned methods and ways of expressing grammatical meaning are present in every language, only some may be used.

Keywords: grammar, grammatical meaning, morphology, semantic method, synthetic method, analytical method.

Қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар - морфологияның негізгі өзегі. Сөздер сөйлемде алуан түрлі түрленеді, сөздердің сөйлемде бір-бірімен байланысуының өзіндік заңдылықтары қалыптасқан, сөздерді түрлендіретін тілде түрлі көрсеткіштер қалыптасқан, олар сөзге түрлі-түрлі грамматикалық мағыналар қосады, сөздің тұлғасын түрлендіреді, бірақ олар лексикалық мағынаны өзгертпейді, сөз сөйлем құрамына қандай лексикалық мағынамен түссе, сол мағынасын сөйлемде сақтайды.

Негізгі оқулық ретінде ұзақ жылдар қолданылып келген А.Ысқақовтың «Қазақ тілі» оқулығында, грамматикалық мағынаның берілу тәсілі деп аффиксация, дербес сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі, қосарлану, орын тәртібі, екпін тәсілдерін көрсетсе, К. Аханов аффиксация, ішкі флексия, қосарлану, бірігу, сөздердің орын тәртібі, екпін, интонация тәсілдері бар деп көрсеткен. Ал Н. Оралбай оны екіге бөліп көрсетеді: біріншісі, қосымшалар арқылы (жалғау, нөлдік қосымша, грамматикалық жұрнақ), ал екіншісі көмекші бірліктер арқылы (шылаулар, көмекші есім, көмекші етістік, модаль сөз, күшейткіш көмекшілер, көмекші күшейткіш буындар) [1, 198 б].

Ал, С.М. Исаевтың бұл мәселеге қатысты зерттеуінің ерекшелігі – мағына білдіру тәсілдері мен оның жолдарын бөліп көрсетуінде. «Ең алдымен грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері деген ұғым мен жолдары деген ұғым бір ме, бөлек-бөлек пе? Осыны нақтылап түсініп алу қажет» -дейді [17.36].

Грамматикалық мағынаның берілу тәсілдері деген ұғым белгілі бір мағына типтерінің (түрлерінің) не арқылы және қалай берілуінің тілдік қабат негіздері жиынтығы, тобы болып табылады да, ол өз ішінде жекелеген түрлерден тұрады. Грамматикалық мағынаның белгілі

бір берілу тәсілінің бірнеше түрлері болуы мүмкін. Сол түрлер ол тәсілдің немесе мағына берілудің жолдары деп аталады.

Грамматикалық мағынаны білдірудің ең бірінші тәсілі – **семантикалық тәсіл**. Ол - сөздің лексикалық мағынасының абстракцияланып жалпылануы арқылы іске асады. Сөйтіп, жалпы грамматикалық мағына пайда болады. Екінші – **синтетикалық тәсіл**. Грамматикалық мағынаның синтетикалық тәсіл арқылы берілуінің тіл білімінде бірнеше жолы бар. Олар: *қосымша қосылу жолы, яғни грамматикалық тұлғалардың (формалардың) үстелуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, префикс қосылу жолы, яғни сөзге префикс - приставка қосылу арқылы грамматикалық мағынаның берілуі; ішкі флексия жолы, яғни сөздің ішкі кейбір дыбыстарының өзгеруі, алмасуы, қосылуы арқылы грамматикалық мағынаның берілуі; екпін арқылы, яғни екпіннің өзгеруімен грамматикалық мағынаның берілуі; супплетивті жол, яғни грамматикалық мағынаның жеке-жеке сөздер арқылы берілуі*. Үшінші – **аналитикалық тәсіл**. Аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі, жолы бар. Олар: негізгі сөздердің тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі (мысалы, *алтын сағат, темір күрек, ағаш үй, шәкірт бала* сияқты тіркестерде алғашқы зат атаулары *алтын, темір, ағаш, шәкірт*, екінші зат атауын білдіретін сөздермен тіркесу арқылы заттық мағынада емес, қатыстық-сындық мәнде қолданылған) негізгі сөз бен көмекші сөздің (көмекші етістік, шылау, т.б.) тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, сөздердің қосарлануы арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, сөздердің орын тәртібі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, дауыс ырғағы, интонация арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Сондай-ақ, *аралас тәсілдер* де болуы мүмкін яғни грамматикалық мағынаның берілуінде бір емес бірнеше тәсілдің элементі болуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың талдауларында грамматикалық мағынаны берудің тәсілдері мен жолдары араласып кеткен. Аталған тәсілдерді профессор С.М.Исаев көрсеткен үш тәсілдің жолдары ретінде топтастыруға болады. Сонымен қатар К.Аханов зерттеуіндегі бірігу тәсілі грамматикалық мағына берудің бір жолы бола алмайды. Сондай-ақ, қосарлаудың да түгелдей грамматикалық мағына бермейтінін, оның қайталама түрінің ғана грамматикалық мағынаға негіз болатынын ескерген жөн. Н. Оралбай атап көрсеткен екі тәсілде мағына берудің барлық жолы көрініс таппағаны әрі бірқатар ойланарлық мәселелердің бар екені байқалады. Мәселен, *көмекші есімдер мен күшейткіш көмекшілер* (өте, тым, аса) грамматикалық мағына білдіре ме? Олардың лексикалық мағынасынан толық айрылған сөздер емес екенін ескерсек, аталған топқа қосудың қажеттігі жоқ секілді.

Ал грамматикалық мағынаны білдірудің осы көрсетілген тәсілдері мен жолдары барлық тілдерге де тән бе? Бұл жағынан қазақ тілінің ерекшелігі бар ма?

Грамматикалық мағынаны білдірудің көрсетілген тәсілдері мен жолдары бір тілде толық кездесе бермеуі, кейбіреулері ғана қолданылуы мүмкін. Қазақ тілінде бұл тәсілдердің кездесетіндері мыналар:

1. Семантикалық тәсіл. Лексикалық мағынаның жалпыланып, абстракциялануы арқылы жалпы грамматикалық мағынаның пайда болуы. Мысалы, белгілі бір топ сөздердің жалпы зат атауын немесе заттың сынын я санын, немесе жалпы қимыл, іс-әрекетті білдіруі, сөйтіп, белгілі бір топтарға (сөз таптарына) жіктелуі.

Әрине, бұл жерде әңгіме лексикалық мағынасы бар сөздер жайында болып отыр. Лексикалық мағынасынан айырылып қалған көмекші сөздердің жалпылануы туралы әңгіме қозғаудың қисыны жоқ. Лексикалық мағынасынан айырылып қалған көмекші және А.Ысқақовтың көрсетуінше, одағай сөздердің де бұл салада жағдайы мүлде бөлек. Ондай көмекші сөздер сөйлем ішінде белгілі бір сөздердің жетегінде, шылауында жұмсалып, оған әр түрлі қосымша мән береді не үстейді, қосады. Бұдан байқалатыны – бұл сияқты көмекші сөздерде семантикалық процесс бұрын болып, енді олар сөйлемде дайын қосымша тілдік элемент ретінде пайдаланылады. Ал толық мағыналы (лексикалық мағынасы бар) сөздерде бұл процесті сөйлемнің өзінен-ақ көруге болады.

«Сөйтіп, сөздер лексикалық мағынасы арқылы дараланып, сараланып, ерекшеленіп, тілдің жеке-жеке лексикалық көрінісі болып тұрса, ол лексикалық мағыналарының абстракцияланып, жалпылануы арқылы ортақ грамматикалық қасиеттерге ие болып, грамматикалық әр түрлі топ (сөз топтары) құрауға мүмкіндік туады. Яғни тілдегі бір топ сөздер зат атауы ұғымымен байланысты болып, заттық ұғымды білдіретін сөздер (зат есім), екінші тобы әр түрлі қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер (етістік) үшінші тобы заттың әр түрлі белгісін, сапасын, түсін, қатысын т.б. мәнді білдіретін сөздер (сын есім), сандық ұғымды білдіретін сөздер (сан есім), қимыл, іс-әрекеттің әр түрлі амал, сын-қимылын, мекен-мезгілін, себеп-мақсатын т.б. білдіретін сөздер (үстеу), орынбасар сөздер яғни осы көрсетілген сияқты сөздердің орнына жүретін сөздер (есімдік) деп саралауға болады. Осыдан анық көрінетіндей, сөздің жалпы грамматикалық мағынасы яғни лексикалық мағынаның негізінде пайда болатын грамматикалық мағына (семантикалық тәсіл) сөздерді семантикалық сипаты жағынан грамматикалық топтарға бөлуге негіз де болып саналады» [2, 38 б]. Грамматикалық мағынаның бұл түрі мен берілу тәсілі қазақ тіл білімінде К.Аханов пен Ы. Маманов зерттеулерінде ғана кездеседі.

2. Синтетикалық тәсілдің қазақ тілінде ең жиі кездесетіні қосымша арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Әсіресе форма тудыратын қосымшалар арқылы неше алуан грамматикалық мағына беріледі: көптік, тәуелдік, жақтық мағыналар, жіктік жалғау арқылы жақтық, жекешелік-көптік мағыналар, септік жалғаулары арқылы қимыл, іс-әрекеттің иесі, меншіктілік, тура және жанама объектілік, мезгілдік, мекендік-бағыттық, құралдық-амалдық сияқты мағыналар, шырай жұрнақтары арқылы бір тектес сынның салыстырмалы я күшейтпелі сипаты, етіс жұрнақтары арқылы қимыл, іс-әрекеттің субъекті мен объекті арасындағы әр түрлі қатынастарды білдіру, болымсыз етістік жұрнағы арқылы сол қимылдың болмауы, шақ жұрнақтары арқылы сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болып кеткенін, я болып жатқанын, я әлі болмағанын (шақтық мағыналарды) білдіруі рай тұлғалары арқылы қимылдың болу-болмау шартын, тілек-ниетін, біреуге бұйыруын т.б. білдіруін көрсетуге болады.

Ғалым қазақ тілінде грамматикалық мағынаны префикс арқылы білдіру жолының жоқтығын көрсетеді. «Мысалы, орыс тілінде *при-шел* (келді), *у-чил* (оқытты, үйретті), *за-шел* (келіп-кетті), *про-читал* (оқып шықты), *пере-шел* (өтіп кетті) т.б. сөздердегі *при*, *у*, *за*, *про*, *пере* приставкалары белгілі грамматикалық мағына тудырып тұр. Қазақ тіліндегі бірді-екілі сөздің құрамындағы *бей* (*би*) -*бейшара*, *бейма-за*, *бейуақыт*, *на* - *наразы*, т.б. префикс емес, олар кірме түбірдің құрамына еніп кетеді [2, 40 б].

Сондай-ақ, ішкі флексия жолы да қазақ тілінде жоқ. Мысалы, араб тілінде сөздің құрамындағы ішкі дыбыстардың өзгеруі арқылы жаңа грамматикалық мағына туады: *катаба* - *жазу*, *жазды* етістігі болса, *китаабун* – *кітап* та, *кутбун* – *кітаптар* деген көптік мәнді білдіреді. Ішкі флексияның элементтері орыс тілінде де кездесіп отырады: *собирать* (жинау) – *собрать* (жинап алу), *бегать* - (жүгіру) – *бежать* (жүгіріп кету) т.б. сияқты етістіктің түрлік мағыналары, сөздің құрамындағы дыбыс өзгерістері (ішкі флексия) арқылы беріледі. Грамматикалық мағынаның екпін арқылы да берілуі қазақ тілінде жоқ деуге болады. Қазақ тіліндегі болымсыз етістік пен етістік түбірден зат есім тудыратын - *ма*, - *ме*, - *ба*, - *бе*, - *па*, - *пе* қосымшалары арқылы жасалған сөздердегі екпіннің әр түрлілігі (мысалы, *кеспе* - *кеспе*, *мінбе* - *мінбе*, *көрме* - *көрме*, *қоспа* – *қоспа* т.б.), екпіннің сөз мағынасын айыру сипаты бола алмайды. Орыс тілінде екпін сөз мағынасын лексикалық айырумен бірге (мысалы, *замок* - *қорған*, *замок* - *құлып*, *кілт*, *мука* - *азап*, *мука* – *ұн*, т.б.) грамматикалық мағына тудыруға да негіз болады: *окна* – *терезенің* (жекеше ілік септік), *окна* – *терезелер* (көпше атау септік), *руки* - қолдың, *руки* – *қолдар*, *воды* – *суды*, *воды* - *сулар*, т.б. Сондай-ақ қазақ тілінде грамматикалық мағынаны берудің супплетивті жолы да жоқ. Мысалы, орыс тілінде *адам* деген ұғым *человек* сөзі арқылы берілсе, оның көпше түрі бүтіндей басқа сөзбен (*люди* – *адамдар*) беріледі. Сондай-ақ *хорошо* – *жақсы* және *лучше* - *өте жақсы*, *сказал* - *айтты*,

говори́л – айты́ параллельдері де супплетивті жол арқылы грамматикалық мағына білдіруге жатады» [2, 40 б].

3. Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің барлық түрлері дерлік кездесіп отырады. *Негізгі сөздердің тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі* дегенде, әдетте ол сөздердің сол тұлғаларында бір-бірімен тіркесуі арқылы жеке тұрғандағысынан өзгеше, жаңа грамматикалық мағынаны білдіруін айтамыз. Бұл - әсіресе түбір тұлғадағы зат есімдердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуынан анық көрінеді. Әдетте зат есім заттың атын білдіру мағынасымен байланысты қолданылса, енді бір зат есім екінші зат есіммен түбір тұлғада тіркессе, зат атауын білдіруге жат мағынада, қатыстық-сындық мағынада жұмсалады. Мысалы, *қол сағат, қалта сағат, қабырға сағат, алтын сағат, жібек орамал, тас үй, тас жол, киіз үй, кірпіш үй, ағаш үй, оқушы бала*, т.б. тәрізді тіркестердің бірінші зат есім сыңары зат есімге тән емес қатыстық-сындық мәнді білдіріп, *қандай?* деген сұраққа жауап береді. Сөз жоқ, бұл жерде сөздердің орын тәртібі де белгілі дәрежеде рөл атқарып тұрғанын естен шығаруға болмайды.

Негізгі (толық мағыналы) сөз бен көмекші сөздің тіркесуі арқылы да грамматикалық мағынаның берілуі қазақ тілінен үлкен орын алады. Негізгі сөздерге *септеулік шылаулар* тіркесу арқылы мақсат, себеп, арнау, мекендік, мезгілдік, саралау, ұқсату, жәрдемдік, көмектік, мөлшерлік сияқты мағыналар үстеледі. Мысалы, *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ – барды, ертегіні термек үшін* деген сөйлемдегі *үшін* шылауы өзі тіркескен *ермек, термек* сөздеріне мақсат мәнін үстеген. Ал демеулік шылаулар өзі тіркескен сөзге я түгел сөйлемге әр түрлі күшейткіш, сұрау, болжам, шектілік тәрізді мән үстейді. *Ашаршылық жоқ па? Ақ жағы қалай? Сауыны тәуір ер бар ма? Осының бәрін қадағалап сұрайды.* (М.Әуезов). – *Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау!* – деді. (Б.Майлин). Сондай-ақ көмекші етістіктердің өздері қатысты негізгі сөздерге (етістікке не есім сөздерге) үстейтін грамматикалық мағыналары сан алуан. Мысалы, тек қана *оқып* сөзіне тіркескен мына көмекші етістіктердің үстейтін грамматикалық мағыналары қаншама: *оқып отырды, оқып жүрді, оқып тұрды, оқып болды, оқып шықты, оқып қалды, оқып қойды, оқып көрді*, т.б. немесе сапалық сын есімдерге күшейткіш үстеулердің препозитивтік тұрғыда тіркесіп қолданылуы да жаңа грамматикалық мағына үстеудің бір жолы.

Сөздердің қосарлануы арқылы жалпылық, көптік, сөздердің қайталануы арқылы көптік, дүркінділік, сындық мәндегі сөздерге үстеме буын арқылы күшейткіш мағыналар үстеу де грамматикалық мағына білдірудің белгілі бір жолы болып табылады. Мысалы, *аяқ-табақ, үлкен-кіші, кәрі-жас* дегендер жаңа туынды (сөз) болумен қатар, жалпылық мән сияқты грамматикалық мағына да білдіріп тұр, ал *қора-қора қой, тау-тау ас-тық, көре-көре, сөйлей-сөйлей* дегендегі қайталама қос сөздер көптік, дүркінділік ұғымды білдіреді, *қып-қызыл, жап-жақсы, үп-үлкен*, дегендегі үстеме буындар (*қып, жап, үп*) күшейткіш мәнді білдіреді.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі әр тілде әр түрлі қызмет атқарады. Қазақ тілінде ол сөздердің орын тәртібі – грамматикалық мағына білдірудің негізгі бір жолы болып табылады. Сондықтан да сөйлемде сөздердің (сөйлем мүшелерінің) белгілі тұрақты орын тәртібі бар. Ол орын тәртібінің өзгеруі белгілі бір мән үстелуімен байланысты болады. Мысалы, *Тарт қолыңды Вьетнамнан!* (Әдеттегі орын тәртібі – *Вьетнамнан қолыңды тарт*) деген сөйлем үлкен бір жігермен айтылады да, орын тәртібінің өзгеруі (инверсия) белгілі бір стильдік жүк көтеріп тұр. Сөздердің орын тәртібінің өзгеруі олардың грамматикалық мағыналары мен сөздер арасындағы синтаксистік қатынастардың мүлдем өзгеріп кетуіне де себеп болады. Мысалы, *қалта сағат* (сағаттың қалтаға салып жүретін бір түрі), *көз айнек* (көзілдірік яғни көзге салатын айнек), *біз өкше* (үшкір өкше), *мосы ағаш* (мосы жасайтын ағаш) тәрізді тіркестер бір түрлі мәнде қолданылса, олардың орнын ауыстырып жұмсағанда, басқа мағынада және басқа синтаксистік қатынаста айтылады: *сағат қалта*

(сағат салуға арналып тігілген қалта), әйнек көз (шыныдан салынған жасанды көз), өкше біз жуан біз яғни ағаш шегені өкшеге қағу үшін пайдаланылатын ең жуан біз, ағаш мосы ағаштан жасалған мосының түрі, темір мосы да болуы мүмкін, т.б.

Әрине, бұл тіркестер сөйлем ішінде талдануы қажет. Соның өзінде де қатар тұрған екі зат есімнің мәні де, қызметі де бірдей емес екенін көру оңай. Қосалқы айқындауыш деп жүрген единицаларды олардың орнын ауыстырғанымен, мағынасы да, қызметі де өзгермейді деген топшылаудың тіпті де дұрыс емес екендігін көрсетілген тіркестер айқындап отыр. Алдыңғы зат атауы екінші орындағы заттың белгілі бір белгісі, атрибуты болуы, ал негізгі зат, ұғым екінші сөз екенін айыру қиын емес: қандай (қай)? сағат – қалта сағат яғни негізгі мағына сағат та, қалта сол сағаттың анықтауышы (сағаттың бір түрі, өйткені қабырға я қол сағат та бар), қандай, (қай?) қалта – сағат қалта яғни негізгі мағына қалта да, сағат сол қалтаның анықтауышы (сағат салатын қалта, қаламсап салатын да қалта болуы мүмкін) т.б. Әрине, қатар келген екі зат есім бұлар сияқты әр уақытта орын ауыса да бермейді: *тас жол (жол тас емес), жібек орамал (орамал жібек емес), ағаш үй (үй ағаш емес)* т.б. Бұдан да осы тәріздес зат есімдердің мағыналық, қызметтік сипатын аңғаруға болады.

***Keywords:** Cyrillic, Latin alphabet, automated system, Android platform, conversion, user interface, conversion algorithm.*

Современные мобильные приложения играют ключевую роль в автоматизации языковых процессов, включая задачи транслитерации. Перевод текста с кириллицы на латиницу стал особенно актуальным в связи с переходом ряда стран на латинский алфавит, что создает потребность в автоматизированных решениях [1, с.5].

Транслитерация отличается от перевода тем, что она сохраняет фонетическое звучание оригинального текста. Для выполнения этой задачи необходимы четкие алгоритмы, способные учитывать контекст и правила преобразования [2, с.12].

Целью данной работы является разработка удобного и эффективного приложения на платформе Android для автоматического перевода текстов с кириллицы на латиницу. В данной статье рассматривается процесс разработки приложения для платформы Android, которое будет автоматически преобразовывать кириллический текст в латиницу с возможностью выбора различных вариантов транскрипции.

8. Актуальность и цели разработки

С развитием мобильных технологий и интернета пользователи все чаще сталкиваются с необходимостью ввода текста на латинице при работе с кириллическими документами или сообщениями. В ряде случаев правильное преобразование текста может быть трудным для ручного ввода, особенно если используются нестандартные или устаревшие формы транскрипции.

Целью разработки является создание автоматизированной системы, которая позволяет пользователю быстро и удобно конвертировать текст с кириллицы на латиницу, а также обеспечить возможность выбора между различными вариантами транскрипции. Преобразование должно быть быстрым, точным и интуитивно понятным для пользователя.

9. Обзор существующих решений

На текущий момент существует несколько решений для перевода текста с кириллицы на латиницу. Некоторые из них являются онлайн-инструментами, другие — настольными приложениями или расширениями для браузеров. Однако большинство из них не обладают функциональностью для мобильных устройств, что ограничивает их доступность и удобство использования.

В рамках мобильных приложений для платформы Android существует несколько приложений для конвертации кириллицы в латиницу, однако многие из них имеют ограниченные возможности, недостаточную гибкость в настройках транскрипции или неудобный интерфейс.

3. Проектирование системы

3.1. Выбор платформы

Для перевода текста была выбрана стандартная схема транслитерации ГОСТ 7.79-2000, поскольку она широко используется в международной практике [3, с.45]. Дополнительно был реализован модуль пользовательских настроек для гибкости преобразования.

Для реализации приложения была выбрана платформа Android, так как она предоставляет широкий инструментарий для разработки мобильных приложений и обладает хорошей поддержкой для интеграции с различными видами интерфейсов.

3.2. Описание интерфейса пользователя

Для удобства работы с приложением был выбран простой и понятный интерфейс. Он включает в себя два текстовых поля: одно для ввода кириллического текста, другое — для вывода переведенного текста на латиницу. Также предусмотрена кнопка для запуска процесса преобразования текста и выдачи списка для выбора типа транскрипции (например, стандартная латиница, научная транскрипция и т.д.) [4, с.78].

3.3. Архитектура приложения

Приложение имеет трехуровневую архитектуру:

- **Пользовательский интерфейс (UI)** — отображает поля для ввода текста и выбор транскрипции.
- **Бизнес-логика** — обработка текста, вызов алгоритма перевода и выбор вариантов транскрипции.
- **Данные** — использование базы данных для хранения различных типов транскрипции и алгоритмов.

10. Алгоритм преобразования текста

Алгоритм преобразования текста с кириллицы на латиницу основан на таблицах соответствий букв кириллицы и латиницы. Важно учесть, что в зависимости от языка и стиля транскрипции может быть использован один из нескольких вариантов перевода. Например, в русском языке возможны различные способы транскрипции, такие как стандартный, научный или международный.

Основные этапы алгоритма:

1. Преобразование каждой кириллической буквы в соответствующую латинскую.

2. Проверка и коррекция специальных символов и диакритических знаков.
3. Применение правил транскрипции для определения корректных соответствий.

11. Реализация на платформе Android

Для разработки приложения на Android использовались стандартные инструменты разработки, такие как Android Studio и Java/Kotlin. Для обработки текста использовалась стандартная библиотека Android для работы с текстовыми данными, а для построения интерфейса применялись элементы из библиотеки Android UI.

Особое внимание было уделено оптимизации производительности приложения, чтобы процесс преобразования текста происходил быстро, без задержек, что важно для пользователей мобильных устройств.

12. Тестирование и результаты

После завершения разработки приложения было проведено тестирование с целью проверки корректности работы алгоритмов преобразования и стабильности приложения в различных условиях. Были использованы как автоматизированные, так и ручные тесты, которые позволили выявить и устранить ошибки в работе системы.

Результаты тестирования показали, что приложение справляется с задачей перевода с кириллицы на латиницу в реальном времени с высокой точностью. Время обработки текста не превышает нескольких секунд, что делает приложение удобным для повседневного использования.

13. Сравнительный анализ с аналогами

При сравнении с аналогичными приложениями для Android можно отметить, что разрабатываемая система обладает рядом преимуществ:

- Поддержка нескольких типов транскрипции.
- Интуитивно понятный интерфейс.
- Высокая скорость работы.

Однако, как и у большинства приложений, есть возможности для улучшения, такие как добавление новых вариантов транскрипции, поддержка дополнительных языков и улучшение алгоритмов обработки ошибок.

Заключение

Разработка автоматизированной системы перевода с кириллицы на латиницу на платформе Android позволяет решить важную задачу для пользователей мобильных устройств. Приложение представляет собой удобный инструмент, который не только ускоряет процесс ввода текста, но и предоставляет гибкие возможности для выбора типа транскрипции. В будущем приложение может быть дополнено новыми функциями, что повысит его функциональность и полезность.

Список литературы

1. Иванов И.И. Перспективы автоматизации языковых процессов // Вестник технологий. – 2022. – №3. – С. 5–12.
2. Сидоров А.А. Методы обработки текста. – М.: Наука, 2020. – 150 с.
3. ГОСТ 7.79-2000. Системы стандартов. Транслитерация кириллицы латиницей. – М.: Изд-во стандартов, 2000.
4. Ким, А. Ю. «Мобильные приложения для обработки текста». СПб: Лань, 2021.

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ:930.2

Кендырканова Айым Аскаровна

1 курс магистранты, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ.

ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бұл мақалада мультимедиялық технологиялардың анықтамасы, тарихы және жасанды интеллекттің тарихи білім берудегі тиімді және тиімсіз жақтары, артықшылықтары мен кемшіліктері талданады. Тарихшы студенттердің болашақ ұстаз және бүгінгі студент ретінде мультимедиялық құралдар көмегімен білім алу мен білім беруге көзқарасы туралы айтылады.

Түйін сөздер: мультимедиялық технология, жасанды интеллект, тарихи білім беру.

В данной статье рассматриваются определения мультимедийных технологий, их история, а также эффективные и неэффективные стороны применения искусственного интеллекта в историческом образовании, его преимущества и недостатки. Обсуждается отношение студентов-историков как будущих преподавателей и нынешних студентов к обучению и преподаванию с использованием мультимедийных инструментов.

Ключевые слова: мультимедийные технологии, искусственный интеллект, историческое образование.

This article examines the definitions of multimedia technologies, their history, as well as the effective and ineffective aspects of applying artificial intelligence in historical education, its advantages and disadvantages. It discusses the attitudes of history students, both as future teachers and current students, towards learning and teaching with the use of multimedia tools.

Keywords: multimedia technologies, artificial intelligence, historical education.

XXI ғасыр заман талабына сай, жаңартылған білім беру бойынша мультимедиялық технологиялар мен жасанды интеллектті білім беру барысында қолдану өзекті тақырыптардың бірі. Мультимедиялық технологиялардың тарихи білім берудегі ерекшелігін талдамас бұрын, «мультимедиялық технологиялардың» анықтамасына тоқтала кету керек.

Мультимедиа технологиялары ақпараттық технологиялардың неғұрлым серпінді дамып келе жатқан және перспективалы бағыттарының біріне жатады. Мультимедиа (ағылш. multimedia латын тілінен multum – көп және medium – құралдар) - пайдаланушыға бірыңғай ақпараттық орта түрінде ұйымдастырылған әртүрлі мәліметтермен (мәтін, графика, анимация, бейне, дыбыс, сөйлеу) интереспінді (диалог) режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені. Интереспінді мультимедияның өте маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Адамдар тек 20% көріп, 30% естиді. Сондай-ақ, көргеннің және естігеннің 50% және олардың көргеннің, естігенінің және бір мезгілде не істеп жатқанының 80% - ы есте қалады [1,б.8].

Мультимедиа технологияларының пайда болу және таралу процесі ақпараттық технологиялардың даму тарихымен тығыз байланысты (зерттеушілердің айтуынша, ақпараттық технологиялар дамуы сөйлеу тілінің пайда болуымен басталып, жазудың ойлап табылуымен жалғасады, шамамен 2350 жыл бұрын). Ақпараттық технологиялардың қазіргі күнге дейінгі даму кезеңдері анықталған [2.б.27]. Мультимедиа технологияларының

кезеңдері зерттеу барысында айқындалмағандықтан, олардың қалыптасуы мен эволюциясындағы негізгі оқиғалар мен жетістіктердің маңыздылығына сүйене отырып, мультимедиа технологияларының бірнеше даму кезеңдерін де бөліп қарастыруға болады.

1. Бірінші кезеңде (1945 жыл – 1960-жылдардың басы) мультимедиа технологияларының пайда болуы басталды, оның идеологиялық алғышарты 1945 жылы американдық ғалым Ваннивер Буш ұсынған «МЕМЕХ» жадын ұйымдастыру концепциясы болды. Бұл концепция ақпаратты оның формальды белгілері бойынша емес, мәні бойынша іздеуді ұсынды. Бұл идея компьютерлік түрде тамаша жүзеге асырылып, гипертекст арқылы дамып, гипермедиа мен мультимедиа жүйелерін құрудың негізі болды [3.б.38].

2. Екінші кезеңде (1960 жылдардың басы – 1975 жыл) мультимедиа қосымшаларын әзірлеу процесі жүріп, олар адам өмірінің көптеген салаларында, соның ішінде білім беру саласында кеңінен қолданылды.

3. Үшінші кезеңде (1975 жыл – 1990 жылдардың басы) мультимедиа технологияларының кең таралуы басталды, оған мәтін, графика, сандық сөйлеу, дыбыстық жазбалар, суреттер, анимациялар, бейне клиптер және т.б. кірді [4.б.102].

4. Қазіргі төртінші кезеңде (1990 жылдардың басы – XXI ғасырдың басы) мультимедиа технологияларының әрі қарай дамуы жалғасуда. Мультимедиа технологиялары адамның барлық іс-әрекет салаларына: ғылымға, өндіріске, басқаруға, білім беруге, мәдениетке толықтай енгенін байқауға болады.

5. Бүкіл әлемді қамтыған экономикалық бәсекелестік кезеңінде білікті мамандарды даярлау өте маңызды. Студенттерде тарихи білімді қалыптастыру үшін мультимедиа технологияларды қолдану тиімді әрі маңызды болып табылады. Дәстүрлі сабақ беру процесі техника дамыған сайын өз өзектілігін жоғалтуда. Тарихи білім беру үдерісінде мультимедиа технологияларды қолданудың тиімді және тиімсіз жақтарын SWOT-анализ арқылы салыстырып көруге болады:


<i>S (Strengths)</i>	<i>W (Weaknesses)</i>
<p>Студенттер күрделі және көлемді тақырыпты видео-материалдар, презентация, аудио-визуалды әдістер арқылы жеңіл әрі тез түсіне алады. Онлайн тапсырмалардың нәтижесінде барлық студенттердің дайындығын бағалап үлгеру, яғни уақытты үнемдеу. Студенттердің шығармашылығы мен сыни ойлау қасиетін дамыту. Мультимедиа құралдары, мысалы, бейнемазмұн, анимациялар, интерактивті тапсырмалар және ойындар, студенттердің қызығушылығын арттырып, оларды оқу процесіне белсенді түрде тартуға көмектеседі. Мультимедиа технологиялар студенттерге ақпаратты тек мәтінмен ғана емес, дыбыс, бейнемазмұн, графика, анимация және интерактивті элементтер арқылы да ұсынады. Бұл әртүрлі оқу стилін ескере отырып, әр оқушыға тиімді тәсілмен ақпарат беру мүмкіндігін арттырады.</p>	<p>Тарих пәні көбінесе ауызша сөйлеу мен тіл байлығын қажет ететін болғандықтан, мультимедиа технологиялар арқылы онлайн тапсырмаларды күнделікті орындау студенттердің ғылыми тілде сөйлеу дағдысының дамуын тежейді. Мультимедиа технологияларын қолдану үшін жоғары сапалы компьютерлер, бағдарламалар және интернет байланысы қажет. Бұл кейбір оқу орындарында немесе отбасыларда жеткілікті ресурстар болмауы мүмкін, нәтижесінде техникалық қиындықтар мен ақаулар орын алуы мүмкін.</p> <p>Ақпараттың артықтығы: Мультимедиа технологиялары көбінесе ақпараттың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, бірақ бұл ақпараттың сапасы мен маңыздылығына әсер етуі мүмкін.</p> <p>Мультимедиа технологиялары көбінесе жеке жұмыс істеуге бағытталған, бұл студенттердің өзара қарым-қатынас жасауы мен топта жұмыс істеу дағдыларының дамуына кедергі келтіруі мүмкін.</p>

<p>Интернет пен мультимедиа технологияларын пайдалану студенттерге әлемнің кез келген жерінен білім ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігін береді (академиялық ұтқырлықпен оқитын студенттер үшін). Оқушылар шетелдік мамандардың лекцияларын, зерттеулерін немесе басқа да білім беру материалдарын пайдалану арқылы өз білімдерін кеңейте алады.</p> <p>Мультимедиалық технологиялар студенттердің жетістіктерін бағалау және кері байланыс алу процесін жеңілдетеді.</p>	
<p>O (Opportunities)</p>	<p>T (Threats)</p>
<p>Мультимедиалық технологиялар топтық жұмыс пен кооперативті оқытуға қолайлы жағдай жасайды.</p> <p>Мультимедиалық технологиялар ерекше қажеттіліктері бар студенттерге де білім алу мүмкіндігін береді. Мысалы, бейнемазмұнды субтитрлермен немесе дауыспен қамтамасыз ету, ерекше қажеттіліктері бар студенттерге оқу процесіне қатысуға көмектеседі.</p> <p>Мультимедиалық платформалар білім алушыларға өздері үшін ыңғайлы уақытта оқу материалына қол жеткізуге және өз оқу қарқынын таңдау мүмкіндігін береді.</p>	<p>Жасанды интеллект еркін қолданыста болғандықтан студенттердің өз ойымен ойлануы, ізденуі азайып бара жатыр.</p> <p>Кітаптардың электронды нұсқасы көбейген сайын, кітапханада ізденіс жасайтын студенттердің санының азаюы.</p> <p>Мультимедиа мазмұнын көп мөлшерде пайдалану, әсіресе экранға ұзақ уақыт қарау, көздің шаршауына, бас ауруларына және басқа денсаулық мәселелеріне әкелуі мүмкін.</p> <p>Интернет арқылы мультимедиа технологияларын қолдану студенттердің жеке мәліметтері мен деректерінің қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді туындатуы мүмкін. Деректердің ұрлануы студенттер мен білім беру ұйымдары үшін қауіпті болуы мүмкін.</p>

Білім беру процесінде мультимедиалық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдану қажеттілік деңгейін анықтау мақсатында. «Alikhan Bokeikhan University» жоғары оқу орынының «Тарих» мамандығының бірінші курс студенттеріне сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде:

Сізге дәріс барысында жаңа тақырыпты меңгеру қалай тиімдірек?


24 ответа



- Мультимедиалық технологиялар арқылы (интерактивті тақта, дыбыс жазу құралдары т.б) жаңа тақырыпты меңгеру
- Дәстүрлі (ауызша)


Семинар сабақтарында жасанды интелект, онлайн тапсырмаларды пайдалану студент үшін пайдалы әрі қызықтырақ болады дегенге келісесіз бе?

24 ответа




Сіз сабаққа дайындалу барысында жасанды интелект пен мультимедиялық технологияларды жиі қолданасыз ба?

24 ответа




Тарихты оқыту барысында заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалану дұрыс па?

24 ответа



Сіз болашақта ұстаз болсаңыз тарих пәнін оқытуда мультимедиялық технологиялар мен жасанды интеллектті қолданар ма едіңіз?

24 ответа



Сауалнама нәтижесінде студенттердің 70% мультимедиялық технологиялар арқылы жаңа ақпаратты жақсы меңгеретінін, 95% жасанды интеллект және онлайн тапсырмаларды пайдалану арқылы өтетін сабақтарды қызықтырақ деп санайды. 75% студенттер тарихты оқыту барысында заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалану дұрыс десе, 25% тарих сабағында көбінесе ауызша талқылаулар болғаны дұрысырақ деп есептейді. Білім алушылардың сабаққа дайындалу барысында кітаптан қарағанда, жасанды интеллект пен мультимедиялық технологияларды жиі қолданатынын байқауға болады. Сонымен қатар, болашақ тарихшы ұстаздар өздерінің алдағы уақытта мультимедиа құралдарын сабақ беру процессінде 100% қолданатындарына сенімді екенін білдірді.

Қорытындылай келе, тарихи білім беруде мультимедиялық технологиялардың мүмкіндігін пайдалану сапалы білім беруде үлкен рөл ойнайтыны анық. Алайда, технология мен дәстүрлі білім арасындағы баланс пен шекараны сақтай білу керек. Қазіргі таңда мультимедиялық әдістер мен платформалар «XXI ғасыр мұғалімінің» біліктілігінің ажырамас бөлігіне айналды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нурпеисова Ж.С. Мультимедиа технологиялары: Оқу құралы – Костанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, 2020. – 112б.
2. Информационные технологии в научной деятельности (курс для аспирантов, соискателей и молодых ученых ТГПУ им. Л.Н. Толстого) / Составители Богатырева Ю.И., Косарев П.А. 2005.
3. Коул Б. Гипертекст решает проблему информационного обслуживания // Электроника, 1990, N 4, с.38-42.
4. Электронный учебник по дисциплине «Использование информационных технологий в социальной сфере» / Автор-составитель Соломатова В.В. - Тула, ТГПУ им. Л.Н. Толстого, 2005.

УДК 929

Нуканова Дильназ Орынбасаровна

магистрантка 2 курса, Alikhan Bokeikhan University, г.Семей

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Бұл мақала Абай Құнанбаевтың тарихи көзқарастарын анықтауға, ақынның еңбектеріндегі XIX ғасырдағы қазақ халқының тұрмыс-жағдайын сипаттауға, заманның ерекшеліктерін сараптауға арналған.

Түйін сөздер: қазақ халқы, тарихи көзқарастары, өлеңдері, қара сөздері.

Данная статья посвящена выявлению исторических взглядов Абая Кунанбаева, описанию быта казахского народа XIX века в трудах поэта, анализу особенностей современности.

Ключевые слова: казахский народ, исторические взгляды, стихи, слова назидания.

This article is devoted to the definition of the historical views of Abay Kunanbayev, the description of the life situation of the Kazakh people in the XIX century in the works of the poet, the analysis of the features of the time.

Keywords: Kazakh people, historical views, poems, words of edification.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Оның өмірін, өмірлік ұстанымдарын, шежіресін, шығармаларын көптеген ғалымдар, жазушылар зерттеді және әлі де зерттеу үстінде. Себебі ақын атаның тілін, жеткізгісі келген терең философиялық ой мазмұнын бақылап түсіну аздап қиындық туғызады. Осыған қарамастан, Абай Құнанбайұлы еңбектерін абайтанушылар философия, педагогика, психология, этимология тұрғысынан барынша қарастырған болатын. Алайда, һәкім Абайдың шығармаларының тарихилығы және де ұлы ақынның тарихи көзқарастары ел назарынан тыс қалып қалды.

Мақалаға арқау болған бұл тақырыпты зерттеуде Абайдың өлеңдері мен қара сөздері қарастырылады.

Абай Құнанбайұлының тарихи көзқарастарын зерттеуді бастамас бұрын, ақынның саяси қоғамдық өмірін, оның көзқарастарының қалыптасуына әсерін тигізген, оны өсірген ортаның саяси және экономикалық халіне тоқтап өту қажет.

Абай өмірінің хронологиялық кезеңі XIX ғасырдың екінші жартысына жатады, яғни орта жүзде хан билігі жойылып, онымен бірге Шыңғыс ханның ұрпақтары саналатын бұрынғы билеуші жоғарғы топ иелері - сұлтандардың құқықтарына қысым жасалған уақыт.

Атап айтылған уақыт мерзімін Әбіш Жиреншиннің «Абай және орыстың ұлы демократтары» еңбегінде бақылап, талдауға болады.

Қазақстанның саяси өмірі 1863-1869 жылғы әкімшілік реформадан кейін мықтап өзгере бастады. Қазақ қоғамының экономикалық жағдайына сәйкес таптық қайшылықтар күшейіп, бұл қайшылықтар әсіресе ру ортасындағы, ел ішіндегі болыс, старшин «сайлауы» кезінде кескілескен күрес, тартыс, талас, атыс, шабу, Құнанбай ауылындағыдай, кісі өлтіруге дейін барып, шегіне жетіп отырды. [1, б. 55]

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамы жайлы мәліметтерді өзінің «Исторические основы эпопеи путь Абая» кітабында Л.М.Ауезова да келтіреді.

Абай өмір сүрген Орта жүз аумағы жаңа әкімшілік құрылымы бойынша аудандарға бөлінді, олардың басында аға сұлтандар тұрды, олардың лауазымы бұрынғыдай мұрагерлік емес, сайланбалы болды. Олар "Ақ сүйек" деп аталатын көшпелі қазақ қауымдастықтарының өздерінен шыққан сұлтандар-чингизидтерге қарағанда, жоғары болып, феодалдық - рулық дворяндардан сайланды.

Қарастырылып отырған уақытта феодалдық - рулық дворяндардың құрамындағы ең ықпалды рулардың басында тұрған және көбінесе орыс дереккөздерінде рулық ақсақалдар деп аталатын билер тұрды.

Экономикалық үстемдік, сот функциялары билерді өздеріне бағынышты руларда артықшылықты жағдайға қойды, бұл оларға жерді басқаруға мүмкіндік берді және олардың рулық ұжымдардың істеріндегі саяси рөлін көтерді.[2, б. 24]

Осылайша, Абайдың ағартушылық идеялары, оның табиғат пен қоғам туралы көзқарастары Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивті ықпалымен, озық орыс мәдениетінің ықпалымен қалыптасты. Абайдың орыс халқының демократиялық ортасынан шыққан прогрессивті идеяларды қабылдауы оның әлемге деген материалистік көзқарасын қалыптастыруда пайдалы әсер етті. Бірақ Абай артта қалған патриархалдық-феодалдық қоғамдық ортада өмір сүрді, онда діни дүниетаным басым болды, мұсылман дінбасылары уағыздаған исламның діни-мистикалық ілімі кең таралды. [3]

Абай тек би ретінде ғана емес, дала заң шығарушысы ретінде де танымал болған. 1885 жылы Чар өзенінің жағасындағы Карамола жерінде (осы жерден құжаттың атауларының бірі – "Чарское ережесі") қазақ тіліндегі алғашқы құқықтық құжаттардың бірі қабылданды, баспаханалық тәсілмен басылып, қазақ халқы арасында таратылды. Ол даланың әдет-ғұрыптары мен заңдарының жиынтығы болды. Семей облысының бірқатар уездерінің жүзден астам шайқастарының төтенше съезінде қабылданды. Семей облысының әскери губернаторының ұсынысы бойынша би Абай съезде төраға болып сайланды (ол кезде ол қырық жаста еді). Бұл құжатты Абай әзірлегені және ол қатысушылардың бірауыздан мақұлдаған 93 баптан (параграфтан) тұратын дайындалған нормативтік актіні жариялағаны туралы деректер бар. [5, б. 62-63]

Бұл нормативтік құжатта патша әкімшілігінің қуғын – сүргінінен қазақ халқын-өз соттарын, өз заңдарын қорғауға, қашырларды делдал және ант қабылдаушы ретінде тартуға, "қырғыз тілінде" метрикалық кітаптарды жүргізуге тиіс ережелер көзделген. [6, б. 67-68]

Жоғарыда келтірілген мәліметтер – Абайдың атқарған қоғамдық қызметінің жартысы ғана. Оның ел басқаруда алынған тәжірибесі өзі өмір сүрген заман тарихын лайықты бағалауға көмегін тигізді. Енді философияның тарихи көзқарастарын анықтау үшін оның шығармашылығына назар аударайық.

«Уә және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді. Уә және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандықтан, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, сол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ». Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі - тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтпін би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе. Ол билерге даугер адамдар қалмай, екеуі екі кісіні билікке тандап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе; егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай, бітім болар еді. [7, б. 381]

Үшінші қара сөзде автордың бұрын сонды байқалмаған ескілікті аңсау, қазақ халқының тарихындағы беделді хандардың заңдарына сүйену, оларды үлгі ретінде ұсыну байқалады. Осының негізінде Абай Құнанбайұлының батыс мәдениетінен қазақ халқы болашағының үмітін іздеген ағартушы бола тұра, ескіліктің жаршысы болғанын анықтаймыз. Осындай болжамды Абайдың отыз тоғызыншы қара сөзі де растайды.

«Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер

едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді».[8, б. 103]

Мұхтар Әуезов ақынның «Бөтен елде бар болса» өлеңінің зерттеп, өзінің «Абай мұрасы жайында» атты мақаласында: «Пәле басы әкімшілік құрылыста, қоғамдық жаманшылықта екенін аша түседі» деп түйін түйеді.

...Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер,
Аз жүрегін жалғайды.

Міне, осы шумақ Абай алғаш рет патшалық Ресейдің әкімшілік аппаратын сынға алғанының дәлелі. Сөйтіп, ақын ел мінезін сынаудан отаршыл билікті сынауға көтерілгенін аңдаймыз, - дейді мақала авторы. [9]

Абай Құнанбаев даладағы ру аралық және феодалдық жанжалдарды сынай отырып, осы кемшіліктерді түсінуде, оларға сыни көзқарасты қалыптастыруда, өз уақыты үшін прогрессивті дүниетаным мен саяси-құқықтық идеяларды насихаттауда ерекше рөл атқарды. Абайдың рулық демократия институттарына деген жанашырлығы қазақ қоғамының кең топтарының әділ жүйесі туралы мүдделер мен түсініктерді көрсетті. "XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ шаруаларының феодалға қарсы және отаршылдыққа қарсы қозғалыстары кездейсоқ емес", - деп жазды А. Н. Тәукелев, - рулық демократияны бекіту үшін, хандардың, сұлтандардың озбырлығына қарсы, сондай-ақ қазақ қоғамының рулық бөлінуін бұзудың отарлау саясатына қарсы күрес ұранымен өтті" [10, б. 97-98]

Ақынның тарихи көзқарастарын түсіну үшін оның тарихи ізденістеріне жүгіну маңызды. Абайды ел істерінен басқа, қазақ халқының төл тарихы қызықтыратын. Бұған дәлел болатын дерек М.Мырзахметұлының «Абай мен Шығыс» атты кітабы.

Абай санасында өткен тарих болмысын танып білудің, меңгерудің екі түрлі жолы болғанға ұқсайды: әуелгісі халық санасында ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан ел аузындағы шежіре тарих, аңыз әңгімелер тобына тірелсе, екіншісі, өткен тарихты білу үшін кітапқа үңіліп, сыншыл ақыл ой елегінен өткізіп барып алған деректер көзімен ұштасады. Бұл жол, әсіресе, Абайдың «Біреді сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін тарихи тақырыпты сөз ететін мақаласында едәуір көрініс берген. [11, б. 155]

«Біреді сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» тарихи тақырып философияның қара сөздерінің қырық алтыншысы болып табылады. Өкінішке орай, ол аяқталмай қалған. Абайдың тарихи ізденістерінің тағы бір мысалы ретінде төмендегі мәліметтерді келтірсек болады:

"Қазақтар-моңғолдардан шыққан халықтардың бірі. Моңғолдардан шыққан біздің шығу тегіміз ұят құбылыс емес, бірақ егер біз ағартушылықсыз, ғылымсыз қалсақ, біз үшін ұят болады", - деп жазады ол. Қазақтар мен басқа да көптеген халықтар Ресей империясының құрамында болған уақыт үшін бұл өте батыл мәлімдеме болды. Өздеріңіз білетіндей, Ресей екі ғасыр бойы татар-моңғолдарға бағынышты болды және осыған байланысты қазақтар моңғолдардан шыққан деген тұжырым ерекше және батыл болды. [12, б. 87]

Б.Майтанов келтірген бұл дерек шынымен Абай атаның тарихи көзқарастарын анық және дәл келтіреді.

Қорытындылай келе, XIX ғасырдың екінші жартысы Ресей империясы астындағы қазақ халқының тұрмысындағы ауқымды өзгерістермен сипатталды.

Сол кезеңдегі қазақ қоғамдық ойы мен әдебиетінің прогрессивті – демократиялық бағыты Абай есімімен байланысты. Ақынның өлеңдері мен қара сөздері сол заманның айнасы – тарихи шындық. Сондықтан қазақ халқының тарихын зерттеуде ұлы ақынның

шығармалары мен ақынның тарихи көзқарастарына жүгіну өте маңызды деген қорытынды ойға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбіш Жиреншин. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. – Алматы: Қазақ Мемлекет баспасы, 1959. – 263 б.
2. Л.М.Ауезова Исторические основы эпопеи путь Абая Издательство: наука Казахской ССР, - Алма-ата 1969. – 316 бет
3. К. Бейсембиев. О ФИЛОСОФСКИХ ВЗГЛЯДАХ АБАЯ КУНАНБАЕВА Жизнь и творчество Абая. Сборник статей // Под редакцией М. Ахинжанова и З. Ахметова. – Алма-Ата: Издательство АН Каз ССР, 1954. – С. 38-64.
4. Законоположение, созданное в Карамоле // Абай и архив. Алматы: «Гылым», 1995. С. 62 – 63.
5. Эреже, составленное на Чарском чрезвычайном съезде в мае месяце 1895 года // Абай и архив. Алматы, 1995. С. 67 – 68. В книге – эреже.
6. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, мен қара сөздер //Редакциялық алқа: С.А. Қасқабасов, Б.Қанапиянов, С.Қирабаев, М.Мағауин. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. – 488 бет.
7. Записки забытого / Шакарим; [Пер с каз. К Серикбаевой, Р. Сейсенбаева]. - Алма-Ата : Жазушы, 1992. - 122 бет.
8. Ілияс Қабылұлы Абай және оның пәлсапасы туралы//Еңбекші қазақ газеті. – Астана, 23 тамыз 2019 ж. [Электронный ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/207241-ehhbeekshi-qazaq-gazeti-abay-dgane-onynh-palsapasy-turaly>.
9. Асан Омаров АБАЙ ОТАРШЫЛ БІЛІКТІ ҚАЛАЙ СЫНАҒАН? 3 тамыз 2016 ж. [Электронный ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/45972>.
10. Таукелев А.Н. Политические взгляды казахского просветителя Абая Кунанбаева //Уч. записки КазГУ им. С.М. Кирова. Т. XLIX. Сер. юр. Вып. 6 Алма-Ата, 1960 – С. 107
11. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс – Алматы: Қазақстан 1994.- 208 б.
12. Б. Майтанов Абай.Тарих, тұлға, уақыт// Шығыстың әйгілі адамдары"сериясы. – Алматы: Аруна, 2004. – 92 б.

УДК 908

Тұрысбекова Еркежан Қазбекқызы

2nd year undergraduate student of

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ Қазақстан , Семей қ.

СЕМЕЙ УЕЗІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бұл жұмыста 19-20 ғасырлардағы Семей уезінің тарихи даму жолы,оның мәдени өмірі мен ағартушылық қызметінің қазақ қоғамындағы орны қарастырылған. Семей уезі Ресей империясының отарлық саясаты жағдайында қалыптасып,географиялық, экономикалық және мәдени тұрғыдан ерекше рөл атқарды.Зерттеу барысында Семей уезінің саяси-әкімшілік құрылымы, сауда және ауыл шаруашылығының дамуы,білім беру және мәдени ағартушылық қызметтің маңыздылығы талданды.

Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы және басқа да көрнекті тұлғалардың шығармашылығы уездің рухани және интеллектуалдық өмірінің негізін қалады. Сонымен

қатар, Семей уезі алаш қозғалысының орталықтарының бірі ретінде қазақ ұлттық идеясының қалыптасуына ықпал етті.

Түйінді сөздер: Семей уезі, мәдени мұра, ағартушылық, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, тарих

В данной работе рассматривается исторический путь развития Семипалатинского уезда 19-20 веков, место его культурной жизни и просветительской деятельности в казахском обществе. Семипалатинский уезд сформировался в условиях колониальной политики Российской империи и сыграл особую роль в географическом, экономическом и культурном плане. В ходе исследования была проанализирована политико-административная структура Семипалатинского уезда, развитие торговли и сельского хозяйства, важность образовательной и культурно-просветительской деятельности. Творчество Абая Кунанбаева, Шакарима Кудайбердиевича и других выдающихся личностей легло в основу духовной и интеллектуальной жизни уезда. Кроме того, Семипалатинский уезд способствовал формированию Казахской национальной идеи как одного из центров движения алаш.

Ключевые слова: Семипалатинский уезд, культурное наследие, просвещение, Абай Кунанбаев, Шакарим Кудайбердиевич, история

This work examines the historical path of development of the Semipalatinsk district of the 19th and 20th centuries, the place of its cultural life and educational activities in Kazakh society. Semipalatinsk uyezd was formed under the conditions of the colonial policy of the Russian Empire and played a special role geographically, economically and culturally. The study analyzed the political and administrative structure of Semipalatinsk district, the development of trade and agriculture, the importance of educational and cultural activities. The work of Abai Kunanbayev, Shakarim Kudaiberdiyev and other outstanding personalities formed the basis of the spiritual and intellectual life of the county. In addition, Semipalatinsk district contributed to the formation of the Kazakh national idea as one of the centers of the Alash movement.

Keywords: semey county, cultural heritage, enlightenment, Abay Kunanbayev, Shakarim Kudaiberdiuly, history

Кіріспе. Семей уезінің тарихын зерттеу қазақ халқының отаршылдық кезеңіндегі өмірін, әлеуметтік құрылымын, экономикалық және мәдени дамуын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу тарихи оқиғалардың себеп-салдарын анықтауға, қазіргі заманғы мәселелердің тарихи негіздерін түсінуге көмектеседі.

Қазақстанның жалпыұлттық тарихындағы маңызды мәселелердің бірі. Бұл өңір тек географиялық ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, және мәдени дамудағы рөлімен де айрықша орын алады. Семей уезі қазақ халқының тарихи дамуының күрделі кезеңдерін, отаршылдық саясаттың ықпалын және ұлттық қозғалыстардың өрбуін бейнелейтін ерекше аймақ болып табылады. Семей уезі Ресей империясының Қазақстандағы отарлау саясатының маңызды орталықтарының бірі болды. Осы аймақ арқылы жергілікті халықтың дәстүрлі тұрмысы мен мәдениетіне әсер еткен жаңа саяси-экономикалық өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, бұл уезд қазақ халқының ұлттық қозғалысымен, әсіресе, Алаш Орда қозғалысының қалыптасуымен тығыз байланысты. Семей өңірі ұлт зиялыларының, соның ішінде Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы және басқа да танымал тұлғалардың өмір сүрген, шығармашылықпен айналысқан мекені ретінде ерекше құнды. Семей қаласы Еуразияның тура жүрегінде орналасқан. Қаланың пайда болуы Қазақстанның Ресейге қосылу тарихымен тығыз байланысты Семей қамалынан басталған. [1, 87 б.]

Негізгі бөлім. Семей уезі алыс-жақын елдерден келетін сауда айналымы ғана емес, ғылым мен мәдениеттің рухани орталығы болған Семей қаласының іргетасы 1718 жылы қаланды. Семей қаласы 1718 жылы Ямышев көлі жанынан салынған бекінісі бой көтерген уақыттан бастап, Семей қаласының дүниеге келген күні болып есептеледі. XIX ғасырда Семей қаласын зерттеуші ғалымдар Миллер, Н.Абрамовтар «Семь палат», «Жеті шатыр» атануына назар аударып, өздеріне дейін жазылған деректерді іздестірді. Оларды оқып, зерттей отырып, бұл өзі қалмақтардың тастан қаланған жеті құрылысы екенін, 1660-1670 жылдары жергілікті феодалдардың өзара шайқасы кезінде бұл құрылыстардың бүліншілікке ұшырағандарын айтып жазған жазған еңбектері бар. Тобыл қаласының архив мекемелерінен әкелінген Семей қаласы туралы құнды мәліметтер Абай мұражайында сақтаулы. «Тобольская губернская ведомости» газетінің 1861 жылғы 11-санында Н.Абрамовтың «Князь Матвей Петрович Гагарин» деген зерттеу еңбегінде Семей қорғанына «Семь палат», «Жеті шатыр» деген аттың берілуін, оны қалмақтар өз тілінде «Зордшинкинд» деп атағанын жазады. 1718 жылы Семей қорғаны салынып біткеннен кейінгі дәуірде Семей аймағына бекіністер салуға жіберген патша өкіметінің адамдары өзара келіспей, жауласқан кездері де болды.[2,234 б]

1715 жылдары Ямышев қорғанына жіберілген полковник Бухгольц бұл аймақтың байлығын өз мақсатына, яғни алтын кенін ашып, өнімін өзі пайдаланған генерал-губернатор князь Гагаринді Петербургке Екатерина патшаға хабарлайды. Оны патша үкіметі тұтқындап, дарға асып өлтіреді.[3, 115б]

1783 жылдан Семей бекінісі уездік қала дәрежесіне көтеріледі. Бұдан кейін 1796-1822 жылдардың арасында Семей уезі Тобыл губерниясы, Омбы облыстарына бағынған кезеңдерді басынан өткізді. Семей уезінің құрылуы Ресей империясының Қазақстандағы отарлау саясатының бір бөлігі ретінде жүзеге асты. Бұл кезеңде қазақ даласында әкімшілік-территориялық басқару жүйесі өзгеріске ұшырап, патшалық билік өз ықпалын кеңейтуді көздеді.[4,11 б]

XIX ғасырда Семей уезінің саяси жағдайы Ресей империясының отарлау саясатына, жергілікті басқару жүйесіндегі өзгерістерге және ұлттық қозғалыстардың өрістеуіне тікелей байланысты болды. Бұл кезеңде Семей уезі Қазақстанның шығысындағы әкімшілік, саяси және экономикалық маңызы бар аймақ ретінде ерекшеленді. Ресей империясы Орта жүздегі хандық билікті жойып, округтік басқару жүйесін енгізді. Семей округі осы реформа нәтижесінде құрылып, Ресейдің бақылауына өтті. Округ басшылығына патша өкіметінің сенімді өкілдері, соның ішінде аға сұлтандар тағайындалды. Аға сұлтандар Ресей билігінің тапсырмаларын орындауға міндетті болды. Семей уезі жаңадан құрылған Семей облысының бір бөлігіне айналды. Уезд басшылары жергілікті тұрғындардан салық жинау, сот жүйесін бақылау және патша саясатын жүзеге асыру қызметтерін атқарды. Бұл реформалар дәстүрлі басқару жүйесін әлсіретіп, жергілікті халықтың наразылығын күшейтті. Ресей билігі Семей уезінде қоныстандыру саясатын жүргізіп, жергілікті қазақтардың жерлерін тартып алып, оны орыс және басқа ұлт өкілдеріне бөліп берді. Бұл отаршылдық саясат қазақтардың мал шаруашылығына нұқсан келтіріп, жергілікті тұрғындардың экономикалық жағдайын нашарлатты.[5,331 б]

Семей уезі қазақ мәдениеті мен ағартушылық тарихында ерекше орын алады. Қазақстанның даңқын асқақтатқан көптеген тамаша, дарынды жазушылар, ақындар, композиторлар, музыканттар, өнер қайраткерлерінің туған жері. Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Әміре Қашаубаев, Мұхтар Әуезов, Тұрсынхан Әбдірахманова, Қайым Мұхамедханов сынды ақын, ақын, жазушылардың есімдері тек біздің республикамызға ғана емес, одан тысқары жерлерге де кеңінен танымал. Бұл аймақ XIX–XX ғасырларда рухани, мәдени және ағартушылық орталық ретінде танымал болды. Мұнда ұлы тұлғалар өмір сүріп, қазақ мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Семей уезінің мәдени өмірі мен ағартушылық мұрасына қатысты көптеген ақпараттар бар.[6,3 б]

Семей өлкесі Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірімен, мұраларымен тығыз байланысты. Абай осы өңірде туып-өсіп, шығармашылықпен айналысты. Оның өлеңдері мен қара сөздері қазақ халқының рухани дамуына үлкен ықпал етті. Абайдың Семейде білім алып, орыс және әлем әдебиетімен танысуы оның дүниетанымын кеңейтті. Семейдегі өлкетану мұражайы мен Абай мұражайы осы мұраны сақтап келеді. Шәкәрім Құдайбердіұлы – Абайдың шәкірті, ойшыл, ақын әрі тарихшы. Ол Семей уезінде ағартушылық қызмет атқарып, қазақ мәдениетінің рухани деңгейін көтеруге күш салды. Шәкәрім өз шығармаларында адамгершілік, білім мен өнердің маңыздылығын ерекше атап өтті.[7, 15 б]

Қорытынды. XX ғасырдың басында Алаш қозғалысының орталықтарының бірі- Семей жері болды. Әлихан Бөкейхан және оның серіктері осы өңірде қазақ халқының саяси және мәдени құқығын қорғауға атсалысты. Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметі ұлттық мәдениет пен ағартушылықты дамытуға бағытталған бағдарламалар ұсынды. Алаш Орда үкіметін Орта Азия аймағындағы ең ықпалды, басты саяси күшке айналдырған қазақ халқының «Ұлттық саяси элитасы» Семейде шоғырланды. XIX ғасырдың соңында Семей уезінде қазақ зиялыларының алғашқы буыны қалыптаса бастады. Әлихан Бөкейхан Семей облысының саяси-экономикалық мәселелерін зерттеп, қазақ халқының құқықтарын қорғауға бағытталған қозғалыстарға қатысты. Семейде алғашқы қазақ баспасөзі мен ағартушылық ұйымдар пайда болды. Ресейдегі бірінші революция Семей уезіне де ықпал етті.

XIX ғасырда Семей уезі саяси жер аударылғандардың қоныс аудару аймағына айналды. Мұнда орыс революционерлері, декабристер және басқа да саяси қайраткерлер жер аударылды. Бұл жағдай жергілікті халыққа орыс мәдениеті мен білімі арқылы ықпал етті. Абай Құнанбаев және ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы мен қоғамдық қызметі Семей уезінде қазақ халқының мәдени және саяси өміріне үлкен әсер етті. Ол қазақтардың саяси және әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін ағартушылық идеяларды насихаттады.

Семейде жұмысшылар мен шаруалар арасында наразылықтар байқалып, патша үкіметінің саясатына қарсылық күшейді. Аймақта патшалыққа қарсы идеяларды насихаттайтын топтар мен ұйымдар пайда болды. Бұл топтар қазақ халқының мүддесін қорғау үшін жұмыс істеді. XIX ғасырда Семей уезінің саяси жағдайы Ресей империясының отарлау саясаты, жергілікті халықтың қарсылығы және қазақ зиялыларының ұлттық сана-сезімін оятуымен ерекшеленді. Уездің саяси өмірі қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресімен және ұлттық қозғалыстардың дамуымен тығыз байланысты болды. Семей уезі осы кезеңде Қазақстанның шығысындағы саяси, мәдени және ағартушылық қозғалыстардың орталығына айналды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенбаев М. Жеті шатыр немесе Семь палат // Семей таңы.-1998.-20 тамыз.-87 б.
2. Бейсембаев М. Семей қаласы қалай салынған? // Семей таңы.-1988.-12 ноябрь.- 234 б.
3. Бейсенбаев М. Ертістің арғы жағы, сол қанаты: (қаланың 270 жылдығына) // Семей таңы.-1988.-1 октябрь.- 115 б.
4. Қазбалинов Т. Генерал-губернатор Колпаковский // Ертіс өңірі.-2005.-3 қараша.-11 б.
5. Қазбалинов Т. Ең алғашқы баспахана // Семей таңы.-2004.-3 қыркүйек.-331 б.
6. Қазбалинов Т. Тарихы бай шаһар // Семей таңы.-2006.-12 қазан.-3 б.
7. Қазбалинов Т. Семейді дамытушылар // Семей таңы.-2006.-10 тамыз.-15 б.

**Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің ғылыми
еңбектерінің №23 халықаралық жинағы**

**Международный сборник научных трудов молодых ученых, докторантов,
магистрантов и студентов №23**

**International collection of scientific papers of young scientists, doctoral students,
undergraduates and students №23**

Международный сборник научных трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и
студентов

Подписано в печать: 20.12.2024 г. Дата выхода тиража: 30.12.2024 г.

Формат 60*84. Бумага офсетная №1.

Печать лазерная Объем: 6,6 усл. печ.л.
Тираж 20 экз. Цена договорная. Семей: АВU